

ТЕҢІЗБАЕВ ТАЛҒАТ ТЕҢІЗБАЙҰЛЫ

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ЭКОЛОГИЯ ҚҰҚЫҒЫ**

**АЛМАТЫ
2012**

УДК 349.6 (075.8)

ББК 67.407я73

Т 34

Оқу құралы аль Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті заң факультетінің Ғылыми кеңесімен мақұлданған.

Рецензенттер:

1. Жетпісбаев Б.А. аль Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу, еңбек құқығы кафедрасының профессоры, заң ғылымдарының докторы.

2. Қуандықов Қ.Ж. - Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті азаматтық құқықтық пәндер кафедрасының доценті, заң ғылымдарының кандидаты,

Теңізбаев Т. Т.

Қазақстан Республикасының экология құқығы: Оқу құралы.

Толықтырылған – Алматы: ТОО «Іргетас», 2012. 97 б.

ISBN 9965-796-27-0

Оқу құралында Қазақстан Республикасының экологиялық құқығы оқу курсының негізгі мәселелері қамтылған. Экологиялық құқықтың пәні мен түсінігі, оның принциптері мен құқықтық реттеу әдістері, экологиялық-құқықтық қатынастардың сипаттамасы берілген. Сондай-ақ, экологиялық-құқықтық бақылаудың нысандары, экологиялық пайдалану институты, экологиялық заңдарды бұзғаны үшін құқықтық жауапкершілік түрлері қарастырылған. Жердің, жер қойнауының, сулардың, атмосфералық ауаның, ормандардың, жануарлар дүниесінің, ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың құқықтық жағдайына қысқаша шолу жасалған.

Оқу құралы жоғарғы заң оқу орындарының және заң факультеттерінің студенттеріне арналады.

УДК 349,6(075.8)

ББК 67.407я73

© Теңізбаев Т. Т., 2012

ISBN 9965-796-27-0

М а з м ұ н ы

Алғы сөз.....	5
1.Экологиялық құқықтың пәні, құқықтық реттеу әдістері.....	6
2. Экологиялық құқық кешенді құқық саласы ретінде	11
3.Экологиялық құқықтың принциптері	18
4.Экологиялық құқықтың қайнар көздері.....	23
5.Табиғи ресурстарға меншік құқығы.....	32
6.Экологиялық пайдалану құқығы.....	37
7 Қоршаған табиғи ортаны экологиялық пайдалануды және қорғауды мемлекеттік реттеу.....	42
8.Табиғи ресурстар кадастры.....	47
9.Экологиялық бақылаудың ұйымдастырушылық-құқықтық нысандары.....	50
10.Экологиялық заңдарды бұзғаны үшін құқықтық жауапкершіліктің түсінігі, ерекшеліктері және түрлері.....	63
11.Жерлердің экологиялық-құқықтық жағдайы.....	70
12.Жер қойнауының экологиялық-құқықтық жағдайы.....	76
13.Сулардың экологиялық-құқықтық жағдайы.....	78
14.Ормандардың экологиялық-құқықтық жағдайы.....	82
15.Жануарлар дүниесін пайдаланудың және қорғаудың экологиялық-құқықтық жағдайы.....	85
16.Атмосфералық ауаны экологиялық-құқықтық қорғау.....	88

17.Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың экологиялық-құқықтық жағдайы	90
Қорытынды.....	94
Қолданылған әдебиеттер тізімі.....	96

Қоршаған орта адам баласының тіршілік ететін ортасы, байлығының негізгі көзі болып табылады. Сол себепті, қоршаған орта қорғауды және күтімді қажет етеді. Соңғы жылдары елімізде қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды тиімді пайдалану жөніндегі шаралар іске асырылуда. Бұл мемлекеттің негізгі және аса маңызды міндетіне айналды. Қоршаған ортаның сапасын сақтап қалу табиғи ресурстарды тиімді пайдаланумен тығыз байланысты. Сондықтан да қоршаған ортаны қорғауды және табиғат пайдалануды құқықтық реттеудің өзекті мәселелері мемлекеттің және қоғамның алдында тұрған, шешімі қазіргі және болашақ ұрпақтың мүддесін көздейтін шаралардың жүзеге асырылуын қажет етеді.

Қоршаған ортаны қорғаудың маңыздылығы заң жоғарғы оқу орындарында және заң факультеттерінде «Экологиялық құқық» оқу пәнін оқытумен де түсіндіріледі. Жоғарғы оқу орындарында экологиялық құқықты оқыту болашақ заңгерлерді дайындаумен шектеліп қоймай, студентті экологиялық тұрғыда тәрбиелеуді, экологиялық мәдениетті қалыптастыруды мақсат тұтады.

Біз ұсынып отырған «Экологиялық құқық» оқу құралы жоғары кәсіптік білім беру мемлекеттік стандартының талаптарына сай орындалған. Оқу құралын дайындау барысында жоғарғы оқу орындарының заң факультеттерінің және жоғарғы заң оқу орындарының оқу жоспарымен көзделген «Экологиялық құқық» курсы бойынша оқу бағдарламасы негізге алынды. Оқу құралының құқықтық негізіне егеменді еліміздің қоршаған ортаны қорғау саласындағы нормативтік-құқықтық актілер алынған. Қазақстан Республикасының Конституциясын, қоршаған ортаны қорғау туралы заңдарды және экологиялық нормалармен тығыз байланысты басқа да нормативтік актілерді талдау экологиялық қатынастарды құқықтық реттеуді толық әрі мұқият зерттеуге мүмкіндік береді.

Оқырманға ұсынылып отырған оқу құралында жасалған талдау жұмыстарының шегінде экологиялық құқықтың ұғымы, құқықтық реттеу пәні және әдістері, экологиялық құқықтың мазмұны мен құрылымы жөнінде түсінік алуға болады.

Қазіргі уақытта экологиялық құқық нормаларын және экологиялық заңнаманы заңгер ғана емес, кәсіпорын басшысы да, жеке кәсіпкер де, тіпті кәсіпорынның бірқатар лауазымды қызметкерлері де білуі міндетті. Адам мен қоршаған орта арасындағы арақатынастың дамуы

экологиялық құқықтық реттеудің дамуын, экологиялық заңдардың жетілдірілуін қажет етеді. Мұндай жағдайда қатардағы азаматтың экологиялық құқық негіздерінен хабардар болуы нарықтық экономикаға бет бұрған егеменді еліміз үшін орасан зор бетбұрыс болмақ. Ал, заңгердің экология саласындағы заңдарды біліп қана қоймай, құқық нормасын талдап, тәжірибеде қолданарлық қабілетінің болуы оң нәтиже әкелері анық.

Экологиялық құқықпен танысу және оны зерттеу көптеген қиындықтар тудырады. Солардың бірі – көп мөлшердегі нормативтік-құқықтық актілердің болуы және кейбір жағдайларда олардың бір-біріне сәйкестендірілмеуі, әрі карама-қайшы келуі. Сондай-ақ, экологиялық құқықтың бірқатар мәселелері әлі де болса шешімін таппаған және құқықтық әдебиеттерде жеткілікті дәрежеде талқыланбаған.

Оқу құралы экологиялық құқық курсының жалпы және ерекше бөлімдерінің институттарын қамтиды. Оқырмандардың ішінде авторлардың пікірімен немесе көзқарастарымен келіспейтін және «мұндай пікір дұрыс емес» деп айтатындар да кездесуі ықтимал. Сондықтан да оқу құралының авторы өздерінің ескертулері мен ойларын жеткізетін ізденушілерге алдын-ала алғысын білдіреді.

1. Экологиялық құқықтың пәні, құқықтық реттеу әдістері

Экологиялық құқықтың пәні. Жеке құқық саласының қалыптасуы үшін құқық жүйесінде төрт шарт орындалуы қажет екендігі белгілі. Олар: осы құқық саласын құруда мемлекеттің мүдделі болуы, жеке-дара құқықтық реттеудің пәні болып табылатын қоғамдық қатынастардың ерекшелігінің нақты көрінуі, құқықтық реттеудің ерекше әдістерінің қажеттігі, осы салаға сәйкес, ерекше қайнар көздерінің болуы. Аталған шарттардың ішінде арнайы құқықтық реттеу пәнінің болуы негізгі шарт болып табылады. Құқық теориясында құқықтық реттеудің пәні құқықтық нормаларды белгілі бір құқық саласы ретінде бөліп алудың негізі деп саналады. Құқықтық реттеудің пәні құқық саласының жүйесін қалыптастыратын фактор. Құқықтық реттеудің пәнін дұрыс анықтап алу құқықтық нормаларды дұрыс қолданудың міндетті шарты болып табылады. Құқықтық реттеудің пәні дегеніміз басқа құқық саласының пәнін құрайтын қоғамдық қатынастардан ажыратылатын, белгілі бір қоғамдық қатынастар

жиынтығы. Ресейлік заңгер, заң ғылымдарының докторы, профессор М.М.Бринчуктың айтуынша, «өзіміз қарастырып отырған салада құқықтық реттеудің объектісі қоршаған орта және оның жеке элементтері, сондай-ақ, олармен тығыз байланысты адамның мүдделері болғандықтан, оның пәні қоршаған орта және табиғат жөнінде туындайтын қоғамдық қатынастар болып табылады»¹. «Бүгіндей алғанда, экологиялық қатынастар дегеніміз - органикалық және тұрақты бірлікте болатын қатынастардың біртекті жиынтығы,» - дейді М.М.Бринчук. Ал, В.В.Петровтың пікірінше, «экологиялық құқықтың пәні қоғам мен табиғаттың өзара қатынастары саласында қалыптасатын қоғамдық (экологиялық) қатынастар»². В.В.Петров қоғамдық экологиялық қатынастарды екі топқа бөледі: салалық және кешенді қатынастар. Салалық экологиялық қатынастар – жерді қорғау, жер қойнауын қорғау жөніндегі, орман қорғау, су қорғау, атмосфералық ауаны, жануарлар әлемін қорғау жөніндегі қатынастар, ал, кешенді экологиялық қатынастар – табиғи-қорықтық қорды, емдеу-сауықтыру, рекреациялық зоналарды, табиғи аумақтар мен кешендерді қорғауға қатысты, -дейді.

Заң ғылымдарының докторы, профессор Борис Владимирович Ерофеев «экологиялық құқықтың пәні жаңа табиғи сападағы экологиялық қоғамдық қатынастар болып табылады»³, -дейді. Осы қатынастардың ерекшеліктерін мыналармен түсіндіреді:

1) Атаулы қоғамдық қатынастар тарихи сипатқа ие. Олардың тарихи сипаты мыналармен шартталады: а) табиғатты тиімсіз пайдалану нәтижесінде табиғатты пайдаланудан гөрі оны қорғау басым болып отырған тарихи жағдай; б) қазіргі тарихи дәуірде адамзаттың мүмкіндігі өндірістік күштердің даму деңгейімен және халықаралық қызметтестіктің жағдайымен шектеледі. Экология саласында және қоршаған ортаны қорғауды техникалық қамтамасыз етуде халықаралық қызметтестік пайда болады: алға кеткен дамыған елдер артта қалған елдерге қол ұшын беруі керек.

2) Атаулы қоғамдық қатынастар өндірістік сипатқа ие және қайта өндірудің экономикалық процесінің төрт фазасында да: өндірісте, өнімді белуде, айналымға жіберуде және тұтынуда болады.

¹ Бринчук М.М. Экологическое право. Москва, Юристъ, 2002, С.62.

² Петров В.В. Экологическое право России, Издательство Бек, Москва, 1995, С.55-56.

³ Ерофеев Б.В. Экологическое право, Москва, Юриспруденция, 1999, С.51.

3) Экологиялық қатынастардың субъектілерінің құрамы ерекше (жеке тұлға, ұйымдар, мемлекет). Бұл қатынастардың барлығында халықтың атынан және халықтың мүддесі үшін мемлекет әрекет етеді.

4) Экологиялық құқықтық қатынастар тікелей мақсаттардан басқа ерекше мақсаттарды көздейді, дәлірек айтсақ:

а) табиғи ресурстарды пайдалану барысында оларды сақтап қалу немесе сақтап қалуды қамтамасыз ету;

б) табиғи ресурстарды пайдалану барысында оларды жақсартып отыру. Мысалы: егістік жерлерді пайдалану барысында жер пайдаланушылар топырақтың құнарлығын арттырып отыруы тиіс;

в) бұзылған табиғи объектілерді қалпына келтіру. Мысалы: ағаш кесумен қатар ағаш отырғызу немесе балық аулаумен қоса балық өсіру.⁴

«Табиғи ресурстарды сақтап қалу, жақсарту және қалпына келтірумен қатар оларды тиімді пайдалану негізгі екі бағытта жүреді. Олар: 1) табиғи ресурстарды тиімді пайдалану; 2) пайдаланылатын табиғи ресурстардың пайдалы қасиеттерін тиімді пайдалану»⁵, - дейді Б.В.Ерофеев .

Демек, «экологиялық қоғамдық қатынастарды – табиғи объектілерді – экологиялық жүйені және адамның денсаулығына, қызмет ету жағдайына, өмірінің сапасына ықпалын тигізетін басқа да материалдық объектілерді сақтап қалуға, жақсартуға, қалпына келтіруге және тиімді пайдалануға бағытталған, тарихи түрде қалыптасқан өндірістік қатынастар» - деп анықтама берген Б.В.Ерофеев, экологиялық құқықтың пәні – азаматтар мен ұйымдардың арасында болатын, міндетті түрде мемлекет қатысатын, табиғи ресурстарды сақтап қалу, жақсарту, қалпына келтіру және тиімді пайдалану жөніндегі экологиялық-құқықтық нормалардың күші бар салада қалыптасатын өндірістік қатынастар»⁶ - деп тұжырым жасайды.

Экологиялық құқықтың құқықтық реттеу әдістері. Экологиялық құқық құқық саласы ретінде қоғам және табиғат арасындағы бірқалыпты қарым-қатынастарға қол жеткізу мақсатында экологиялық қоғамдық қатынастарды ерекше әдістермен реттейтін құқықтық нормалардың жүйесін білдіреді.

Экологиялық құқықтың қоғам мен табиғаттың үйлесімділігіне қол жеткізуге бағытталған тәсілдері құқықтық реттеу барысында табиғатқа

⁴ Там же. С.51-52.

⁵ Ерофеев. Б.В. Экологическое право, Москва, Юриспруденция, 1999, С.52

⁶ Ерофеев. Б.В. Экологическое право, Москва, Юриспруденция, 1999, С.52.

да, қоғамға да қатысты заңдылықтардың сақталуына негізделеді. Заң шығарушы осы факторды ескере отырып экологиялық қоғамдық қатынастарға құқықтық ықпал ету тәсілдерін таңдайды.

Экологиялық құқықтың құқықтық реттеу әдістерінің ерекшелігі оның пәнінің ерекшелігімен шартталады. Сондықтан экологиялық құқықтың пәнін құрайтын экологиялық қоғамдық қатынастардың кешені оның құқықтық реттеу әдістерінің комбинациясымен көрінеді. Құқықтық реттеу әдістері қоғамдық қатынастарға мемлекет тарапынан құқықтық ықпал ету тәсілдері. Құқық теориясында әкімшілік-құқықтық және азаматтық-құқықтық әдістер кең танымалы. Әкімшілік-құқықтық реттеу әдісі көбінесе жария құқық салаларында қолданса, азаматтық-құқықтық әдіс жеке құқық салаларында қолданылады. Әкімшілік-құқықтық әдіс тараптардың теңсіздігі жағдайынан туындайды және тиісінше, рұқсат беру, нұсқау, тиым салу сияқты шаралармен тығыз байланысты болады. Демек, тараптар тең емес жағдайда, яғни, әкімшілік құқықтық қатынастарға қатысушылар арасында билік және бағыну қатынастары қалыптасады. Азаматтық-құқықтық реттеу әдісі құқықтық қатынастың тараптарының теңдігіне негізделеді. Азаматтық-құқықтық қатынастарда оған қатысушы тараптар тең құқылы субъектілер ретінде, бір-біріне тәуелсіз жағдайда болады. Олар екіарада жасалатын келісім-шартта заңмен көзделген шектерде өздерінің құқықтарын және міндеттерін өздері анықтай алады. Қазіргі уақытта экологиялық құқықта құқықтық реттеудің екі әдісі бірдей қолданылады. Бірақ, нарықтық қатынастарға өту барысында осы құқық саласында азаматтық-құқықтық реттеу әдісінің неғұрлым жиі қолданылып жүргенін атап кеткен жөн. Сонымен қатар, соңғы кезде ықпал етудің экономикалық әдісінің маңызы арта түсуде. Ықпал етудің экономикалық әдісі шаруашылық жүргізуші субъектілердің табиғи ресурстарды тиімді пайдалануына және қорғауына материалдық мүддесі арқылы қоршаған ортаны қорғауға ықпал ету. Бұл әдіс бәрінен бұрын табиғат пайдаланушыларға қатысты қолданылады. Негізгі экономикалық реттеу (ықпал ету) әдістеріне салық салу (мысалы: жер салығы), қоршаған ортаны ластағаны үшін ақы төлеу. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы экономикалық реттеу (ықпал ету) әдісі О.С.Колбасовтың және В.В.Петровтың еңбектерінде кездеседі. Экономикалық реттеу әдісінің мақсаты экологиялық қатынастарға қатысушыларды экономикалық жағынан тиімді, экологиялық жағынан қауіпсіз шаруашылық қызметті іске асыруға ынталандыру болып табылады.

«Экологиялық құқықта қоғам мен табиғаттың үйлесімділігін қамтамасыз етуге бағытталған экологияландыру әдісі басты орын алады»⁷ - дейді заң ғылымдарының докторы, профессор Б.В.Ерофеев. Құқықтың пәні мен әдісі біртұтас сипатта болуы қажет. Б.В.Ерофеевтың айтуынша, ықпал ету тәсілдерінің реттелетін қоғамдық қатынастардың мазмұнынан алшақ болуы құқықтық реттеудің тиімділігіне теріс әсерін тигізеді, демек, осы алшақтауды болдырмас үшін экологияландыру әдісі қолданылады.⁸ Экологияландыру әдісі (бұл ұғымды В.В.Петров снгізген болатын) төмендегідей элементтерден тұрады:

- 1) Күші бар заңдарда экологиялық және экономикалық маңызы бар, құқықтық реттеуді және қамтамасыз етуді қажет ететін экологиялық жүйе элементтерін бекіту;
- 2) Табиғи ресурстарды пайдалануды реттейтін, елдің экологиялық жүйесінің сақталуын бақылайтын органдардың құрылымын заңдарда бекіту;
- 3) Экологиялық пайдаланушылар шеңберін, сондай-ақ, экология жүйесіне ықпал ететін тұлғаларды заңдарда бекіту;
- 4) Экологиялық пайдаланудың нақты тәртібін белгілеу: бір жағынан экологиялық пайдаланушының құқықтық мәртебесімен, екіншіден, экологиялық пайдаланудың объектісінің ерекшелігімен шартталады;
- 5) Экологиялық пайдалану ережелерін бұзғаны үшін құқықтық жауапкершілікті бекіту.

Осы аталған бес элемент экологиялық құқықтың әдісінің мазмұнын құрайды. Демек, экологиялық құқықтың әдісі дегеніміз – елдің экологиялық жүйесінің элементтерін заңды түрде бекіту арқылы экологиялық қоғамдық қатынастарға құқықтық ықпал ету тәсілдері.

Пысықтауға арналған сұрақтар:

1. Құқықтық реттеу пәні дегеніміз не.
2. Экологиялық құқықтың құқықтық реттеу пәнін сипаттаңыз.
3. Экологиялық құқықтың құқықтық реттеу әдістерін атаңыз.
4. Экологияландыру әдісінің қысқаша сипаттамасы.

⁷Ерофеев.Б.В.Экологическое право.Москва.Юриспруденция,1999,С.53.

⁸Ерофеев.Б.В.Экологическое право.Москва.Юриспруденция,1999,С.53

2. Экологиялық құқық кешенді құқық саласы ретінде

Экологиялық құқық құқық жүйесіндегі кешенді құқық саласы болып табылады. Экологиялық құқықты жер, су, орман құқығы, атмосфералық ауаны қорғау және жануарлар әлемін қорғау құқығы сияқты жеке құқық салаларын қамтитын кешенді құқық саласы ретінде қарастырамыз. Бірақ, құқықтық әдебиеттерде экологиялық құқықты құқық саласы деп тану туралы мәселе талас тудырады. Мысалы, Н.И.Матузов және А.В.Малько өздерінің «Теория государства и права» еңбегінде (Москва, 1996. С. 362-367) жер құқығын ғана атап өтеді және орман құқығы мен су құқығы оның бір саласы, ал, кешенді құқық саласы ретінде табиғат қорғау құқығы болады деп көрсетеді. Б. В. Ерофеев экологиялық құқықтың жеке құқық саласы ретінде туындауы үшін барлық шарттар бар және олар: осындай құқық саласын құруға мемлекеттік мүдденің болуы; жеке реттеудің пәнін құрайтын реттелетін қоғамдық қатынастардың ерекшелігінің анық көрінуі; құқықтық реттеудің ерекше әдісінің қажеттігі; ерекше қайнар көздерінің қажеттігі немесе болуы деп жазады.⁹ Бірақ, Экологиялық құқықтың жеке құқық саласы екендігін дәлелдемек болған Б.В.Ерофеев экологиялық құқық құқық саласы ретінде әлі толық қалыптасып біткен жоқ, ол әлі даму үстінде, дейді.¹⁰ В.В.Петров экологиялық құқықтың көріну нысандарының өзара қатынасын талдау негізінде құқық саласының неғұрлым толық анықтамасын ашуға болады және экологиялық құқықты қоғам мен табиғаттың ара қатынасы саласындағы қатынастарды реттейтін нормалар мен құқықтық қатынастардың жиынтығы,- деп түсіндіреді.¹¹ М. М. Бринчук «қоршаған орта құқығы (экологиялық құқықтың) ұғымын қазіргі құқық теориясы тұрғысынан анықтау қажет және құқық құқықтық мемлекетті құру құралы ретінде қызмет ететіндігін ескерген дұрыс»¹² - дейді. М.М.Бринчук қоршаған орта құқығын (экологиялық құқықты) жер құқығын, су құқығын, орман құқығын, тау құқығын, атмосфералық ауаны қорғау құқығын және жануарлар әлемін қорғау құқығын біріктіретін кешенді құқық саласы деп сипаттайды. Бірақ, қоршаған орта құқығының (экологиялық құқықтың) кешенділік сипаты дәл осы жағдаймен анықталмайтындығын, яғни, экологиялық қоғамдық қатынастар экологиялық

⁹ Ерофеев.Б.В.Экологическое право.Москва.Юриспруденция,1999,С.46

¹⁰ Ерофеев.Б.В.Экологическое право России.М.,1998.С.4

¹¹ Петров В.В.Экологическое право России.Бек,Москва,1995.С.62.

¹² БринчукМ.М.Экологическое право.Москва.Юрист.2002.С.75.

құқықтың нормаларымен ғана реттеліп қоймай, азаматтық құқық, конституциялық құқық, әкімшілік құқық, қылмыстық құқық, кәсіпкерлік құқық, қаржылық құқық, аграрлық құқық сияқты құқық салаларының нормаларымен де реттелетіндігімен анықталатындығын көрсетеді.¹³ Теория жүзінде құқық құқықтық нормалардың, қоғамдық қатынастардың және құқықтық идеялардың жиынтығы ретінде қарастырылады.

В.Д.Ермаковтың және А.Я.Сухаревтың пікірінше, кез келген құқық саласының белгілеріне мыналар жатады: құқық саласының болуына мемлекеттік және қоғамдық қажеттілік, арнайы пәні мен әдісі, қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеудің принциптері, дараланған заңнама және ерекше қайнар көздері. Аталған белгілердің барлығы экологиялық құқыққа да тән. Сондықтан да олар экологиялық құқықты жеке құқық саласына жатқызады. Құқық саласы ретінде экологиялық құқық қоғам мен табиғаттың арақатынасы барысында қалыптасатын экологиялық қоғамдық қатынастарды реттейтін құқықтық нормалардың жиынтығын білдіреді, - деп жазады.¹⁴

С.Б.Байсалов, Д.Л.Байдельдинов, А.Е.Еренов, Н.Б.Мухитдинов, Ә.С.Стамқұлов сияқты қазақстандық көрнекті заңгер-ғалымдар экологиялық құқықты кешенді құқық саласы ретінде қарастырады. Заң ғылымдарының докторы, профессор Ә.С.Стамқұлов экологиялық құқықты қоғам мен табиғаттың арақатынасы саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейтін құқықтық нормалардың жиынтығын білдіретін маңызды құқық саласы және атаулы сала бірнеше құқық салаларының пәнін біріктіретін құқық саласы болып табылады, - дейді.¹⁵

Құрамына жеке құқық салалары болып табылатын жер құқығы, су құқығы, тау құқығы, орман құқығы, атмосфералық ауа құқығы, жануарлар әлемін қорғау құқығы кіретін экологиялық құқықтың кешенділік сипаты экологиялық қатынастарды реттеу үшін басқа құқық салаларының әдістерінің қолданылуымен де түсіндіріледі, - деп жазады заң ғылымының докторы, профессор Д.Л.Байдельдинов өзінің «Экологическое законодательство Республики Казахстан» еңбегінде (Жеті жарғы, 1995.С.9). Ал, ресейлік заңгер М.М.Бринчук «экологиялық құқықтың кешенділік сипаты қоғамдық экологиялық қатынастардың

¹³ Бринчук.М.М.Экологическое право.Москва.Юрист.2002.С.74.

¹⁴ Экологическое право России \ Под ред.В.Д.Ермакова и А.Я.Сухарева.М.1997.С.35

¹⁵ Стамқұлов.А.С.Особенности преподавания курса советского земельного права и правовой охраны природы в вечерне-заочном юридическом институте: Методическая работа в КазГУ. Алма-Ата,1979.

экологиялық құқық нормаларымен ғана емес, басқа құқық салаларындағы нормалармен де реттелуімен анықталады», деп есептесе¹⁶, қазақстандық көрнекті заңгерлердің бірі С.Т.Культелеев «кешенді құқық саласы арнайы экологиялық институттарды және нормаларды ғана қамтып қоймай, басқа құқық салаларының экологиялық функциялар атқаратын институттарын және нормаларын қамтиды», - деп толықтырады.¹⁷

Экологиялық құқықтық қатынастар. Экологиялық құқықтық қатынастар дегеніміз – қоғам және табиғат арасында туындайтын және экологиялық құқық нормаларымен реттелетін қоғамдық қатынастар. Кез келген құқықтық қатынас құқық нормасының әрекетін, оның практикада іске асырылуын білдіреді. Экологиялық құқықтың нормалары адамның қоршаған ортаны пайдалану және қорғау барысындағы жүріп-тұру ережелерін бекітеді. Атаулы нормалар әдетте, заңдармен көзделеді және тұтастай алғанда экологиялық заңнаманы құрайды. Экологиялық құқықтың нормалары іске асырылмай қалса, жай декларация түрінде қалып қояды. Сондықтан да экологиялық құқықтың бар болуының қажетті нысаны құқықтық қатынас, яғни, экологиялық құқықтың нормасын іске асырумен, қолданумен б: Яланысты туындайтын қатынастар болып табылады. Бірақ, кез келген құқықтық қатынас, соның ішінде, экологиялық құқықтық қатынас құқық нормасы мазмұнының көшірмесі бола алмайды. Іс жүзінде құқықтық нысанға айналардан бұрын қоғамдық қатынастар оның мазмұнын өзгертетін, жақсартатын немесе нашарлататын факторлардың ықпалына ұшырайды. Алайда, оған қарамастан құқықтық қатынастар экологиялық құқықтың көрінісінің нысаны ретінде осы құрылымның қажетті элементі болады. Демек, экологиялық құқықтық қатынастар экологиялық қатынастардың құқықтық нысаны болып табылады. Экологиялық құқықтық қатынастардың негізгі аспектісі нақты құқықтар мен міндеттер иеленетін субъектілердің өзара қатынасы. Сондықтан да кез келген экологиялық құқықтық қатынасқа жариялық сипаты тән. «Экологиялық құқықтық қатынастарды топтастыруды бәрінен бұрын экологиялық қоғамдық қатынастардың түрлері бойынша жасаған дұрыс», - дейді Ерофеев Б. В. және экологиялық құқықтық қатынастарды мынадай түрлері бойынша топтастырады: Экологиялық пайдалануды мемлекет-

¹⁶ Бригуч М.М. Экологическое право. Москва. Юрист. 2002. С. 74.

¹⁷ Культелеев С.Т. Экологическое право РК. Перспективы развития. Материалы заседания круглого стола. Алматы. 1996. С. 37

тік реттеу аясында қалыптасатын экологиялық құқықтық қатынастар; Табиғи ресурстарға меншік құқығын іске асыру аясында қалыптасатын экологиялық құқықтық қатынастар; Жерге және онда орналасқан табиғи ресурстарға заттай құқықты іске асыру аясында қалыптасатын экологиялық құқықтық қатынастар.¹⁸ М.М.Бринчук қоғам мен табиғаттың өзара қатынасы аясындағы адам мен азаматтың мүдделерін және қажеттілігін ескере отырып, қоршаған орта саласындағы қатынастарды: табиғи объектілерге және ресурстарға меншік қатынастары; табиғат пайдалану жөніндегі қатынастар; әр түрлі ықпал ету нысандарынан қоршаған ортаны қорғау жөніндегі қатынастар; заңды және жеке тұлғалардың экологиялық құқықтарын және заңды мүдделерін қорғау жөніндегі қатынастар деп бөледі.¹⁹

Осы аталған қоғамдық қатынастардың барлық түрлерін реттеудің негізгі мақсаты және міндеті - қоршаған ортаның қолайлы жағдайын сақтап қалу немесе оны қалпына келтіру.

Құқықтық қатынастарды топтастыру алуан түрлі негіздер бойынша іске асырылуы мүмкін. Д.А.Булгакова өзінің «Теория государства и права» оқу құралында (Алматы, 2004) жалпы құқықтық қатынастарды былайша топтастырады:²⁰

Салалық белгілері бойынша конституциялық-құқықтық, әкімшілік-құқықтық, азаматтық-құқықтық және т.с.с.; сипатына қарай материалдық (қаржылық, еңбек және т.б.) және процессуалдық (қылмыстық - процессуалдық, азаматтық - процессуалдық және т. с. с.);

Құқықтың міндеті бойынша – құқық нормаларының немесе шарттың негізінде пайда болатын реттеуші құқықтық қатынастар және мемлекеттік күштеумен, құқықтық жауапкершілікті жүзеге асырумен байланысты қорғаушы құқықтық қатынастар;

Қатысушылардың құрамына қарай – екі субъектінің арасында туындайтын жай және бірнеше субъектілер арасында туындайтын күрделі құқықтық қатынастар;

Субъектілердің анықтылығы деңгейіне қарай – субъективті құқықты иеленуші бір ғана тарап анық болатын абсолютті және тараптардың екеуі де анықталған, әрі бір-біріне қатысты құқықтар мен міндеттерді иеленуші болып танылатын салыстырмалы;

¹⁸ Ерофеев Б.В. Экологическое право. Москва. Юриспруденция. 1999. С.89-90.

¹⁹ Бринчук М.М. Экологическое право. Москва. Юрист. 2002. С.63.

²⁰ Булгакова, Д.А. Теория государства и права. Учебное пособие. Алматы. Юрид. литература. 2004. С.81-82.

Жалпы және нақты құқықтық қатынастар. Жалпы құқықтық қатынастар тікелей заңнан туындайды, ал нақты құқықтық қатынастар заңды аяқтардың негізінде пайда болады.

Қай салада қалыптасатындығына қарамастан экологиялық құқықтық қатынастар материалдық және процессуалдық, реттеуші және қорғаушы деп бөлінеді. Материалдық экологиялық құқықтық қатынастар экологиялық-құқықтық қорғаудағы нақты материалдық объекті жөнінде қалыптасады. Процессуалдық экологиялық құқықтық қатынастар қоршаған ортаны қорғау қызметінің тәртібін қамтамасыз ету барысында туындайды. Реттеуші экологиялық құқықтық қатынастарға қоршаған ортаны қорғау жөніндегі шараларды жүзеге асыру саласында қалыптасатын қатынастарды, ал, қорғаушы экологиялық құқықтық қатынастарға қоршаған ортаны қорғау жөніндегі заңмен белгіленген ережелерді орындамағаны үшін жауапкершілікті қолданумен байланысты қатынастарды жатқызамыз.

Экологиялық құқықтық қатынастардың объектілері және субъектілері. Экологиялық құқықтық қатынастардың өзіне тән ерекше белгілері бар. Осы ерекшеліктер бірінші кезекте құқықтық қатынастың объектісіне байланысты туындайды. Құқықтық қатынас белгілі бір материалдық объектіге немесе тәртіпке қатысты пайда болуы мүмкін. Экологиялық құқықтық қатынастардың объектісі табиғи ресурстар, дәлірек айттар болсақ, жеке табиғи ресурстар: жер, жер қойнауы, орман, жануарлар әлемі, атмосфералық ауа болып табылады. Қорықтар, ұлттық табиғи парктар, қорықшалар (заказниктер), табиғат ескерткіштері, емдеу-сауықтыру аумақтары да заңдармен көзделген жағдайларда экологиялық құқықтық қатынастардың объектісі болады. Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінде «қоршаған ортаны қорғау объектілеріне жер, жер қойнауы, жер үсті және жер асты сулары, атмосфералық ауа, ормандар мен өзге де өсімдіктер, жануарлар дүниесі, тірі организмдердің гендік қоры, табиғи экологиялық жүйелер, климат және Жердің озон қабаты жатады», ал, «ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мен мемлекеттік табиғи қорық қорының объектілері айрықша қорғалады» деп бекітілген. М.М.Бринчук қоршаған ортаны қорғау жөніндегі қатынастарды сипаттау барысында қорғау объектілері мәселесін анықтап алған жөн, - дейді. Ол Ресейдің «Қоршаған табиғи ортаны қорғау туралы» заңына сүйене отырып, қорғау объектілерін: 1) табиғи экологиялық жүйелер, атмосфераның озон қабаты; 2) жер, оның қойнауы, жер бетіндегі және жер асты сулары, атмосфералық ауа, ормандар мен жануарлар әлемі, микроорганизмдер, генетикалық қор,

табиғи ландшафтар деп топтастырады.²¹ Ал келесі автор Б.В.Ерофеев экологиялық құқықтық қатынастардың объектілерін: 1) табиғи объектілер және олардың элементтері, табиғи кешендер және бүтіндей қоршаған табиғи орта; 2) осы объектілерді пайдалану және қорғау тәртібі деп екіге бөледі.²²

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, мен экологиялық құқықтық қатынастардың объектілерін былайша жіктедім: 1) Бүтіндей қоршаған табиғи орта; 2) Табиғи ресурстардың жекелеген түрлері; 3) Құрамына бірнеше жеке табиғи объектілер кіретін табиғи кешендер.

Экологиялық құқықтық қатынастардың объектілерінің түріне және оның ерекшеліктеріне қарай құқықтық қатынастардың субъектілерінің құқықтары мен міндеттері туындайды. Басқаша айтар болсақ, экологиялық құқықтық қатынастардың объектілерінің ерекшеліктері атаулы құқықтық қатынастардың мазмұнына ықпал етеді. Ал, құқықтық қатынастардың негізін субъектілердің құқықабілеттігі кұрайтыны бізге құқық теориясынан белгілі. Демек, экологиялық құқықтық қатынастардың мазмұны дегеніміз – құқықтық қатынастарға қатысушылардың қоршаған табиғи ортаны пайдалану және қорғау жөніндегі құқықтарының және міндеттерінің жиынтығы. Құқықтар мен міндеттердің мазмұны құқықтық қатынасқа қатысушылардың құрамына және қатынастың объектісіне байланысты болады. Б.В.Ерофеев экологиялық құқықтық қатынастардың барлық субъектілерін экологиялық құқықтың субъектілеріне және экологиялық құқықтық қатынастың субъектілеріне бөледі.²³ Экологиялық құқықтың субъектілері табиғат қорғау сипатындағы іс-қимылды атқаруға заңмен өкілеттік берілген тұлғалар. Экологиялық құқықтық қатынастардың субъектілерін: өкілеттік берілген және міндет атқаратын деп екі топқа бөлуге болады. Экологиялық құқықтық қатынастардың өкілеттік берілген субъектілері орындалуы осы субъектілердің еркіне байланысты болатын, белгілі бір субъективтік құқықтарды иеленетін тұлғалар. Экологиялық құқықтық қатынастардың міндет атқаратын субъектілері осы құқықтық қатынастардың өкілеттік берілген субъектілерінің құқықтарын іске асыру жөніндегі міндеттерді атқаратын тұлғалар.²⁴

²¹ Бринчук М.М. Экологическое право. Москва. Юрист. 2002. С. 66.

²² Ерофеев Б.В. Экологическое право. Москва. Юриспруденция. 1999. С. 91.

²³ Ерофеев Б.В. Экологическое право. Москва. Юриспруденция. 1999. С. 93.

²⁴ Ерофеев Б.В. Экологическое право. Москва. Юриспруденция. 1999. С. 94.

Құқықтар мен міндеттердің мазмұнына қарай, В.В.Петров экологиялық құқықтық қатынастардың барлық субъектілерін төрт категорияға бөледі: табиғи ортаны қорғау және табиғи ресурстарды тиімді пайдалану жөніндегі құқықтарды иеленетін және міндеттерді атқаратын – табиғат пайдаланушылар; табиғи ортаны қорғауға бақылау жүргізуге және табиғи ресурстарды пайдалануды реттеуге құқығы бар, арнайы уәкілетті мемлекеттік органдар, өкілетті және атқарушы билік органдары; экологиялық мақсаттағы қоғамдық бірлестіктер; экологиялық құқықтық қатынастардың заңдылығына қадағалау жүргізетін сот - прокуратуралық қадағалау органдары.²⁵

Мемлекет адамның және азаматтың экологиялық құқықтарын қорғауға кепілдік береді. ҚР-ның Конституциясына сәйкес, жер және басқа да табиғи ресурстар халықтың өмірі мен қызметінің негізі ретінде қолданылады және қорғалады. Көріп отырғанымыздай, экологиялық құқықтық қатынастардың міндетті қатысушысы мемлекет болып табылады. Экологиялық құқықтық қатынастардың субъектілерінің келесі тобы – тұтыну, пайдалану және қорғау мақсатында қоршаған табиғи ортаға ықпалын тигізетін заңды және жеке тұлғалар. Аталған субъектілер қатарына азаматтарды және шаруашылық жүргізуші субъектілерді жатқызамыз. Шаруашылық жүргізуші субъектілер: қоршаған табиғи ортаға ықпалын тигізетін кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар, сондай-ақ, жеке кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын азаматтар. Мемлекеттік органдар қоршаған ортаны қорғау саласындағы басқару және бақылау өкілеттігін іске асырады және қоршаған ортаны қорғау және пайдалану тәртібі мен шарттарын анықтайды. Ал, азаматтар мен шаруашылық жүргізуші субъектілер экологиялық нұсқауларды орындау жөніндегі міндеттерді атқарады.

Пысықтауға арналған сұрақтар:

Экологиялық құқықтың кешенді құқық саласы ретіндегі сипаттамасы.

Экологиялық қоғамдық қатынастардың түсінігі.

Экологиялық қоғамдық қатынастарды топтастыру.

Экологиялық қоғамдық қатынастардың субъектілері.

Экологиялық қоғамдық қатынастардың объектілері.

²⁵ Петров В.В. Экологическое право России. Москва. Издательство Бек. 1995. С.71.

3. Экологиялық құқықтың принциптері

Әдебиеттерде қолданылып жүрген «принцип» сөзі латын тілінен аударғанда «бастама», «негіз» деген мағынада түсіндіріледі. Ол объективті мағынада – ілімнің, теорияның негізін, бастамасын, ал, субъективті мағынада адамның ішкі сенімін, ойын білдіреді. Құқықтың принциптері дегеніміз – ерекше әлеуметтік реттеуші ретіндегі құқықтың мәнін білдіретін негізгі идеялар, ережелер, бастамалар. Принцип құқықтың заңдылықтарын, оның табиғатын және әлеуметтік мақсатын сипаттайды. Қоғам мен қоршаған ортаның өзара қарым қатынасы туралы экологиялық тұжырымдаманың концептуалды ережелері экологиялық құқықтың принциптерін анықтау үшін негіз болады. Құқықтық қатынастарға қатысушылардың барлығы құқық принциптерін басшылыққа алуы керек. Принциптерді сақтау мемлекеттің құқықтық және әлеуметтік қызметінің, азамат пен адамның құқықтарын және заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз етуінің көрінісі. Экологиялық құқық жалпы құқықтық принциптерге де, салалық принциптерге де негізделеді. Құқықтың мәнін анықтайтын жалпы принциптерге: заңдылық; әлеуметтік әділдік және әлеуметтік еркіндік; тең құқылық (заң алдында теңдік); құқықтар мен міндеттердің бірлігі; кінә үшін жауапкершілік; халықаралық құқық нормаларының басымдылығы және т.б. принциптер жатады. Салалық принциптер арнайы құқықтық актілермен көзделуі мүмкін немесе құқықтық нормаларды талдау нәтижесінде анықталады. Ресейдің «Қоршаған табиғи ортаны қорғау туралы» заңында қоршаған ортаны қорғаудың негізгі принциптері бекітілген. Аталған заңда белгіленгендей, мемлекеттік органдар, кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар, сондай-ақ, азаматтар, шетелдік заңды тұлғалар мен азаматтар, азаматтығы жоқ азаматтар мынадай принциптерді басшылыққа алуы қажет: өмірді және денсаулықты қорғаудың басымдылығы, халықтың өмірі, еңбек етуі және демалысы үшін қолайлы экологиялық жағдайды қамтамасыз ету; қоғамның экологиялық және экономикалық мүдделерінің ғылыми негізделген үйлесімділігі; табиғат заңдарын ескере отырып, табиғи ресурстарды тиімді пайдалану және қайта өндіру; табиғат қорғау заңдарының талаптарын орындау және оларды бұзғаны үшін жауапкершіліктің міндетті түрде болуы; табиғатты қорғау жөніндегі мәселелерді шешу барысында қоғамдық ұйымдармен және халықпен тығыз байланыстың болуы және жариялылық; қоршаған табиғи ортаны қорғауда халықаралық қызметтестік.

Б.В.Ерофеев экологиялық құқықтың барлық принциптеріне мынадай белгілер ортақ: 1) Объективті шартталуы. Құқықтық принцип табиғатқа, қоғамға, тарихқа сай болғанда ғана дұрыс деп танылады; 2) Тарихи шартталуы. Мемлекеттік саясаттың және мемлекеттік құрылымның өзгеруіне қарай құқықтық реттеудің принциптері де өзгеріп отырады; 3) Жүйелілік. Экологиялық құқықтың барлық принциптерін жалпы құқықтық принциптер, жалпы бөлімнің принциптері және ерекше бөлімнің принциптері деп топтастыруға болады²⁶, - деп көрсетеді.

Қазақстан Республикасының «Қоршаған ортаны қорғау туралы» 1997 жылы 15 шілдеде қабылданған заңына сәйкес, қоршаған ортаны қорғаудың негізгі принциптері мыналар: адамның өмірін және денсаулығын қорғаудың басымдылығы, халықтың өмірі, еңбегі және демалысы үшін қолайлы қоршаған ортаны сақтап қалу және қалпына келтіру; Қазақстан Республикасының нарықтық қатынастар жағдайында тұрақты дамуға өту мақсатында әлеуметтік – экономикалық міндеттерді және қоршаған орта мәселелерін теңестіре отырып шешу, қазіргі және болашақ ұрпақтың қолайлы қоршаған ортаға деген қажетін қанағаттандыру; экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және қолайсыз экологиялық жағдайлы аумақтарда бұзылған табиғи экологиялық жүйелерді қалпына келтіру; табиғи ресурстарды тиімді пайдалану және қайта өндіру, табиғат пайдалану үшін төлемақы төлеуді және қоршаған ортаны қорғағаны үшін экономикалық ынталандыруды енгізу; биологиялық алуан түрлілікті және қоршаған ортаның ерекше экологиялық, ғылыми және мәдени маңызы бар объектілерін сақтап қалуды қамтамасыз ету; қоршаған ортаны қорғау туралы заңды бұзғаны үшін жауапкершілік, мемлекеттік реттеу және мемлекеттік бақылау; қоршаған ортаға келтірілетін шығынның алдын алу, қоршаған ортаға болуы мүмкін ықпал етуді бағалау; халықтың, қоғамдық бірлестіктердің және жергілікті басқару органдарының қоршаған ортаны қорғауға белсенді және демократиялық қатысуы; халықаралық құқық негізінде, қоршаған ортаны қорғау саласындағы халықаралық қызметтестік.

Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексі бойынша экологиялық заңнаманың келесідей принциптері бекітілген: Қазақстан Республикасының тұрақты дамуын қамтамасыз ету; экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету; экологиялық қатынастарды реттеу

²⁶ Ерофеев Б.В. Экологическое право. Москва. 1999. С.55.

барысында экожүйелік әдістерді қолдану; қоршаған ортаны қорғау саласында мемлекеттік реттеу және табиғи ресурстарды пайдалану саласында мемлекеттік басқару; қоршаған ортаның ластануының және оған зиян келтіруді алдын алу жөніндегі превентивті шаралардың міндеттілігі; Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзғаны үшін жауапкершіліктің бұлжытпай болатындығы; қоршаған ортаға келтірілген шығынды өтеудің міндеттілігі; қоршаған ортаға ықпал етудің ақылылығы және рұқсат алу тәртібі; табиғи ресурстарды пайдалану және қоршаған ортаға ықпал ету барысында үздік экологиялық таза және ресурстарды үнемдейтін технологияларды қолдану; қоршаған ортаны қорғау жөніндегі мемлекеттік органдардың қызметіндегі өзара әрекеттестік, үйлесімділік және жариялылық; табиғат пайдаланушыларды қоршаған ортаны ластандыруды алдын алуға, азайтуға және жоюға, қалдықтарын азайтуға ынталандыру; экологиялық ақпараттың қол жетімділігі; табиғи ресурстарды пайдалану және қоршаған ортаға ықпал ету барысында ұлттық мүдделерді қамтамасыз ету; Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасын халықаралық құқық принциптерімен және нормаларымен сәйкестендіру; жоспарланған шаруашылық және басқа да қызметтің экологиялық қауіптілігінің презумпциясы және оны іске асыру туралы шешім қабылдау барысында халықтың денсаулығына және қоршаған ортаға ықпал етуді бағалаудың міндеттілігі.

Экологиялық құқықтың дамуымен қатар оның принциптері де дамиды. Экологиялық құқықты және заңнаманы талдау нәтижесінде бірқатар заңгер-ғалымдар басқа да принциптерді атап көрсетеді. М.М.Бринчук, экологиялық заңнама және экологиялық құқық өзінің дамуы барысында:

қоршаған ортаға келетін шығынның алдын алу; адамның өмірін және денсаулығын қорғау;

қоршаған ортаны қорғау - әрбір адамның ісі; экологиялық құқықты демократияландыру;

адамгершілік; табиғи ресурстарды тиімді пайдалануды қамтамасыз ету; тұрақты экологиялық негізделген экономикалық және әлеуметтік даму;

экологиялық тепе – теңдікті сақтап қалу және қорғау; экологиялық ақпаратқа еркін қол жеткізу;

табиғат пайдаланудың ақылылығы; қоршаған ортаға ықпал етудің рұқсат етушілік тәртібі;

қоршаған ортаны ластаушының төлеуі;

қоршаған ортаны қорғауды және табиғат пайдалануды құқықтық реттеуге экологиялық жүйе тұрғысынан қарау;

лауазымды тұлғалардың, кәсіпорындардың, қоғамдық бірлестіктердің және азаматтардың экологиялық заң талаптарын бұзғаны үшін жауапкершілігі;

қоршаған ортаны қорғау туралы заңдарды шетелдік экологиялық заңдармен үйлестіру принциптеріне негізделеді²⁷, - дейді.

Ал Б.В.Ерофеев экологиялық құқықтың барлық принциптерін жалпы құқықтық принциптер, жалпы бөлімнің принциптері және ерекше бөлімнің принциптері деп топтастырады²⁸

Экологиялық құқықтың жалпы құқықтық принциптері: 1) Халық билігі принципі. Халық елдегі биліктің негізгі көзі болып табылады. Халық референдум арқылы және депутаттар арқылы мемлекеттік билікке қатыса алады. 2) Гуманизм принципі. Елдегі экологиялық пайдалану және халықаралық қызметтестік саласындағы қатынастар болашақ ұрпақтың мүддесін ескере отырып құрылуы тиіс. 3) Әлеуметтік әділдік принципі. Заң алдында барлық тұлғалардың тең құқықтығын, әрбір азаматтың қолайлы қоршаған ортаға деген құқығын, сотпен қорғалу кепілдігін білдіреді. Осы принцип әрбір субъектінің экологиялық пайдаланудағы теңдігін қамтамасыз етеді. 4) Заңдылық принципі. Заң ережелерін дәл және уақытында орындалуын білдіреді. 5) Интернационализм принципі. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы халықаралық қызметтестікті және халықаралық құқықтық нормалардың ұлттық нормалардан басымдылығын білдіреді. 6) Табиғи ресурстарға меншік нысандарының барлығының тең құқылық принципі. Табиғи ресурстарды шаруашылықта пайдалану барысында пайда болатын монополияның алдын алуды және табиғат пайдаланушы кәсіпорындардың шаруашылық қызметіне заңсыз араласудан қорғауды көздейді. 7) Экологиялық құқықтық қатынастардың субъектілерінің құқықтары мен міндеттерінің бірлігі принципі. Табиғатты пайдалану барысында жеке және заңды тұлғалар бостандықтары мен құқықтарын іске асыра отырып, өзіне жүктелген міндеттерді де орындауға тиісті. 8) Жариялылық принципі. Әрбір азамат қоршаған ортаның жай-күйі туралы ақпаратпен танысуға, оларды білуге құқылы.

Экологиялық құқықтың жалпы бөлімінің принциптері: 1) Табиғи ресурстарды нысаналы мақсатта пайдалану принципі. Әрбір

²⁷ Бригчук М.М. Экологическое право. Москва. Юрист. 2002. С.90-92.

²⁸ Ерофеев Б.В. Экологическое право. Москва. Юриспруденция. С.55.

экологиялық пайдаланушы пайдалану құқығындағы табиғи ресурсты нысаналы мақсатына сай пайдалануы керек. 2) Табиғи ресурстарды ұтымды және тиімді пайдалану принципі. Экологиялық пайдаланудың экономикалық жағын бейнелейді, яғни, табиғи ресурстарды шаруашылық қызметте пайдалана отырып, экономикалық және экологиялық шығын келтірмей, неғұрлым мол табыс табуды көздейді. 3) Экологиялық пайдаланудағы кешенділік көзқарас принципі. Табиғи ресурстардың бір түрін ғана пайдалану кезінде сол табиғи ресурстың басқа табиғат объектілерімен байланысын ескеру қажет. 4) Табиғат ресурстарын пайдаланудың ақылылығы принципі. Экологиялық заңдарда табиғат ресурстарын тегін, ақысыз пайдаланумен қатар ақылы табиғат пайдалану құқығы да қарастырылған.

Экологиялық құқықтың ерекше бөлімінің принциптері. Экологиялық құқықтың ерекше бөлімінің нормаларымен реттелетін әрбір табиғи ресурс жеке-даралығымен ерекшеленеді.

1) Ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлердің басымдылығы принципі. Ауыл шаруашылық өндірісіне жарамды жерлер бірінші кезекте ауыл шаруашылық мақсатына берілуі тиіс. Ауыл шаруашылығы өндірісіне арналмаған мақсаттарға ауыл шаруашылығына жарамсыз, нашар жерлер берілуі керек. Жерлерді пайдалану барысында олардың құнарлығын арттыру жөніндегі жұмыстар да атқарылуы керек.

2) Тұрмыстық және тұтыну су көздерінің басымдылығы. Су ресурстары бірінші кезекте тұрмыстық мақсатта және халықтың тұтынуы үшін берілуі тиіс.

3) Жер қойнауын пайдалы қазбаларды өндіру үшін пайдаланудың басымдылығы. Пайдалы қазбалар бар деген жер учаскелерінде құрылыстар салуға тиым салынады.

4) Қорғаныштық мақсаттағы ормандардың басымдылығы. Су қорғау, климатты реттеуші, қорғаныштық мақсаттағы ормандар бірінші топтағы ормандарға жатады, яғни, ерекше қорғау құқықтық мәртебесіне ие. Осы топтың ағаштарын кесу басқа орман топтарымен салыстырғанда ерекше жауапкершілікті тудырады.

5) Жануарлардың табиғи еркін жағдайда тіршілік ету шарттарының басымдылығы. Жануарларды ғылыми, мәдени, ағартушылық мақсаттарда пайдалану оларды табиғи ортадан алумен немесе табиғи ортаға зиян келтірумен байланысты болса, мұндай пайдалануға жол берілмейді²⁹

²⁹ Ерофеев Б.В. Экологическое право. Москва. Юриспруденция. 1999. С. 55-63.

Аталған принциптер экологиялық құқықтың құрамдас бөлігі болып табылады. Бірақ, олар қатып қалған, өзгермейді деуге болмайды. Тарихи жағдайларға байланысты, саяси өзгерістерге қарай құқық принциптері өзгеріске ұшырайды немесе толықтырылуы мүмкін. Қазақстанның алдында тұрған өзекті экологиялық мәселелерді шешу мақсатында экологиялық құқықтың принциптері де өзгеріске ұшырайтындығы және тиісінше, Қазақстан Республикасының «Қоршаған ортаны қорғау туралы» заңындағы принциптер қатары толығы түсетіндігі сөзсіз.

Пысықтауға арналған сұрақтар:

1. Принциптің мәнін анықтап беріңіз.
2. Экологиялық құқықтың принциптерін атаңыз.
3. Экологиялық құқықтың принциптерін топтастырыңыз.
4. Қоршаған ортаны қорғау туралы заңмен көзделген принциптер.
5. Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексімен көзделген принциптер.

4.Экологиялық құқықтың қайнар көздері

Экологиялық құқықтық нормалар, институттар және құқық саласы ретіндегі экологиялық құқық экологиялық құқықтық реттеудің мазмұны болып табылады. Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі құқықтық нормалар Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес қабылданған заң актілерімен бекітілуі тиіс.

Экологиялық құқықтың қайнар көздерінің болуы – экологиялық-құқықтық нормалардың жиынтығын құқық жүйесіндегі жеке құқық саласына бөліп алудың міндетті шарты болып табылады. Экологиялық құқықтың қайнар көздері экологиялық-құқықтық нормалардан тұратын нормативтік-құқықтық актілердің жиынтығын білдіреді. Экологиялық құқықтың қайнар көздері дегеніміз – қоғам мен табиғаттың арақатынасы аясындағы қатынастарды реттейтін нормалардан тұратын нормативтік-құқықтық актілер. Олар төмендегідей талаптарға сай болуы қажет:

- 1) Нормативтік-құқықтық акт өкілетті орган шығарған құжат түрінде болуы керек;

- 2) Кез келген құжат нормативтік-құқықтық құжат болып табылмайды. Осындай құжат қабылдауға өкілеттігі бар орган қабылдаған құжат қана нормативтік-құқықтық акт болады;
- 3) Мемлекеттің өкілетті органы қабылдаған нормативтік-құқықтық акт заңмен көзделген нысанда болуы тиіс. Мысалы: Президент Жарлық, Үкімет қаулы немес өкім, Министрліктер бұйрықтар мен нұсқаулар шығарады.

Қабылданған құжаттың нысаны бұзылған болса, ол кері қайтарылуы тиіс. Қандай да бір нормативті акт экологиялық-құқықтық негіз болуы үшін ол заң шығарудың белгіленген процессуалдық тәртібін сақтай отырып қабылдануы қажет. Қабылданатын нормативтік-құқықтық актілердің саны орасан зор болғандықтан экологиялық құқықтың қайнар көздерін анықтау қиындықтар тудырады. Экологиялық құқықтың қайнар көздерін топтастыру осы қиындықтарды шешуді көздейді. Заң ғылымдарының докторы, профессор М.М.Бринчук экологиялық құқықтың қайнар көздерін заңдық күші бойынша, реттеу пәні бойынша, құқықтық реттеу сипаты бойынша және нормативтік-құқықтық актінің сипаты бойынша топтастыруды ұсынады. Заңдық күші бойынша заңдарға және заңға сәйкес қабылданатын актілерге бөледі. Реттеу пәні бойынша жалпы және арнайы нормативтік-құқықтық актілерге, құқықтық реттеу сипаты бойынша материалдық және процессуалдық нормативтік-құқықтық актілерге топтастырады. Ресейлік заңгер нормативтік-құқықтық актінің сипаты бойынша экологиялық құқықтың қайнар көздерін кодификацияланған және кодификацияланбаған деп қарастырады. Сонымен қатар, М.М.Бринчук экологиялық құқықтың қайнар көздерін былайша жүйелеуді ұсынады: Конституция, халықаралық шарттар, Конституциялық заңдар, Президенттің жарлықтары, Үкіметтің актілері, Министрліктер мен ведомстволардың нормативтік-құқықтық актілері, жергілікті басқару органдарының нормативтік-құқықтық актілері, локальді нормативтік-құқықтық актілер, сот шешімдері.³⁰

«Экологиялық қатынастарды реттейтін құқықтық нормалардан тұратын нормативтік-құқықтық актілер экологиялық құқықтың қайнар көздері деп танылады», - дейді В.В.Петров өзінің «Экологическое право России» оқулығында. Осы еңбегінде автор экологиялық құқықтың қайнар көздерін заңдар, жарлықтар, қаулылар мен өкімдер,

³⁰ Бринчук М.М. Экологическое право. Москва. Юрист. 2002. С. 104-105.

министрліктердің және ведомстволардың нормативтік актілері деп топтастырады³¹.

Экологиялық құқықтың қайнар көздерін топтастырудың Б.В.Ерофеев ұсынған амалы (варианты) бізге көңілге қонымдырақ, әрі нақты көрінді. Сондықтан да Ерофеевтің топтастыру амалын толық көрсетуді жөн көрдік³²:

Заңдық күші бойынша барлық құқық негіздері заңдарға және заңға сәйкес қабылданған актілерге бөлінеді. Заңдар экологиялық құқықтың негізі ретінде өкілетті, заң шығарушы органның және Президенттің қабылдайтын нормативтік актілерін білдіреді. Экологиялық құқықтың негізі ретінде заңға сәйкес қабылданған актілер Үкіметтің, Министрліктер мен ведомстволардың қабылдайтын құқықтық сипаттағы құжаттарын білдіреді.

Құқықтық реттеу пәні бойынша жалпы және арнайы деп бөлінеді. Жалпы құқық негіздерінің реттеу шеңбері кең. Олар экологиялық қоғамдық қатынастарды реттеумен қатар басқа да, экологиялық құқық саласына қатысы жоқ қатынастарды да реттейді. Мысалы: Конституция. Арнайы құқық негіздері тек экологиялық қатынастарды ғана реттейді, яғни, реттеу пәні экологиялық қоғамдық қатынастар болып табылады. Мысалы: Жер кодексі, Су кодексі.

Құқықтық реттеудің бағыты бойынша құқық негіздері материалдық және процессуалдық деп бөлінеді. Материалдық құқықтық негіздердің реттеу пәні – табиғи ресурстарды пайдалану жөнінде пайда болатын экологиялық қоғамдық қатынастар. Мысалы: жерді пайдалану жөнінде туындайтын қатынастар. Процессуалдық құқықтық негіздердің материалдық негіздерден айырмашылығы – олар экологиялық пайдалануды қамтамасыз ету тәртібіне бағытталған, оны қамтамасыз ету нысаны болып табылады.

Нормативтік құқықтық актілердің сипаты бойынша құқық негіздері кодификацияланған және кодификацияланбаған деп бөлінеді. Кодификацияланған нормативтік актілерге реттелуге тиісті қоғамдық қатынастардың жүйесіне сәйкес нормативтік материалдары жүйелендірілген актілер жатады. Мұндай актілер сапасымен ерекшеленеді және құқық саласының негізгі актісі болып табылады. Мысалы: Заң негіздері, Кодекстер.

³¹ Петров В.В. Экологическое право России. Бек. Москва, 1995. С.80.

³² Ерофеев Б.В. Экологическое право Москва. Юриспруденция. 1999. С.68-70.

Кодификацияланбаған нормативтік актілер экологиялық пайдаланудың жеке тұстарын немесе экологиялық қоғамдық қатынастардың жекелеген түрлерін ғана реттейді.

Экологиялық қатынастарды реттеу маңыздылығы бойынша негізгі нормативтік құқықтық актілерге және көмекші нормативтік құқықтық актілерге бөлуге болады. Негізгі нормативтік құқықтық актілер тиісті заңның негізін құрайды және онда жалпы сипаттағы ережелер бекітіледі. Мысалы: Жер туралы заң жалпы ережелерді бекітеді. Көмекші нормативтік құқықтық актілер техникалық-құқықтық сипатқа ие және қандай да бір актіні дұрыс қолдануға мүмкіндік береді. Мысалы: Экологиялық дауларды шешу тәртібі, Экологиялық заңдарды қолдану тәртібі.

Экологиялық құқықтың қайнар көздерінің ішінде халықаралық құқықтық шарттарда көзделген құқық негіздері де ерекше орынға ие. Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес, халықаралық құқықтың принциптері мен нормалары және ҚР-ның халықаралық шарттары оның құқықтық жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады. Егер, Қазақстан Республикасының заңдарында халықаралық шарттармен сәйкес емес тұстар болса, (атаулы шарт белгіленген тәртіпте ратификацияланған болса) халықаралық шарт нормалары қолданылады.

Қазақстан Республикасының «Нормативтік құқықтық актілер туралы» 1998 жылы 24-наурызда қабылданған заңына сәйкес, нормативтік құқықтық актілер негізгі және туынды деп бөлінеді. Негізгі нормативтік құқықтық актілер: Конституция, конституциялық заңдар, кодекстер, заңдар; ҚР Президентінің Конституциялық заң күші бар Жарлықтары, ҚР Президентінің заң күші бар Жарлықтары, ҚР Президентінің басқа нормативтік құқықтық жарлықтары; ҚР Парламентінің және оның палаталарының нормативтік қаулылары; ҚР Үкіметінің нормативтік қаулылары; ҚР Жоғарғы сотының, Конституциялық кеңесінің нормативтік қаулылары; ҚР министрлерінің нормативтік бұйрықтары; мемлекеттік комитеттердің нормативтік қаулылары; маслихаттар мен әкімдердің нормативтік құқықтық шешімдері.

Демек, экологиялық құқықтың қайнар көзі дегеніміз заң шығаруға өкілеттігі бар мемлекеттік органның заңмен белгіленген нысанда және тәртіпте қабылдаған, мазмұны мемлекеттің еркін сипаттайтын, экологиялық пайдалану саласындағы қатынастарды реттеуге бағытталған нормативтік актісі.

Қазақстан Республикасының Конституциясы экологиялық құқықтың негізгі, ең басты қайнар көзі болып табылады. Еліміздің аумағында қабылданатын барлық заңдар мен басқа да құқықтық актілер Конституцияға қайшы келмеуі тиіс. Қазақстан Республикасының 1995 жылы 30-тамызда бүкілхалықтық референдумда қабылданған Конституциясында еліміздің экологиялық стратегиясы және қоршаған ортаны қорғау саясатының негізгі бағыттары көзделген. Қазақстан Республикасының Конституциясында адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары танылған, оларды сақтауға және қорғауға кепілдік бекітілген, құқықтық жүйенің, мемлекеттік билікті ұйымдастырудың негіздері қаланған. Конституция нормаларына сәйкес, Қазақстан Республикасы саясаты адамның еркін дамуын және қалыпты өмір сүруін қамтамасыз етуге бағытталған әлеуметтік мемлекет. Демек, конституция әрбір тұлғаның құқықтары мен бостандықтарын, соның ішінде, экологиялық құқықтарын және бостандықтарын қамтамасыз ете отырып, экологиялық құқыққа да тікелей қатысты болады екен. ҚР Конституциясының 6-бабына сәйкес, «жер және оның қойнауы, сулар, өсімдіктер және жануарлар әлемі, басқа да табиғи ресурстар мемлекеттік меншікте болады. Заңмен көзделген негіздерде, шарттарда және шектерде жер жеке меншікте де болуы мүмкін». Мемлекеттің адам өмірі мен денсаулығы үшін қолайлы қоршаған ортаны қорғау мақсаты қоршаған ортаны қорғау саласындағы аса маңызды принциптердің бірі – адамның өмірі мен денсаулығын қорғаудың басымдылығы принципін бекітеді. ҚР Конституциясында адам, оның құқықтары мен бостандықтары жоғары құндылық деп танылған, әрі оның қолайлы қоршаған ортаға, қоршаған ортаның жай-күйі туралы ақиқат ақпарат алу құқығы бекітілген. Адам мен азаматтың экологиялық құқықтарын және бостандықтарын тану және қорғау мемлекеттің міндеті.

Құқықтық мемлекетте экологиялық құқықтың негізгі қайнар көзі заң болуы керек. Заң мемлекеттің экологиялық саясатын бекітудің құралы. Экологиялық қатынастар саласындағы заңдар адам мен азаматтың экологиялық құқықтары мен бостандықтарын, оларды қамтамасыз етудің механизмін, қорғау тәртібін бекітіп, табиғатты пайдалану, табиғи ресурстарға меншік құқығын жүзеге асыру және қоршаған ортаны қорғау жөнінде туындайтын қоғамдық қатынастарды реттеуі тиіс.

Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау туралы заңының экологиялық қатынастарды реттеу саласында маңызы зор

болды. Ол табиғат пен адамның тең қарым-қатынасын қамтамасыз етуге, ҚР-ның нарықтық қатынастар жағдайында дамуы мақсатында әлеуметтік-экономикалық міндеттер мен қоршаған орта проблемаларын шешуге бағытталды. Атаулы заң Қазақстан Республикасының табиғат қорғау заңдары үшін негіз болып табылды. Заңда ҚР-ның қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңдарының келесідей міндеттері: қоршаған ортаның сапасын жақсарту мақсатында қоғам мен табиғаттың арақатынасы саласындағы қатынастарды, табиғи ресурстарды тиімді пайдалану және қайта өндіру, заңдылықты және құқықтық тәртіпті нығайту жөніндегі қатынастарды реттеу бекітілген болатын.

Қоршаған ортаны қорғау туралы заңда азаматтар мен қоғамдық бірлестіктердің экологиялық құқықтары мен міндеттері бекітілді. Соның ішінде, әрбір азаматтың өмірі мен денсаулығына қолайлы қоршаған ортаға деген құқығын және қоршаған ортаны қорғау және қоршаған ортаны қорғау туралы заңдарды сақтау міндеттерін айтуға болады.

Заңның күшінің аясын кеңейту және нақтылай түсу ҚР-ның орталық атқарушы органы ретінде экология және табиғи ресурстар министрлігіне жаңа, маңызы зор, күрделі міндеттерді жүктеген еді.

Қоршаған ортаны қорғау туралы заңда біріншіден, нормалау жүйесін жетілдіру, экологиялық бақылаудың сапасын көтеру және экономикалық механизмнің ролін арттыру арқылы қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік реттеу жүйесі күшейтілді, екіншіден, қоғамдық бірлестіктер мен азаматтардың ролі арта түсті. Осы себепті экология және табиғи ресурстар министрлігінің алдына қойылатын міндеттердің бірі қоғамдастықпен қарым-қатынастар жүйесін қалыптастыру, бұрыннан келе жатқан байланысты дамытып, жетілдіре түсу болды. Соңғы жылдары елді-мекендер құрылысын салу барысында, оларды жобалауда және қызмет көрсету жүйесінде экологиялық талаптарды қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстар тоқтап қалған-ды. Осы жұмыстарды қалпына келтіру міндеті жүктеліп, қолға алынуда. Заңдағы жаңалықтардың тағы біреуі – мемлекеттік мүлікті жекешелендіру барысында экологиялық талаптарды есепке алу туралы ереженің енгізілуі. Өкінішке орай, бұл мәселе осы уақытқа дейін тиімсіз шешіліп келді, яғни, ведомстволар өзара хат алмасумен шектеліп қоятын.

Қоршаған ортаны қорғау туралы заңмен алғаш рет «экологиялық қауіпті қызмет» ұғымы енгізілді. Бұл осындай қызметтер тізімін жасауды және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында

оны лицензиялау туралы ережені бекітуді қажет етеді. Кәсіпорынның табиғат қорғау қызметінің тиімділігін және оның жұмысының нәтижесін жан-жақты тексеру экологиялық аудит қызметін енгізу де осындай міндеттер жүктейді. Осындай міндеттердің бірі – жаңа мамандықтың – экологиялық аудиторлардың пайда болуы және оларды аттестациялау тәртібін дайындау. Осы заңмен алғаш рет экология заңдарын бұзу салдарынан келтірілген моральдық шығынды өтеу туралы нормалар бекітілді.

Экологиялық кодекстің қабылдануына қоршаған ортаны қорғау туралы заңнаманы талдау негізінде жасалған, қоршаған ортаны қорғау туралы заңдарды одан әрі дамыту тенденциялары туралы тұжырымдар жатыр. Қоршаған орта жүйелі құбылыс болғандықтан, қоршаған ортаны қорғау туралы құжаттың кешенді әрі жүйелі сипатта болуы қажетті шарт болды.

Қоршаған ортаны қорғау туралы негізгі құжатты жүйелі түрде бекіту қоршаған ортаның жеке объектілерден құралған біртұтас жүйе болуымен түсіндіріледі. Қоршаған ортаны қорғау туралы заңнаманы жүйелендіру экологиялық заңнаманы кодификациялау барысында қажетті әдістемелік негіз ретінде болады.

1997 жылы қабылданған «Қоршаған ортаны қорғау туралы» заң ресурстық кодекстер мен заңдарды біртұтас заңнамалық салаға қойтастырған, жаңа экологиялық заңдардың қабылдануына құқықтық кеңістік қалыптастырған құжат болды. Осындай маңыздылығына қарамастан, экологиялық заңнаманың күрделі, көпсатылы, шашыраңқы сипаты оны жүйелендіруді, нақтылауды, кодификациялауды қажет етті.

Қоршаған ортаны қорғау туралы заң тікелей қолданылатын, кодификацияланған, экологиялық тәжірибе мен экологиялық заңнаманың үйлесімділігін бекітетін, мемлекеттің экологиялық қызметін толықтай қамтыған құжат болуы керек еді. Сонымен қатар, экологиялық кодексті дайындау барысында әр түрлі халықаралық ұйымдардың, халықаралық конвенциялардың, Евроодақтың және шет мемлекеттердің директивалары, ТМД елдерінің үлгілі кодексінің жобасы, Қазақстан Республикасының 200-ден астам нормативтік-құқықтық актілері қолданылды.

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі келесідей міндеттерді шешуге бағытталған:

қоршаған ортаны қорғау жөніндегі мәселелерді заңнама деңгейінде жинақтау және жүйелендіру;

экологиялық талаптар мен нормативтердің мәртебесін заңнама актілерін тікелей қолдану деңгейіне дейін көтеру;
еліміздегі қоршаған ортаны қорғау жөніндегі жұмыстар тәжірибесіне халықаралық стандарттарды енгізу.

Экологиялық кодекс қоршаған ортаны қорғау, қалпына келтіру және сақтап қалу, табиғи ресурстарды пайдаланумен және қоршаған ортаға ықпал етумен байланысты шаруашылық және басқа да қызметті іске асыру барысында табиғи ресурстарды пайдалану және өсімін молайту саласындағы қатынастарды реттеуге бағытталған.

Атқарушы билік органдары шығаратын заңға сәйкес нормативтік актілерді негізгі үш топқа топтастыруға болады:

- 1) Үкіметтің нормативтік құқықтық актілері;
- 2) Ведомстволық нормативтік актілер;
- 3) Ведомствоаралық нормативтік құқықтық актілер.

Үкіметтің нормативтік құқықтық актілері экологиялық құқықтың қайнар көздерінің ішінде елеулі орын алады. Атаулы актілер ҚР Үкіметінің экологиялық пайдалану мәселелері жөнінде қабылдаған қаулылары түрінде танымалы. Мысалы: экологиялық сараптама жүргізу тәртібі туралы немесе табиғи ресурстардың кадастрын жүргізу тәртібі туралы ережелер.

Ведомстволық нормативтік құқықтық актілерді министрлер мен ведомство басшылары экологиялық пайдалану саласындағы мәселелер жөніндегі бұйрықтар түрінде шығарады. Олар 2-ге бөлінеді:

- 1) Экологиялық пайдаланудың құқықтық тәртібін реттеу саласында белгілі бір міндеттер атқаратын министрліктер мен ведомстволардың ведомстволық құқықтық актілері;
- 2) Жоғарыдағыдай міндеттер атқаруға өкілеттігі жоқ министрліктер мен ведомстволардың ведомстволық нормативтік құқықтық актілері.

Ведомствоаралық нормативтік құқықтық актілерді ведомствоаралық өкілеттігі бар басқару органдары қабылдайды. Мысалы: Ауыл шаруашылық министрлігі, Жер ресурстары және жерге орналастыру жөніндегі комитет.

Жергілікті басқару өзінің өкілеттігі шеңберінде қызмет атқарады. Жергілікті басқару қалалық, аудандық, ауылдық елді-мекендерде іске асырылады. Әр түрлі елді-мекендерде атқарушылық міндеттерді әкімдер мен әкімшіліктер іске асырады. Жергілікті басқару органдары жергілікті маңызды мәселелердің барлығын өздері шешеді. Ал бұл локальді нормативтік актілерді шығаруды қажет етеді.

Кез келген заң барлығымызға ортақ болады. Ал экологиялық тәжірибе кездесе бермейді. Сот әділдігін іске асыру барысында заңның кемшілігі байқалады. Мұндай жағдайда сот органдарына заңның ұқсастығын қолдануға рұқсат беріледі. Мұндай тәжірибе жаңа құқықтық норманың пайда болуына негіз болады. Соттар қабылдайтын шешімдер экологиялық құқықтың қайнар көзі болады ма деген заңды сұрақ туындайды. «Ресейдің құқық жүйесінде сот шешімі құқықтың қайнар көзі ретінде қарастырылмайды. Сондықтан сот шешімі өзінің бірегейлігі және құқықтық сауаттылығына қарамастан басқа іс бойынша шешім қабылдау үшін үлгі, қайнар көзі бола алмайды»,³³ - дейді В.В.Петров. Б.В.Ерофеев «РФ Жоғарғы Соты Пленумының және РФ Жоғарғы Төрелік Сотының түсініктемелері экологиялық қатынастарды жетілдіруге ықпалын тигізеді, бірақ, оларды экологиялық құқықтың қайнар көздерінің қатарына жатқызуға болмайды. Бұл актілер күші бар заңдарды жетілдіру ісіне қызмет етеді, себебі, РФ Конституциясына сәйкес, осы ұйымдарға заң шығаруды ұсыну құқығы берілген,³⁴» - дейді. Демек, ресейлік құқықтық жүйе бойынша сот тәжірибесі құқықты қолдану, оның жеке ережелерін түсіндіру және сипаттау тұрғысынан ғана қарастырылады.

Сот билігін биліктің бір тармағы ретінде қарау және соттардың ролін талдау аталған мәселе бойынша басқа да көзқарастың болуына негіз болады. Оның мәні – сот тәжірибесін экологиялық құқықтың қайнар көзі ретінде тану. Мұндай көзқарасты қолдаушылар билікті тармақтарға бөлу принципі шеңберінде, билік органы ретінде соттар құқықшығарушылық өкілеттікті иеленеді, - деп түсіндіреді.

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес, мемлекеттік билік органдарының және лауазымды тұлғалардың азаматтардың құқықтарын және бостандықтарын бұзатын шешімдеріне немесе әрекетіне сотқа шағымдануға болады. Нәтижесінде, сот азаматтың құқығын бұзатын немесе шектейтін нормативті актіні жоққа шығарып, заңсыз деп таныған жағдайда қоғамдық қатынастарға қатысушылардың жаңа құқықтары мен міндеттері туындайды. Мәні жағынан мұндай шешім құқықшығармашылық болатындығы сөзсіз.

Қазақстан Республикасының Конституциясымен Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотына сот тәжірибесі мәселелері бойынша түсініктеме беру құқығы бекітілген. Жоғарғы Сот Пленумының

³³ Петров В.В. Экологическое право. Россия. Бек. Москва. 1995. С.96.

³⁴ Ерофеев Б.В. Экологическое право. Москва. Юриспруденция. 1999. С.77.

түсініктемелері жалпы сипатқа тән және міндетті түрде құқықтың қайнар көзі болып табылады.

Жоғарыда айтып кеткеніміздей, Жоғарғы Сот Пленумының түсініктемелері экологиялық қатынастарды реттеуге ықпал ете отырып, нормативтік құқықтық актілерді жетілдіруде маңызды орын алады.

Пысықтауға ариалған сұрақтар:

1. Экологиялық құқықтың қайнар көздері дегеніміз не?
2. Экологиялық құқықтың қайнар көздерінің классификациясы.
3. ҚР Конституциясы экологиялық құқықтың негізгі қайнар көзі.
4. ҚР Қоршаған ортаны қорғау туралы заңы экологиялық құқықтың қайнар көзі ретінде.
5. ҚР Экологиялық кодексі экологиялық құқықтың қайнар көзі ретінде.

5. Табиғи ресурстарға меншік құқығы

Табиғи ресурстарға меншік құқығының түсінігі және жалпы сипаттамасы. Меншік – кез келген қоғам мен қоғамдық құрылыстың негізі болып табылады. Меншік – адамдар арасына заттарды алу және беру жөніндегі болатын қатынастар. Зат жоғалып кетуі мүмкін (мысалы: ұрлануы), ал меншік жоғалмайды және жеке меншік иесі өзінің құқығының бұзылғандығы туралы құқық қорғау органдарына хабарлап, арыздануына болады. Керісінше қолда зат бар, ал оған меншігі жоқ болуы мүмкін.

Меншіктің негізгі элементі меншік объектісін нақты тұлғаның иеленуі. Сондықтан да меншікті анықтайтын фактор – субъект болып табылады. Субъектісі бойынша меншіктің нысандары: мемлекеттік, коммуналдық, ұжымдық, жеке меншік анықталады. Қазақстан Республикасында меншік мемлекеттік және жеке меншікке бөлінеді. Мемлекеттік меншік республикалық және коммуналдық меншікке, ал жеке меншік мемлекеттік емес заңды тұлғалардың меншігі және азаматтардың меншігі деп бөлінеді.

Қоршаған орта – адам өмір сүру ортасы ғана емес, ол адам баласының шаруашылық жүргізетін, меншік және пайдалану құқығының объектісі.

Құқықтық әдебиеттерде табиғи ресурстарға меншік құқығы ғылыми ұғым ретінде экономикалық және құқықтық мағынада түсіндіріледі.

Экономикалық мағынада меншік азаматтар мен қоғамның өндіріс және тұтыну саласындағы экономикалық мүдделерін жүзеге асырудың тиімді және сенімді құралы болып табылады. Экономикалық меншік қатынастары өндіріске қатысушылардың өндірістің құралына, жабдықтарына, өнімдеріне қатынасын анықтайды. Экономикалық қатынастарды құқықтық нормаларда бекіту нәтижесінде құқықтық мағынадағы меншік құқығы пайда болады. Табиғи ресурстарға құқықтық мағынадағы меншік құқығын: құқықтық институт ретінде және меншік иесінің құқықтық өкілеттігінің жиынтығы деп қарастыруға болады.

Табиғи ресурстарға меншік құқығы құқықтық институт ретінде табиғи ресурстарға меншік қатынастарын реттейтін құқықтық нормалардың жиынтығын білдіреді. Табиғи ресурстарға меншік құқығының нысандары Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген және оған басқа мүліктермен салыстырғанда бірқатар ерекшеліктер мен шектеулер тән. Біріншіден, экологиялық талаптарды сақтаудың қажеттігі; екіншіден, басқа тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін қорғаудың қажеттігі; үшіншіден, табиғи ресурстарға меншік құқығына әлеуметтік мақсатта заңмен шектеулер жасаудың қажеттігі.

Жалпы, табиғат қорғау жөніндегі талаптар мен тиым салулар, атаулы объектілерді мақсатына сай пайдалану және тағы да басқа меншік құқығын шектеу болып табылмайды. Ол осы құқықтың мазмұнының нақты шегін бекітіп береді.

Кеңес дәуіріндегі заңдар және Қазақстан Республикасы егемендік алған алғашқы жылдардағы заңдар бойынша жер қойнауы, су, өсімдіктер дүниесі, жануарлар әлемі және тағы да басқа табиғи ресурстар тек қана мемлекеттік меншікте болды.

1995 жылы 30-тамызда бүкілхалықтық референдумда қабылданған ҚР-ның Конституциясы бойынша республика аумағында алғаш рет жерге жеке меншік құқығы енгізілді. Қазақстан Республикасының Конституциясында «Жер, оның қойнауы, су, өсімдіктер, жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар мемлекеттік меншікте болады. Заңмен көзделген шектерде, мөлшерде және негіздерде жер жеке меншікте болуы мүмкін» деп бекітілген. Жерге жеке меншік құқығы ҚР Президентінің 1995 жылы 22-желтоқсандағы заң күші Жер туралы Жарлығымен де белгіленген болатын. 2003 жылы 20-маусымда қабылданған Жер кодексі жерге жеке меншік құқығы институтына

бірқатар өзгерістер енгізді, яғни, көптен бері талас тудырып келген ауыл шаруашылық жерлеріне жеке меншік құқығын бекітті.

Қазақстан Республикасының Конституциясы мен Азаматтық кодексі табиғи ресурстарға меншік құқығының жалпы мазмұнын және нысандарын бекітеді, ал, экологиялық заңдарда нақты табиғат ресурстарына меншік құқығының нысандары және ерекше белгілері, сондай-ақ, меншік иесінің өз өкілеттігін іске асыру механизмінің ерекшеліктері бекітіледі.

Табиғи ресурстарға меншік құқығының объектілері. Жерге және тағы да басқа табиғи ресурстарға меншік құқығы дегеніміз біріншіден, осы меншік қатынастарын реттейтін құқықтық нормалардың жиынтығы; екіншіден, тұлғаның меншік объектісін иелену, пайдалану және билік ету жөніндегі өкілеттігінің жиынтығы; үшіншіден, меншік иесі мен басқа тұлғалардың арасында пайда болатын құқықтық қатынас.

Құқықтық қатынастарда әдетте, екі объект болады. Экологиялық құқықтық қатынастарда ол табиғи объект және экологиялық пайдаланушының өзінің мақсатына жету жөніндегі мүддесі, табиғат объектілерін жақсарту жөніндегі жалпы мемлекеттік мақсат (мүдде).

ҚР Конституциясында «жер, оның қойнауы, сулар, өсімдіктер және жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар мемлекеттік меншікте болады. Заңмен бекітілген негіздерде, шарттарда және шектерде жер жеке меншікте де болуы мүмкін» деп бекітілген. 2003 жылы 20 маусымда қабылданған Жер кодексіне сәйкес, жер мемлекеттік меншікте болады. Бірақ, заңмен көзделген шектерде, мөлшерде және негіздерде жеке меншікте де болуы мүмкін. Жер учаскелері тұрғын үй құрылысы үшін, саяжай құрылысы үшін, жеке қосалқы шаруашылық жүргізу үшін, фермер шаруашылығын жүргізу үшін, тауарлы ауыл шаруашылық өндірісі үшін және ағаш өсіру үшін жеке меншікке беріледі. Сондай-ақ, азаматтар мен мемлекеттік емес заңды тұлғалардың жеке меншігінде өндірістік және өндірістік емес ғимараттар құрылысы үшін берілген жер учаскелері де болады.

Сонымен меншік құқығының объектісіне жер, жер қойнауы, жануарлар, өсімдіктер, су объектілері, ормандар жатады. Меншік құқығының объектісіне табиғи ескерткіштерді, қорықтар мен қорықшаларды да, бір сөзбен айтқанда ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды да жатқызамыз. Атмосфералық ауаға қатысты меншік мәселесі құқықтық ғылым әлемінде әлі де дау тудырады. Көптеген заңгер-ғалымдардың айтуынша атмосфералық ауа меншік құқығының

объектісі болмайды³⁵. Мұндай жағдай атмосфералық ауаның физикалық күйімен байланысты. Жермен, жер қойнауымен, ормандармен салыстырғанда атмосфералық ауа барлық уақытта қозғалыста болады және ол жеке-даралануы мүмкін емес. Демек, атмосфералық ауаны іс жүзінде иелену жоққа шығарылады. Ал, иелену құқығы меншік иесінің аса маңызды құқықтық өкілеттігінің бірі болып табылады. Р.Х.Габитов экологиялық құқықтың қорғау объектісі ретінде атмосфералық ауаны емес, атмосфераның өзін алу керек және оған тек мемлекеттік меншік құқығын бекіту қажет,- дейді³⁶. Алайда, экологиялық құқықтың қорғауын қажет ететін атмосфера емес, атмосфералық ауа болып табылады және адамзат баласы өзі тыныс алатын ауаның таза болуына мүдделі. Ф.М.Раянов «материалдық дүниенің белгілері мен қасиеттері оларды меншік құқығының объектісі деп тануға кедергі болмайды. Себебі, олар адамдар арасында туындайтын меншік жөніндегі қоғамдық қатынастардың құрылымына кірмейді. Сондықтан да атмосфералық ауа меншік құқығының объектісі болуы мүмкін», - дейді³⁷. Шынымен де атмосфералық ауа жөніндегі қоғамдық қатынастар адамдар арасында туындайды. Бірақ, меншік құқығының объектісі болуы үшін ол даралануы керек. Ауа кеңістігі дараланады, ал, атмосфералық ауаның даралануы мүмкін емес. Атмосфераны мемлекеттің территориясы үстіндегі ауа кеңістігіне егемендігінің объектісі ретінде қарастырған дұрыс болар деп ойлаймыз.

Табиғат ресурстарына мемлекеттік және жеке меншік құқықтарының субъектілері. Жер және басқа да табиғи ресурстар Қазақстан аумағында тіршілік ететін барлық халықтардың өмірі мен қызметінің негізі болып табылады. Табиғи ресурстарға меншік құқығының субъектілері нақты анықталған. Жоғарыда айтқанымыздай, жер, жер қойнауы, су, орман, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар мемлекет меншігінде болады. Заңда белгіленген негіздерде, шарттар мен шектерде жер жеке меншікте де болуы мүмкін. Қазақстан Республикасының аумағында жер учаскесіне жеке меншік құқығы азаматтарға және мемлекеттік емес заңды тұлғаларға берілуі мүмкін. Демек, жерге қатысты меншік құқығының субъектілері мемлекет, азамат және мемлекеттік емес заңды тұлға бола алады. Шетелдік азаматтар мен заңды тұлғалар Қазақстан Республикасының

³⁵ Бринчук М.М.Правовая охрана атмосферного воздуха. М. 1985.С.49-52.

³⁶ Габитов Р.Х.Правовая охрана атмосферы.Уфа.1996.С.13-15.

³⁷ Раянов Ф.М.Правовая конструкцияохраны природных объектов в СССР.Уфа.1984.С.20-23.

азаматтарымен және заңды тұлғаларымен қатар жер учаскелеріне жеке меншік құқығын иеленеді. Жерден басқа табиғи ресурстарға Республикада тек мемлекеттік меншік құқығы бекітілген. Сондықтан да жеке тұлғалар мен мемлекеттік емес заңды тұлғалар жерден басқа табиғи ресурстарға меншік құқығының субъектісі бола алмайды. Жеке меншік құқығы көзделмеген табиғи ресурстарға қатысты пайдалану құқығы іске асырылады.

Табиғат объектісіне мемлекеттік және жеке меншік құқығының мазмұны үш элементтен тұрады: иелену құқығы, пайдалану құқығы, билік ету құқығы.

Табиғат объектілерін иелену құқығы оны иелігінде ұстауды, іс жүзінде иеленуді білдіреді. Жерді және тағы да басқа табиғи объектілерді иелене отырып, мемлекет осы табиғи объектілерді азаматтардың пайдалануына тиым салуы мүмкін немесе құқығын шектей алады.

Табиғат объектілерін пайдалану құқығы меншік иесінің атаулы объектілерді пайдалануын, яғни, олардың пайдалы қасиеттерін алуды және басқа мүдделерін қанағаттандыру үшін пайдалануды білдіреді. Жерді және тағы да басқа табиғи объектілерді пайдалану құқығы «ҚР-ның Қоршаған ортаны қорғау туралы» заңында, жер, жер қойнауы, орман, су, жануарлар дүниесі, атмосфералық ауаны қорғау туралы заңдардағы ережелерді сақтау арқылы іске асырылуы керек.

Табиғат ресурстарын билеу құқығы азаматтық заңдар бойынша мүліктің заңды тағдырын шешу мүмкіндігін білдірсе, табиғат объектілеріне қатысты оның құқықтық мәртебесін анықтауды білдіреді.

Жер заңдарында жерге жеке меншік құқығын іске асыру тәртібін реттейтін құқықтық нормалар бекітілген. Атаулы нормалардың мазмұны толығымен нарықтық қайта құруларға сәйкес келеді. Жер учаскесінің меншік иесі жер учаскесіне қатысты, заңдармен тиым салынбаған кез келген мәмлелерді жүзеге асыра алады.

Жерге жеке меншік құқығын енгізу Қазақстан Республикасындағы жер реформасының негізгі құбылыстарының бірі. Жерге жеке меншік құқығын жақтаушылардың пайымдауынша, ол ауыл шаруашылығындағы жаңа, жақсы өзгерістерге ықпал етеді, жерге жеке меншік құқығына негізделген ауыл шаруашылық субъектілері табысты жұмыс істей бастайды, ал, жерге жеке меншікті қолдамайтын тараптың пікірінше, жерді алып-сату, шаруалардың кедейшілікке ұшырауы кең етек жайып, қоғам үшін жат салдар туады.

Өркеннетті елдердегі жерге жеке меншік мәселесін талдау нәтижесінде барлық елдерде жерге жеке меншік құқығы және жер қатынастары мемлекет тарапынан реттеліп отыратындығына және құқық нормаларымен шектелетіндігіне көзіміз толық жетті. Адамды жерге жеке меншік құқығынан айыру онда қоғамның экономикалық дамуына немқұрайлы көзқарастың қалыптастыратындығын тарихи өзгерістер көрсетті. Ал жерге жеке меншік құқығын бекіту азаматтың жеке қызығушылығын және мүдделілігін тудырады.

Демек, өзіндік жер учаскесінің болуы шаруашылық жүргізу бостандығы ғана емес, мақсаты - мол табыс табуды көздейтін және жерлерді тиімді пайдалануды мақсат тұтатын, жерді қорғау шараларын үнемі жүргізіп отырудың кепілі болмақ.

Пысықтауға арналған сұрақтар:

1. Табиғи ресурстарға меншік құқығын және оның нысандары.
2. Табиғи ресурстарға мемлекеттік меншік және жеке меншік құқығының субъектілерін атаңыз.
4. Табиғи ресурстарға меншік құқығының мазмұнын ашып беріңіз.
5. Табиғи ресурстарға жеке меншік құқығының объектілерін атаңыз.

6. Экологиялық пайдалану құқығы

Экологиялық пайдалану құқығының түсінігі. Өмірі мен тіршілігі үшін қажетті табиғи ресурстарды пайдалану адамзаттың және қоғамның негізін қалайды. Сондықтан да тарихи тұрғыда және іс жүзінде табиғат пайдалану қоғамдық өмірдің тұтқасы болады. Табиғатты пайдалану табиғи игіліктерді пайдалану жөнінде адамдар арасында туындайтын экономикалық қатынастарды білдіреді. Табиғат пайдалану адамның алуан түрлі сұраныстарын қанағаттандыру құралы ғана емес, қоршаған ортаға зиянды ықпалын тигізетін ерекше құбылыс. Адамның табиғи ресурстарды өзінің қажеті үшін пайдалануы құқық нормаларымен реттеледі. Табиғат пайдалану дегеніміз табиғи ресурстарды пайдалану жөніндегі қатынастарды реттейтін нормалар жүйесі, - деп жазады М.М.Бринчук³⁸ Ал, Петров В.В. «табиғат пайдалану қоршаған ортаның адам үшін пайдалы экологиялық,

³⁸ Бринчук М.М. Экологическое право. Москва. Юрист. 2002. С. 195.

экономикалық, мәдени, сауықтырушылық қасиеттерін қолдану», - деп түсіндіреді³⁹.

Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау туралы заңында «табиғат пайдалану – адамның шаруашылық және өзге де қызметінде табиғи ресурстарды пайдалануы» деп көзделсе, Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінде «адамның күнделікті өмірінде, жеке және заңды тұлғалардың шаруашылық және өзге де қызметінде табиғи ресурстарды пайдалануы және (немесе) қоршаған ортаға әсер етуі табиғат пайдалану болып табылады» деп бекітілген. Табиғат пайдалану құқығы құқықтық институт ретінде, құқықтық қатынас ретінде және табиғат пайдаланушының нақты табиғат пайдалану құқығы ретінде қарастырылады. Табиғатты пайдалану жөнінде туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейтін құқықтық нормалардың жиынтығы табиғат пайдалану құқықтық институтын құрайды. Нақты табиғи ресурсты (жер, су, орман және т.б.) пайдалану жөнінде туындайтын қоғамдық қатынасқа қатысушы тараптардың құқықтары мен міндеттерінің жиынтығы табиғат пайдалану құқықтық қатынасы деп анықталады. Табиғат пайдаланушының нақты табиғат пайдалану құқығы ретінде табиғат пайдаланушыға тиесілі, құрамына иелену, пайдалану, билік ету өкілеттіктері кіретін субъективті құқығы жатады.

Экологиялық заңдарда және құқық теориясында табиғатты пайдаланудың түрлерін топтастырудың бірнеше амалдары белгілі. Соның ішінде, неғұрлым кең тарағаны табиғат объектісі бойынша топтастыру болып табылады. Демек, пайдалану объектісі бойынша табиғат пайдаланудың мынадай түрлері бар: жер пайдалану, жер қойнауын пайдалану, су пайдалану, атмосфералық ауаны пайдалану, орман пайдалану, жануарлар дүниесін пайдалану. Табиғат пайдалануды нысаналы мақсаты бойынша топтастыру экологиялық құқықтағы өзекті мәселелердің бірі және мұндай топтастыру табиғи ресурстардың ерекшеліктерін және қоғамның мүдделерін ескере отырып анықталады.

«Табиғат пайдалану» ұғымының мәні туралы әр түрлі пікірлер қалыптасқан. Б.В. Ерофеевтың айтуынша, «табиғат пайдалану» ұғымы мен «экологиялық пайдалану» ұғымы бір - бірінен ерекшеленеді. Егер, табиғат пайдалануда экономикалық, шаруашылық мүдде басым болса, экологиялық пайдалануда негізгі мақсат - экологиялық жүйені сақтап

³⁹ Петров В.В. Экологическое право России. Бек. Москва. 1995.С.143.

қалу, қоршаған ортаны қорғау басым болады⁴⁰. Қазақстандық заңгер – ғалымдардың бірі С.Т.Культелеев «экологиялық пайдалану табиғат пайдалану арқылы іске асырылады, әдебиеттерде және заңдарда «табиғат пайдалану» ұғымы қолданғанымен олардың айырмашылығы бар», - дейді⁴¹.

«ҚР-ның Қоршаған ортаны қорғау туралы» заңында да, ҚР-ның Экологиялық кодексінде де жалпы және арнайы табиғат пайдалану көзделген. Жалпы табиғат пайдалану халықтың өмірлік қажеттерін қанағаттандыру үшін тегін және азаматтар мен ұйымдарға табиғи ресурстар берілместен жүзеге асырылады. Егер, заңдарда тікелей көрсетілсе, жалпы табиғат пайдалануды шектеуге жол беріледі.

Табиғатты арнайы пайдаланған жағдайда табиғи ресурстар табиғат пайдаланушыларға белгіленген тәртіппен пайдалану құқығына беріледі. Табиғатты пайдалану құқығы тұрақты немесе уақытша, иеліктен айырылатын немесе иеліктен айырылмайтын, ақылы немес ақысыз, бастапқы немесе кейінгі болуы мүмкін. Табиғатты арнайы пайдалану немесе табиғатты шектеулі пайдалану құқығының (сервитут) ерекшеліктері Қазақстан Республикасының заңдарымен бекітіледі.

Қазақстан Республикасының табиғат пайдалану құқығының объектісі барлық табиғи объектілердің жиынтығы, бүкіл қоршаған табиғи орта болып табылады. Ал, табиғат пайдаланушының табиғат пайдалану құқығының объектісі нақты табиғи объектілер, оның бөліктері, учаскелері болады.

Табиғат пайдалану құқығының түрлеріне қарай табиғат пайдаланушылар: жер пайдаланушылар, жер қойнауын пайдаланушылар, су пайдаланушылар, орман пайдаланушылар, жануарлар дүниесін пайдаланушылар және т.с.с. бөлінеді.

ҚР-ның «Қоршаған ортаны қорғау туралы» заңына сәйкес табиғат пайдаланушылар заңды және жеке тұлғалар, мемлекеттік және мемлекеттік емес, ұлттық және шетелдік деп бөлінеді.

Ұлттық табиғат пайдаланушыларға ҚР-ның азаматтары мен заңды тұлғалары, соның ішінде, шетел қатысатын заңды тұлғалар, шетелдік табиғат пайдаланушыларға шетел азаматтары, шетелдік заңды тұлғалар, шет мемлекеттер, халықаралық бірлестіктер мен ұйымдар жатады.

⁴⁰ Ерофеев Б.В. Экологическое право. Москва. Юриспруденция. 1999. С.113.

⁴¹ Культелеев С.Т. Экологическое право Республики Казахстан. Алматы. 2003. С.120.

Табиғат пайдаланушылар: табиғат пайдалану құқығы белгілі бір мерзіммен шектелмесе – тұрақты; табиғат пайдалану құқығы мерзіммен шектелсе – уақытша; табиғат пайдалану құқығы мемлекеттен немесе басқа бастапқы табиғат пайдаланушыдан сол құқықтан айыру тәртібімен алынған – бастапқы; табиғатты уақытша пайдалану құқығы бұл мәртебені өзінде сақтап қалатын бастапқы табиғат пайдаланушылардан шарт негізінде алған – кейінгі табиғат пайдаланушы болуы мүмкін.

Табиғат пайдалану құқығының мазмұнын табиғат пайдаланушылардың құқықтары мен міндеттері, олардың іске асырылуы құрайды. Табиғи ресурстарды тиімді пайдаланудың мазмұнына, заңдарға сәйкес, оларды мақсатына сай кешенді пайдалану кіреді.

Жер ауыл шаруашылығын дамыту үшін, елді-мекендерді орналастыру үшін, халық шаруашылығының салаларын дамыту үшін пайдаланылады.

Жер қойнауы пайдалы қазбаларды өндіру, жер асты құрылыстарын жүргізу үшін және тағы да басқа мақсаттар үшін қолданылады.

Су ресурстары кенеснді түрде әр түрлі мақсаттарда пайдаланылады: халықтың тұтынуы және тұрмыстық қажеті үшін, ауыл шаруашылық өндірісі үшін. Су электр станцияларының құрылысы үшін, кеме қозғалысы үшін, балық аулау және тағы басқа мақсаттарда.

Орман ағаш материалдарымен қамтамасыз ету үшін пайдаланылады, жер мен суды қорғауға, климатты реттеп отыруға ықпалын тигізеді.

Жануарлар дүниесін пайдалану аң аулау, балық аулау аркылы ғылыми-зерттеу, мәдени-сауықтыру, эстетикалық мақсаттар үшін іске асырылады.

Атмосфералық ауа табиғи объект, әуе кеңістігі ретінде қорғалады және өндірістік мақсаттар, әуе транспортының дамуы және тағы басқалар үшін пайдаланылады.

Табиғи-қорықтық объектілерді пайдалану ғылыми-зерттеу, мәдени-сауықтыру, тәрбиелік, эстетикалық және тағы да басқа мақсаттар үшін іске асырылады.

Жоғарыда аталған жайларға сәйкес, ҚР-ның «Қоршаған ортаны қорғау туралы» заңында табиғат пайдаланушылардың құқықтары мен міндеттері бекітіледі:

1. Табиғи ресурстарды нысаналы қызметіне және олардың берілу шарттарына сәйкес пайдалану;

2. Шаруашылық және өзге де қызметке белгіленген экологиялық талаптарды, қолданылып жүрген стандарттарды, техникалық шарттарды және қоршаған орта сапасының нормативтерін сақтауға;
3. Берілген табиғи ресурстарды үнемді пайдалануға, қоршаған ортаға зиян келтірмеуге және басқа табиғат пайдаланушылардың құқықтарының бұзылуына жол бермеуге;
4. Қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды молайту жөніндегі шараларды белгіленген тәртіппен жүргізуге;
5. Табиғи ресурстарды пайдаланғаны, қоршаған ортаны ластағаны, табиғи ресурстарды қорғағаны және молайтқаны үшін белгіленген ақыны дер кезінде төлеуге;
6. Қоршаған ортаны қорғау саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын органдардың талап етуі бойынша қажетті ақпарат беруге міндетті.

Табиғат пайдаланушылардың құқықтары заңмен қорғалады. Заңда көзделген негіздер болмаса ешкімді де табиғат пайдалану құқығынан айыруға немесе оны шектеуге жол берілмейді.

Табиғат пайдалану құқығын қорғау нормалар мен ережелерді бекіту, оларды сақтау және орындау, бақылау және қадағалау, алдын алу және ескерту жұмыстары, құқықтық насихат, құқықтық жауапкершілік шараларының қолданылуы және тағы басқа шараларды іске асыру арқылы жүргізіледі.

Табиғат пайдалану және қорғаудың негізгі принциптері: кешенділік; жалпыға ортақтық; жоспарлылық; табиғатты қорғау және тиімді пайдаланудың ғылыми-техникалық прогреспен үйлесімділігі; табиғатты құқықтық қорғаудағы халықаралық ынтымақтастық.

Табиғат қорғау нысандары: мемлекеттік органдардың құқық шығару, құқық қолдану, құқықты орындау және құқықты қорғау қызметі түрінде болады.

Қазақстан Республикасы азаматтарының және республика аумағында тұратын басқа да адамдардың өз өмірі мен денсаулығына қолайлы қоршаған ортаға, оның жай-күйі туралы ақпарат алуға, қоршаған ортаны қорғау туралы заңдардың бұзылуы салдарынан өз денсаулығы мен мүлкіне келтірілген залалдың өтелуіне құқығы бар.

Азаматтардың табиғи ресурстарды пайдалануға, оларды қорғау және молайту жөніндегі шараларды жүзеге асыруға, қоршаған ортаны қорғау мен сауықтыруға қатысуға;

Қоршаған ортаны қорғайтын қоғамдық бірлестіктер мен қорлар құруға;

Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі жиналыстарға, митингілерге, пикеттерге, шерулер мен демонстрацияларға, референдумға қатысуға;

Қоршаған орта мәселелері бойынша мемлекеттік органдарға хат, шағым, ұсыныс беруге, оларды қарауды талап етуге; қоғамдық экологиялық сараптама өткізу туралы ұсыныс жасап, оған қатысуға;

Кәсіпорындарды, құрылыстар мен экологиялық жағынан зиянды өзге де объектілерді орналастыру, құрылысын салу, қайта құру және пайдалануға беру туралы шешімдердің күшін жоюды, сондай-ақ, заңды және жеке тұлғалардың қоршаған орта мен адам денсаулығына теріс ықпал ететін шаруашылық және өзге де қызметін шектеуді, тоқтата тұруды және тоқтатуды әкімшілік немесе сот тәртібімен талап етуге;

Айыпты ұйымдарды, лауазымды тұлғалар мен азаматтарды жауапқа тарту туралы мәселелер қоюға, қоршаған ортаны қорғау туралы заңдардың бұзылуы салдарынан өз денсаулығына және мүлкіне келтірілген залалдың өтелуі туралы сотқа талап-арыз беруге құқығы бар.

Пысықтауға арналған сұрақтар:

1. Экологиялық пайдалану құқығының түсінігі.
2. Экологиялық пайдаланудың түрлері.
3. Экологиялық пайдаланудың пайда болу негіздері.
4. Экологиялық пайдаланушылардың құқықтары мен міндеттері.

7. Қоршаған табиғи ортаны экологиялық пайдалануды және қорғауды мемлекеттік реттеу.

Экологиялық пайдалануды және қоршаған ортаны қорғауды мемлекеттік реттеудің түсінігі. Табиғат пайдалануды және қоршаған ортаны қорғауды мемлекеттік басқару экологиялық заңнаманы жүзеге асыруды қамтамасыз етуге бағытталады. Қоршаған орта саласындағы мемлекеттік басқару экологиялық құқықтың пәнін құрайтын экологиялық құқықтық қатынастардың қалыптасуының негізгі құралы болып табылады. Мемлекеттік басқарудың арқасында экологиялық құқықта көзделген максаттарға қол жеткізіледі және экологиялық заңнаманың тиімділігі анықталады. Қоршаған табиғи ортаны экологиялық пайдалануды және қорғауды мемлекеттік басқару дегеніміз – табиғи ортаның белгілі бір құрылымын сақтауды қамтамасыз ететін, ұйымдастырылған жүйелер қызметі. Қоршаған ортаны қорғауды және

экологиялық пайдалануды мемлекеттік басқару Қазақстан Республикасының экономикалық және экологиялық жүйелерін реттеу арқылы іске асырылады. Егер, елдің экономикалық жүйесін басқару экономикалық қатынастарға ықпал ететін басқарушылық қызметін білдірсе, экологиялық жүйені басқару экологиялық жүйені сақтау үшін қажетті шаралардың жиынтығын құрайды.

Мемлекеттің экологиялық жүйені басқаруы ғылыми негізде, табиғат заңдары ескеріле отырып іске асырылуы қажет. Экологиялық жүйені басқару экологиялық пайдалануды (қоршаған ортаны қорғаумен байланысты) реттеу арқылы жүргізіледі.

Табиғатты пайдалануды және қоршаған ортаны қорғауды мемлекеттік басқару қоғамды әлеуметтік басқарудың бір бөлігі немесе экологиялық басқару болып табылады. Басқару объектісі – табиғат пайдалану және қоршаған ортаны қорғау саласындағы қызмет. Басқару мақсаты – табиғатты пайдалану және қорғау саласындағы жоспарлар мен шаралардың орындалуын, осы саладағы заңдардың талаптарының сақталуын, қазіргі және болашақ ұрпақ үшін табиғи байлықтарды сақтап қалуды, адамды қоршаған ортаны жақсартуды қамтамасыз ету. Экологиялық заңдарға сәйкес, табиғатты тиімді пайдалануды және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ететін міндеттер мемлекеттік реттеу органдарының қызметімен байланысты. Қоршаған ортаны қорғауды және табиғи ресурстарды тиімді пайдалануды қамтамасыз етуге бағытталған шаралардың жиынтығы реттеу қызметін білдіреді. Экологиялық құқық саласындағы қызметтерге: экологиялық нормалау, экологиялық сараптама, экологиялық сертификаттау, экологиялық аудит, табиғи ресурстардың кадастры, экологиялық лицензиялау, табиғат пайдалануды және қоршаған ортаны қорғауды жоспарлау және т.б. жатқызуға болады.

«Қоршаған ортаны қорғауды және табиғат пайдалануды мемлекеттік басқару өзіндік әдіс-тәсілдердің көмегімен іске асырылады. Мемлекеттік басқару әдістері әкімшілік, экономикалық және моральдық деп бөлінеді», - дейді М.М.Бринчук. Ол «бұйрық беру арқылы мемлекеттік мәжбүрлеу жолымен қамтамасыз етілетін - әкімшілік әдіс, экологиялық заңдарды орындату үшін ұйымдар мен еңбек ұжымдарына экономикалық қызығушылық жасау – экономика-лық әдіс, мемлекет тарапынан марапаттау - моральдық әдіс», - деп түсіндіреді⁴². Ал, Б.В.Ерофеев «мемлекеттік реттеу нысандарын құқық шығару, құқық

⁴² Бринчук М.М. Экологическое право. Москва. 2002. С. 224.

қолдану, құқық қорғау деп топтастырса, мемлекеттік реттеудің құқықтық әдістерін императивті әдіс, ұсыныс жасау әдісі, санкциялау әдісі, рұқсат ету әдісі» деп бөледі⁴³. Мемлекеттік реттеудің құқықтық әдістеріне қысқаша сипаттама берелік. Императивті әдіс мемлекеттік реттеу органының қоршаған ортаны қорғау жөнінде шығарған шешімін міндетті түрде орындауды талап ететін міндетті нұсқаулар әдісі. Ұсыныс жасау әдісі жергілікті жағдайлар мен шарттардың ерекшеліктерін ескере отырып шешім қабылдаумен түсіндіріледі. Бұл ереже ұсыныс сипатына ие. Санкциялау әдісін қолдану барысында мемлекеттік орган қабылдаған шешім күшіне енуі үшін жоғары тұрған орган осы шешімді бекітуін қажет етеді. Рұқсат ету әдісі шаруашылық субъектісіне шешім қабылдау еркіндігін береді және жоғарыдан бекітуді қажет етпейді.

Қорыта келе, қоршаған ортаны қорғауды және табиғат пайдалануды мемлекеттік басқару дегеніміз – қоршаған ортаны қорғау туралы заң талаптарын қамтамасыз етуге бағытталған, экологиялық қатынастардың субъектілерінің іс-әрекетіне мемлекеттік реттеу әдістері арқылы ықпал ететін шаралардың жиынтығы деп анықтама беруге болады.

Экологиялық пайдалануды мемлекеттік басқару бірқатар айрықша принциптермен сипатталады. Бірқатар ғалымдар экология саласындағы мемлекеттік басқару принциптеріне:

адамның өмірі мен денсаулығын қорғаудың басымдылығы, халықтың өмірі үшін қолайлы қоршаған ортаны сақтап қалу және қалпына келтіру;

табиғи ресурстарға мемлекеттік меншік, мемлекет тарапынан қадағаланып отыратын жерге жеке меншік;

мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық даму міндеттерін шешу барысында қоғамның дамуының экологиялық міндеттерін теңестіре отырып шешу;

экологиялық тәртіпті қамтамасыз ету үшін экономикалық ынталандыру енгізу жолымен басқарудың экономикалық әдістерін қолдану принциптерін жатқызады⁴⁴.

М.М.Бринчук «қоршаған ортаны қорғауды және табиғат пайдалануды мемлекеттік басқару: басқарудың заңдылығы; қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалану мәселелерін шешуге кешенді көзқарас; қоршаған ортаны қорғауды және табиғат пайдалануды басқаруды

⁴³ Ерофеев Б.В. Экологическое право. Москва. 1999. 133.

⁴⁴ Бехишева С.Д. Экологическое право РК. Караганда. 2001. С. 46.

ұйымдастырудың бассейндік және әкімшілік-аумақтық принциптерінің үйлесімділігі; арнайы өкілетті мемлекеттік органдардың қызметін ұйымдастыру барысында шаруашылық-эксплуатациялық және бақылау-қадағалау міндеттерін бөлу⁴⁵ принциптеріне негізделеді», - дейді.

Б.В.Ерофеев өзінің еңбектерінде экологиялық пайдалануды реттеудің мазмұны төмендегідей принциптермен сипатталадығын жазады.

А) Экологиялық пайдалануды мемлекеттік реттеудегі заңдылық принципі. Мемлекеттік және қоғамдық ұйымдар, лауазымды тұлғалар, мемлекеттік органдар заңдылық негізінде қызмет етеді. Бұл азаматтарға да міндетті талап. Экологиялық пайдалануды мемлекеттік реттеудегі заңдылық принципі:

біріншіден, реттеу саласында нормативтік-құқықтық актідегі ережелерді дәл және уақытылы орындауды; екіншіден, заң нормаларында қайшылық болғанда дұрыс шешім қабылдауды білдіреді.

Б) Қоршаған ортаны қорғаудың басымдылығы принципінің екі жағы бар:

біріншіден, шаруашылық мүдделері мен қоршаған ортаны қорғау талаптары арасында қайшылық туғанда қабылданатын шешім экологиялық жүйені сақтап қалу мүддесін ескеруі қажет; екіншіден, бір табиғат объектісін пайдалану басқа табиғи ресурстарға немесе бүкіл қоршаған ортаға зиян келтірмеуі керек.

В) Қоршаған ортаны қорғауды экологиялық пайдалануды мемлекеттік реттеудің жоспарлылығы принципі мыналармен түсіндіріледі: біріншіден, экологиялық пайдалануды реттеу жөніндегі шаралар жоспарланады, олар бекітілгеннен кейін міндетті сипатқа ие болады; екіншіден, жасалған жоспарлар мен бағдарламалардың іске асырылуы нәтижелеріне бақылау жүргізіліп отырылуы тиіс.

Экологиялық пайдалануды мемлекеттік реттеу органдарының жүйесі. Атаулы органдарды олардың өкілеттіктеріне қарай жалпы өкілетті, салааралық және салалық өкілетті органдар деп бөлуге болады. Жалпы өкілетті органдарды бір ерекше түрге біріктірудің мәні неде – Себебі, қоршаған ортаны қорғау және экологиялық пайдалану жөніндегі сұрақтарды шешу, біріншіден, бұл органдардың арнайы міндетіне жатпайды, екіншіден, бұл органдардың шешімдерінің белгілі бір аймақтық шегі бар және осы органдардың өкілеттігі жүретін территорияда орналасқан барлық азаматтар мен заңды тұлғаларға

⁴⁵ Бринчук М.М. Экологическое право. Москва. Юрист. 2002. С.224.

қатысты болады. Мысалы: ҚР Үкіметі халық шаруашылығының барлық салаларына қатысты мәселемен айналысады. Егер, Үкімет қаулысы бүкіл Қазақстан аумағында әрекет етсе, жер комитетінің шешімдері жер қатынастарына ғана немесе нақты жер учаскесіне ғана қатысты болады. Орталық атқарушы және өкілді органдар секілді жергілікті басқару органдары да басқа органдармен салыстырғанда жалпы өкілеттілікті іске асырады, яғни, экологиялық пайдалану және қоршаған ортаны қорғауды кешенді түрде реттеуді өзінің өкілеттігі шеңберінде іске асырады.

Жалпы өкілетті органдарға: ҚР Парламенті, ҚР Үкіметі, облыстық, қалалық, аудандық өкілетті және атқарушы органдар жатады. Өкілетті органдар табиғи ресурстарды қорғау және тиімді пайдалану шаралары туралы мәселелерді қарайды. Ал, атқарушы органдар мемлекеттік басқару функциясын іске асырады, табиғатты тиімді пайдалану және қорғау жөніндегі, адамды қоршаған ортаны сауықтыру жөніндегі шараларды жүргізуді, дайындауды қамтамасыз етеді.

Салалық өкілетті органдарға Денсаулық сақтау министрлігі, Ішкі істер министрлігі, Стандарттау және сертификаттау органдары және т. б. жатады. Осы секілді министрліктердің және ведомстволардың қабылдайтын актілерінің міндетті күші болады. Мысалы: Стандарттау комитетінің қабылдаған стандарттары барлық заңды және жеке тұлғаларға міндетті.

Салалық өкілетті органдар бір табиғи объектіге қатысты ведомстволық реттеуді іске асырады және шаруашылық жүргізетін барлық ведомстволар үшін міндетті актілер шығарады.

Қоршаған ортаны қорғау және экологиялық пайдалануды мемлекеттік реттеу функциясын қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстар министрлігі және оның жергілікті жерлердегі аумақтық органдары атқарады. Табиғи ресурстардың жеке түрлерін пайдалануды және қорғауды мемлекеттік реттеу функциясын қоршаған ортаны қорғау және пайдалануды реттеу саласындағы арнайы өкілетті органдар орындайды. Оларға: Жер ресурстарын басқару жөніндегі комитет, Геология және жер қойнауы ресурстарын басқару жөніндегі комитет, ащшылық, балық аулау, орман шаруашылығының комитеті, Ауыл шаруашылық министрлігі, Су ресурстарын басқару жөніндегі комитет және т.б. жатады. Бұл органдар табиғи ресурстарды пайдалану және қорғауға мемлекеттік басқару жүргізу жөніндегі арнайы өкілеттігі бар органдар болып табылады. Олар қоршаған ортаны қорғауды бақылау, қоршаған ортаның жай-күйін, шаруашылық және өзге де

қызметтің ықпалы мен оның өзгерістерін байқап отыруды, қоршаған ортаны қорғау мен сауықтыру, табиғи ресурстарды молайту және ұтымды пайдалану жөніндегі жоспарлар мен шаралардың орындалуын, қоршаған ортаны қорғау туралы заңдардың, оның сапалық нормативтері мен экологиялық талаптардың сақталуын тексеруді өзіне міндет етіп қояды.

Пысықтауға арналған сұрақтар:

1. Қоршаған ортаны қорғауды және экологиялық пайдалануды мемлекеттік реттеудің түсінігі.

2. Қоршаған ортаны қорғауды және экологиялық пайдалануды мемлекеттік реттеудің принциптері.

3. Қоршаған ортаны қорғауды және экологиялық пайдалануды мемлекеттік реттеу органдарының жүйесі.

4. Экологиялық пайдалануды мемлекеттік реттеудің нысандары мен тәсілдері.

8. Табиғи ресурстар кадастры

Табиғи ресурстар кадастрының түсінігі. Экономика мен экологияның карама - қайшылығы қоршаған ортаны қорғаудың өзекті мәселелерінің бірі. Экологиялық құқықтық қатынастарды реттеуде әкімшілік-құқықтық әдістің басым қолданылатындығын біз жазған болатынбыз. Әкімшілік-құқықтық ықпал ету билік пен бағыну қатынасынан туындаса, экономикалық ықпал ету әдісі табиғат пайдаланушының материалдық мүддесіне келіп тіреледі. Барлық табиғи ресурстардың кадастрын жүргізу, яғни, экономикалық есеп функциясы экологиялық заңдармен реттеледі. Мемлекеттік экологиялық кадастр – табиғи ресурстардың сандық және сапалық көрсеткіштерін сипаттайтын, олардың табиғи, шаруашылық және құқықтық жағдайы туралы құжаттар мен мәліметтердің жүйесін білдіреді. Табиғи ресурстар кадастрының мәліметтері табиғатты пайдалануда, қоршаған ортаны қорғауда, табиғи ресурстың бағасын анықтауда, қоршаған ортаны қалпына келтіру жөніндегі шараларды анықтауда негізге алынады. Табиғи ресурстардың біртұтас кадастры болмайды. Кадастрлар табиғи ресурстың түрі бойынша топтастырылады.

Мемлекеттік жер кадастры дегеніміз – Қазақстан Республикасындағы жерлердің табиғи және шаруашылық жағдайы, орналасқан жері, нысаналы мақсаты туралы, жер учаскелерінің мөлшері мен шекаралары туралы, сапасы, кадастрлық құны туралы мәліметтердің жүйесі. Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан жер учаскелерінің барлығы меншік нысанына, нысаналы мақсатына қарамастан мемлекеттік кадастрға есепке алынуы тиіс. Мемлекеттік жер кадастры мынадай жұмыс түрлерін қамтиды: жер учаскесінің кадастрлық ісін қалыптастыру; жерлердің саны мен сапасын есепке алу; жер учаскелерінің меншік иелерін және жер пайдаланушыларды, сондай-ақ, жер қатынастарының басқа да субъектілерін есепке алу; мемлекеттік тіркеу мақсаты үшін жер учаскелерін есепке алу; жерлерді мемлекеттік кадастрлық бағалау; жер учаскелері және олардың субъектілері туралы ақпараттарды жинау, өңдеу және жүргізу; мемлекеттік жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесін құру және жүргізу; жер-кадастрлық карталарды дайындау және жүргізу; жер-кадастрлық кітаптарды жүргізу; жер учаскелеріне құқық беретін құжаттарды дайындау.

Мемлекеттік су кадастры - еліміздің су ресурстарының жай-күйі, оларды пайдалану және қорғау туралы мәліметтердің жиынтығын құрайды. Мемлекеттік су кадастрын жүргізудің мақсаты - экономика салаларын сулардың жай-күйі, сапасы және пайдаланылуы туралы, жалпы су объектілері туралы қажетті мәліметтермен қамтамасыз ету. Мемлекеттік су кадастрын жүргізу барысында мынадай шаралар іске асырылады: ақпараттар жинау, өңдеу, сақтау, автоматтандырылған мәліметтер жиынтығын қалыптастыру; мемлекеттік су кадастрын жүргізу және жетілдіру жөніндегі жұмыстарды жоспарлау, олардың атқарылуын бағалау және басқару; мемлекеттік су кадастрын жүргізу жөніндегі ережелерді және әдістемелік нұсқауларды дайындау; су ресурстарының болашақта болатын және ағымдағы өзгерістерін анықтау; мемлекеттік су кадастрының басылымдарын дайындау және басып шығару; мемлекеттік су кадастрын жетілдіру жөніндегі ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу және т.б.

Мемлекеттік орман кадастры орман қорының сандық және сапалық жай-күйі, құқықтық жағдайы туралы, орман ресурстарының экономикалық бағасы туралы мәліметтердің жиынтығын білдіреді. Мемлекеттік орман кадастры орман қоры туралы ақпараттардан тұратын орманға орналастыру, зерттеу, ормандарды мемлекеттік есепке алу материалдары негізінде жүргізіледі. Қазақстан Республикасының

орман шаруашылығын басқару органдары орманды иеленушілерді тіркейді, ормандар туралы мәліметтерді жүйелендіреді, зерттейді және сақтайды, мемлекеттік орман кадастрын жүргізу үшін қажетті әдістемелік нұсқауларды және ережелерді дайындайды және бекітеді.

Мемлекеттік жер қойнауы кадастры дегеніміз - әрбір кен орны бойынша рәсімделетін, жүйелендірілген, толықтырылып және нақтыландырылып отырылатын мәліметтер жиынтығы. Жер қойнауының кадастры пайдалы қазбалардың саны және сапасы, кен орнын игерудің жағдайлары, оның геологиялық-экономикалық бағасы және адамның денсаулығына кері әсерін тигізетін элементтердің болуы туралы мәліметтерді қамтиды. Мемлекеттік кадастрда мыналар есепке алынуы керек: пайдалы қазбалары мемлекеттік баланста есепке алынған кен орындары; пайдалы қазбалары мемлекеттік баланстан шығарылып тасталған кен орындары; геологиялық және кеңістік жағынан жеке-дараланған ірі кен орындары; қайнар түріндегі тұщы және минералды су көздері; мұнай және газ көздері және т.б.

Жануарлар дүниесінің мемлекеттік кадастры және жануарларды мемлекеттік есепке алу жануарлар дүниесін қорғауды және тиімді пайдалануды қамтамасыз ету үшін жүргізіледі. Жануарларды мемлекеттік есепке алу және жануарлардың мемлекеттік кадастрында жануарлардың географиялық таралуы, олардың жай-күйі және саны, тіршілік ететін ортасы туралы, жануарларды шаруашылықта пайдалану мүмкіндігі туралы мәліметтер болады. Жануарларды мемлекеттік есепке алу және жануарлар дүниесінің мемлекеттік кадастрын жүргізу: аңшылық объектісі болып табылатын жабайы жануарлар бойынша; құрып кету қаупі бар және сирек кездесетін су жануарлары мен балықтар бойынша; өсімдіктерге зиянды және ауыл шаруашылығына пайдалы насекомдар бойынша; Қызыл кітапқа енгізілген жануарлар бойынша; ерекше қорғалатын табиғи аумақтардағы барлық жануарлар бойынша; табиғи инфекция аумақтарында тіршілік ететін және адамның өмірі үшін қауіп тудыратын жануарлар бойынша атқарылады.

Табиғи ресурстардың кадастрлық есебінің өзіндік ерекшеліктері:

- 1) Табиғи ресурстардың есебі натуралды нысанда жүреді. Мысалы: жер ресурстары оның саны, сапасы, жер пайдаланушылар бойынша есепке алынады.
- 2) Кадастрлық есепті жүргізу тәртібі, осы есепті жүргізетін арнайы органдар мен лауазымды тұлғалар, кадастрлық мәліметтерді берудің арнаулы мерзімдері болады.

- 3) Кадастрлық жүйелер үздіксіз іске асырылады. Себебі шаруашылық қызметтің нәтижесінде табиғи ресурстар өзгеріске ұшырап отырады. Мысалы: өнеркәсіп аудандары туралы мәліметтер 10 жылдан соң ескіріп қалады.
- 4) Белгіленген тәртіппен қабылданған кадастрлық мәліметтер жүйелендірілген, категориялар бойынша құрастырылған.
- 5) Кадастрдың әрбір түрі бойынша ҚР Үкіметінің қаулысымен бекітілген арнайы ережелер қабылданған. Атаулы ережелер кадастрлық процесті реттейді.

Демек, табиғи ресурстардың кадастры дегеніміз - табиғи ресурстың санын және сапасын, табиғи ресурстарды пайдаланушылардың құрамын және санаттарын сипаттайтын экономикалық, экологиялық, ұйымдастырушылық және техникалық мәліметтердің жиынтығы деп қорытынды жасауға болады.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының экологиялық кодексіне сәйкес, Қазақстан Республикасының табиғи ресурстары мемлекеттік кадастрларының бірыңғай жүйесі, Қазақстан Республикасының табиғи және экономикалық әлеуетінің бірыңғай жалпы мемлекеттік кешенді есебін жүргізу мен бағалауды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының табиғи ресурстары мемлекеттік кадастрларының барлық түрлерін біріктіретін салааралық ақпараттық жүйе ретінде құрылады және жүргізіледі.

Пысықтауға арналған сұрақтар:

1. Табиғи ресурстар кадастрының түсінігі.
2. Табиғи ресурстар кадастрының түрлері.
3. Табиғи ресурстар кадастрларының ерекшеліктері.

9. Экологиялық бақылаудың ұйымдастырушылық-құқықтық нысандары.

Экологиялық бақылаудың түсінігі, мақсаты және объектілері. Экологиялық бақылау қоршаған ортаны қорғауды және табиғи ресурстарды тиімді пайдалануды қамтамасыз ететін құқықтық шара. Экологиялық бақылау – табиғат пайдаланушылардың қызметін экологиялық талаптар мен шарттарға сәйкестендіруді қамтамасыз етуге бағытталады. Ол мемлекеттің экологиялық қызметінің бір көрінісі. Экологиялық бақылау азаматтардың, кәсіпорындар мен мекемелердің

табиғи ортаны пайдалану және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі экологиялық талаптарды орындауын тексерумен түсіндіріледі. Экологиялық бақылаудың негізінде табиғат пайдаланушы субъектілердің қоршаған ортаны қорғау жөніндегі міндеттерін орындатуға қол жеткізіледі. Демек, экологиялық бақылау табиғатты тиімді пайдалануды және экологиялық жүйені сақтап қалуды ұйымдастырушылық құқықтық қамтамасыз ету тәсілі деп айтуға болады.

Экологиялық бақылаудың мақсаты – экологиялық құқықбұзушылықтың алдын алу және оны жою арқылы қоршаған ортаны қорғау. Экологиялық бақылау құқықтық шара ретінде ақпараттық, ескертушілік және жазалаушылық міндеттер атқарады. Ақпараттық бақылау – ескерту және жазалау шараларын қолдану мақсатында тиісті мемлекеттік органдарға беру үшін қажетті экологиялық ақпарат жинаумен түсіндіріледі. Ескертушілік бақылау қоршаған ортаны қорғау жөніндегі шараларды орындамау және заң нормаларын сақтамау салдарынан туындауы мүмкін деген зардаптың алдын алуға бағытталған. Жазалаушылық бақылау – қоршаған ортаны қорғау жөніндегі міндетті шараларды орындамаған құқықбұзушыларға мемлекеттік күштеу шараларын қолдануды көздейді.

Экологиялық бақылаудың объектісі - қоршаған ортаның жай-күйі, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі міндетті шараларды орындау, қоршаған ортаны қорғау туралы заңдарды сақтау, табиғи ресурстардың жеке түрлерін пайдаланумен және қоршаған ортаға ықпал етумен байланысты шаруашылық және тағы басқа қызмет.

Қазақстан Республикасының «Қоршаған ортаны қорғау туралы» заңына сәйкес, қоршаған ортаны қорғау саласындағы бақылаудың міндеттері:

- қоршаған ортаның жай-күйін, шаруашылық және өзге де қызметтің ықпалымен болатын оның өзгерістерін байқап отыруды;
- қоршаған ортаны қорғау мен сауықтыру, табиғи ресурстарды толықтыру және шаралардың орындалуын;
- қоршаған ортаны қорғау туралы заңдардың, оның сапа нормативтері мен экологиялық талаптардың сақталуын тексереді.

Қазақстан Республикасының «Қоршаған ортаны қорғау туралы» заңында, экологиялық бақылау мемлекеттік, ведомстволық, өндірістік және қоғамдық деп ажыратылған болатын. Мұндай топтастырудың

негізінде жүргізілетін бақылаудың аясы және жүргізетін субъектісі алынды.

Қазақстан Республикасының экологиялық кодексінде «қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды қорғау, молықтыру мен пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылаудың мақсаты экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, табиғи және энергетикалық ресурстарды үнемдеу, биологиялық ресурстарды орнықты пайдалану, ұлттық өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру болып табылады» деп бекітілген.

Мемлекеттік экологиялық бақылауды атқарушы органдар, қоршаған ортаны қорғау министрлігі, санитарлық – эпидемиологиялық станциялар жүргізеді. Мемлекеттік бақылауды өзінің құзіреті шеңберінде арнайы өкілетті мемлекеттік органдар мен жергілікті атқарушы органдар да жүзеге асырады. Мемлекеттік экологиялық бақылаудың басты ерекшелігі – оның мемлекет атынан жүргізілетіндігінде. Өзінің экологиялық қызметінің шеңберінде әрекет ететін мемлекеттің экологиялық бақылауы анағұрлым тиімді деп саналады. Себебі, мемлекет мемлекеттік экологиялық бақылауды жүзеге асыру барысында мемлекеттік билік өкілеттігін іске асырып қана қоймай, қажет болған жағдайда арнайы мемлекеттік органдардың: соттың немесе прокуратураның қолдауына да жүгіне алады.

Ведомстволық экологиялық бақылау ҚР-ның орталық атқарушы билік органдарының өздеріне ведомстволық бағынышты субъектілердің қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды тиімді пайдалану жөніндегі талаптарды орындауын қамтамасыз етумен сипатталады. Атаулы субъектілерге ведомстволық бағынышты мекемелер, ұйымдар мен кәсіпорындар жатады. Ведомстволық бақылауды орталық мемлекеттік органдар, министрліктер және ведомстволар атқарады. Ведомстволық экологиялық бақылаудың мазмұны саланың ерекшеліктерімен, ведомствоға қарасты субъектілердің экологиялық маңызы бар міндеттерімен, ведомстволық экологиялық бақылауды жүргізетін тұлғалардың құқықтары және міндеттерімен анықталады.

Өндірістік экологиялық бақылау кәсіпорындардың және басқа да шаруашылық субъектілерінің өндірістік-шаруашылық қызметі саласында жүзеге асырылады. Қоршаған ортаны зиянды қалдықтардан қорғау және табиғи ресурстарды тиімді пайдалану жөніндегі талаптар бірінші кезекте кәсіпорындарға қатысты екендігі белгілі. Себебі, кәсіпорындар табиғатты пайдаланатын және ластайтын негізгі

шаруашылық субъектісі болып табылады. Өндірістік экологиялық бақылаудың мазмұны кәсіпорынның ерекшелігімен сипатталады. Өндірістік экологиялық бақылауды кәсіпорын басшысы немесе экологиялық қызметті іске асыру міндеті жүктелген бөлім орындайды. Өндірістік экологиялық бақылауды жүргізу барысында қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды тиімді пайдалану жөніндегі шаралардың орындалуы, қоршаған ортаға тастауға болатын зиянды қалдықтардың шектеулі мөлшері нормативтерінің сақталуы тексеріледі.

Қоғам мен қоршаған ортаның арақатынасын құқықтық реттеуде демократияландыру бағытындағы өзгерістер байқалуда. Азаматтар мен қоғамдық (әсіресе, экологиялық) бірлестіктер шаруашылық субъектілерінің және басқару органдарының өздеріне жүктелген экологиялық талаптар-мен міндеттерді орындауын бақылау құқығына ие болды. Қоғамдық экологиялық бақылаудың мақсаты – қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды тиімді пайдалану жөніндегі шараларды атқаруда, экологиялық құқықбұзушылықтарды анықтау және алдын алуда мемлекеттік органдарға ықпал ету. Қоғамдық экологиялық бақылау азаматтардың және экологиялық бірлестіктердің қоршаған ортаны қорғауға қатысуының бір нысаны болып табылады. Қоғамдық бақылауды қоғамдық бірлестіктер өзінің бастамасы негізінде, табиғат пайдаланушылармен және қоршаған ортаны қорғау саласындағы арнайы өкілетті мемлекеттік органдармен жасалған шарттар бойынша жүзеге асырады.

Мемлекеттік және қоғамдық экологиялық бақылау органдарының қызметтестігін және арақатынасын дамыту экологиялық бақылаудың тиімділігін арттыруға ықпалын тигізеді.

Экологиялық мониторинг қоршаған ортаны қорғау шарасына және мемлекеттік басқару функциясына жатады. Мониторинг дегеніміз – қоршаған ортаның жай-күйін және онда болып жатқан өзгерістерді бақылау, бағалау және болжам жасау.

Қоршаған ортаның жай-күйін бақылау ондағы болып жатқан физикалық, химиялық, биологиялық процестерді байқау мақсатында, атмосфералық ауаның, топырақтың, су ресурстарының ластану деңгейін, олардың жануарлар және өсімдіктер дүниесіне ықпал ету салдарын байқау үшін, азаматтар мен заңды тұлғаларды қоршаған ортаның жай-күйі туралы ақпаратпен қамтамасыз ету үшін және оның жай-күйін болжау, алдын алу үшін ұйымдастырылады.

Мониторингтің барлық түрі негізгі 3 міндетті атқарады:

- 1) Қоршаған ортаның жай-күйін бақылау;
- 2) Қоршаған ортаның жай-күйін бағалау;
- 3) Қоршаған ортаның жай-күйіне болжам жасау.

Қоршаған ортаның жай-күйін бақылау дегеніміз – қоршаған ортаның жай-күйіне, оларға антропогендік ықпал ету негіздеріне бақылау жүргізу. Қоршаған ортаның жай-күйін бағалау дегеніміз – қажетті мәліметтердің үш тобын анықтау: қоршаған ортаға келетін шығынның мөлшерін анықтау, адамның мүддесіне пайдаланылатын табиғи ресурстар қорын анықтау, экологиялық, әрі экономикалық тұрғыда тиімді қызмет тәсілін анықтау. Қоршаған ортаның жай-күйіне болжам жасау дегеніміз – қоршаған ортаға келетін зардаптың алдын алатын, неғұрлым тиімді тәсілдерді анықтау.

Экологиялық мониторинг қоршаған ортаның жай-күйін және экологиялық қауіпсіздікті басқаруды қамтамасыз ету үшін қажетті шешімдер қабылдау мақсатында, ғылыми негізделген бағдарламалар бойынша орындалатын бақылау, бағалау және жорамал жасау іс-шараларының кешені.

Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың мемлекеттік мониторингін қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалануды басқару міндеттерін атқаратын арнайы өкілдік берілген мемлекеттік мониторинг жүйесі жүзеге асырады.

Экологиялық сақтандыру. Қоршаған ортаның жай-күйінің өзгерістері адамзат алдында тұрған өзекті мәселелердің бірі. Товар өндірісі және шикізатты тұтыну қоршаған ортаны ластаумен қатар іске асырылуда. Тәжірибе көрсетіп отырғандай, қоршаған ортаны қорғаудың әкімшілік әдістері нарықтық экономика жағдайында тиімді деп айтуға негіз жоқ. Экологиялық пайдалануды әкімшілік басқару әдістерімен қатар экономикалық ынталандыру әдістерін де қолданған дұрыс болар еді. Сондықтан да, шаруашылық субъектілерінің экономикалық мүдделеріне ықпал ете отырып, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі шараларды іске асыру арқылы экологиялық ынталандыру әдістерін іздестіру қажеттігі туындайды. Осындай жағдайда экологиялық сақтандыру аталған өзекті мәселені шешудің бірден-бір жолы деп айтуға болады. Экологиялық сақтандыру белгілі бір сақтандыру жағдайларында жеке және заңды тұлғалардың мүліктік мүдделерін қорғаудың нысаны болып табылады.

Экологиялық сақтандыру қоршаған ортаны қорғау саласында аса маңызды шаралардың бірі болып табылады. Экологиялық сақтандыру дегеніміз қоршаған ортаны ластаудың және табиғи ресурстарды

ұтымды пайдаланбаудың салдарынан белгілі бір сақтандыру оқиғалары болған жағдайда сақтанушылар өздеріне сақтандырушылар төлейтін сақтандыру төлемдерінен құралатын ақша қорлары есебінен, сондай-ақ, заңдармен тиым салынбаған өзге де көздерден сақтандыру өтемдерін төлеу арқылы заңды тұлғалар мен азаматтарды мүліктік жағынан қорғау жөніндегі қатынас болып табылады.

Экологиялық сақтандырудың осындай ұғымы қазіргі кезде барлық елдермен танылған. Қазақстан Республикасының заңдарымен экологиялық сақтандырудың екі нысаны бекітілген: міндетті экологиялық сақтандыру және ерікті экологиялық сақтандыру.

Шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық жағынан қауіпті түрлерімен айналысатын заңды тұлғалар мен азаматтар міндетті түрде экологиялық сақтандырылуға тиіс. Міндетті сақтандыру шарты сақтандырудың осы түріне лицензиясы бар сақтандырушымен ғана жасалуы мүмкін.

Ерікті экологиялық сақтандыру заңды тұлғалар мен азаматтардың өз еркін білдіруі бойынша жүзеге асырылады. Ерікті экологиялық сақтандырудың мән-жайлары келісім-шартпен анықталады.

Экологиялық сертификаттау қоршаған ортаны қорғаудың бір нысаны болып табылады. Экологиялық сертификаттау қоршаған ортаны және азаматтардың экологиялық құқықтарын қорғаудың нысаны ретінде экологиялық сараптамаға ұқсас. Сертификаттаудың да, сараптаманың да мақсаты товардың немесе объектінің экологиялық талаптарға сәйкестігін анықтау. Атаулы шаралардың айырмашылығы - олардың қандай объектіге қатысты жүргізілетіндігінде. Сараптаманың объектісі – жобалық және жоспарлық құжаттар болса, сертификаттаудың объектісі – дайын өнім болып табылады. Демек, экологиялық сертификаттаудың объектілеріне жаңа техника, материалдар, заттар жатады. Экологиялық сертификаттау табиғи ресурстарды тиімді пайдалануды қамтамасыз ету жөніндегі, қоршаған ортаны және халықтың денсаулығын экологиялық жағынан қауіпті және зиянды өнімдерден және қызмет түрлерінен қорғау жөніндегі міндеттерді шешеді.

Экологиялық сертификаттау дегеніміз - өнімнің сапасын объективті түрде бақылау тәсілі болып табылады және оның белгіленген талаптарға сәйкес, бекітілуін білдіреді. Сертификаттаудың түрлері:

- 1) Сертификаттау объектісіне байланысты:
 - өнімді сертификаттау;
 - қызметті сертификаттау;

- жұмысты сертификаттау;
- 2) Сертификаттау сипаты бойынша:
 - міндетті сертификаттау;
 - ерікті сертификаттау.

Сертификаттауды жүргізудің мақсаты:

- 1) Шығарылатын өнімнің қоршаған орта үшін, адамның өмірі, денсаулығы және мүлкі үшін қауіпсіздігін бақылау;
- 2) Товар өндірушінің өнімінің сапалық көрсеткіштерін растау;
- 3) Тұтынушыны сапасыз өнімнен, қызметтен қорғау;
- 4) Тұтынушының өнімдерді таңдауына ықпал ету;
- 5) Кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар және кәсіпкерлер үшін қызмет ету жағдайын жасау.

Демек, өнімді, жұмысты, қызметті және тағы да басқа объектілерді сертификаттау барысында басты назар аударатын мәселе осы объектілердің қоршаған орта, адам өмірі, денсаулығы, оның мүліктері үшін қауіпсіздігі екен. Сол себепті, «экологиялық сертификаттау – сертификатталатын объектінің, яғни, өнімнің, жұмыстың және қызметтің экологиялық талаптарға сәйкестігін растау жөніндегі қызмет», - деп тұжырым жасай аламыз.

Экологиялық аудит. «Аудит» сөзі бухгалтерлік құжаттарды тексеру, ревизия жүргізу дегенді білдіреді. Аудиторлық қызмет – қаржылық-экономикалық саладағы сарапшылық (эксперттік) қызмет. Ал экологиялық аудит дегеніміз – ұйымдар мен азаматтардың шаруашылық және өзге де қызметін, олардың табиғи ресурстарды пайдалану және толықтыру жөніндегі есеп беруінің дұрыс жасалуын қоса алғанда, қоршаған ортаны қорғаудың нормалары мен ережелерін, экологиялық талаптарды сақтауын тәуелсіз тексеру. Экологиялық аудит қоршаған ортаны қорғаудың бір нысаны және экологиялық құқықтың институты болып табылады. Экологиялық аудит дүние жүзі бойынша кең тараған және жиі кездесетін қызмет түрі болғандығына қарамастан Қазақстан Республикасында әлі толықтай қолға алына қойған жоқ. Экологиялық аудиттің қоршаған ортаны қорғау механизміндегі маңызы зор. Экологиялық аудитті жүргізудің ақылға сыйымдылығы заңды тұлғалардың және кәсіпкерлердің мүдделерімен сәйкес келеді. Кез келген кәсіпорынның және кәсіпкердің шаруашылық қызметін ұйымдастыру барысында қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды тиімді пайдалану жөніндегі шараларды ұйымдастыруға қатысты ғылыми негізделген нұсқаулар алуына экологиялық аудиттің нәтижесі бастама болмақ. Сондықтан да табиғи

ресурстарды пайдаланумен және қоршаған ортаға ықпал етумен байланысты шаруашылық қызметін жүргізетін заңды тұлғалар мен кәсіпкерлер үшін экологиялық аудитті жүргізу кезек күттірмес экологиялық шараға айналуы керек. Экологиялық аудиттің елімізде дамуы экологиялық қана емес, экономикалық мәселелерді шешуге де мүмкіндік беретіні сөзсіз.

Экологиялық аудит төмендегідей бағыттарда жүргізіледі:

Өндіріс объектілерінің экологиялық аудиті;

Аймақтардың экологиялық аудиті;

Экологиялық консалтинг.

Өндіріс объектілерінің экологиялық аудиті. Жұмыстың негізгі мақсаты – кәсіпорындардың қоршаған ортаны қорғау жөніндегі нормалар мен ережелерді сақтауын тексеру, табиғатты қорғау шаралары бойынша ұсыныс жасау, сондай-ақ, табиғатты пайдаланумен байланысты болатын шығынның құнын бағалау. Жұмысты қаржыландырудың алдында, сондай-ақ, бақылаушы органдармен даулы жағдайларды шешетін кездерде жүргізіледі.

Аймақтардың экологиялық аудиті. Нақты жер учаскелерінің табиғи ресурстық потенциалын бағалауға, негативті табиғи процестерді анықтауға, қоршаған ортаға техногендік әсер ету деңгейінің бағасын және түрлерін анықтауға бағытталған. Жылжымайтын мүлікпен операциялар жасағанда, жер учаскелерімен мәмлелер жасағанда жүргізіледі. Қоршаған ортаның бір компонентінің жай-күйін бағалау мүмкіндігі бар. Аймақтардың экологиялық аудитін жүргізу нәтижесінде қажетті материалдармен негізделген тәуелсіз сарапшылық (эксперттік) қорытынды жасалады.

Ірі қалаларда қоршаған ортаны қорғау мәселелері өндірістің технологиялық аспектілерімен, жер пайдалану мәселелерімен, мүліктік құқықтармен және тағы басқалармен тығыз байланысты. Сондықтан да атқарылатын жұмыстардың ішінде кеңес беру (консультациялық) қызметіне ерекше орын беріледі.

Экологиялық аудиттің принциптері:

Экологиялық аудиторлардың экологиялық қауіпсіздік мәселелеріндегі кәсіптігі;

- Басшылықтың және меншік иесінің экологиялық аудитті қолдауды және аудит нәтижесінде анықталған кемшіліктерді жою жөніндегі міндетті шараларды қабылдау;

Табиғат пайдаланудың өзара тығыз байланысты мәселелерін зерттеудің кешенділігі;

- Экологиялық аудиттің толықтығын, оның нәтижесінің дұрыстығын қамтамасыз ету.

Экологиялық аудит қоршаған ортаға ықпалын тигізетін кәсіпорындар мен құрылыстарға қатысты, шаруашылық қызмет объектілерінің құрылысының, реконструкциясының, жойылуының жобаларына және қоршаған ортаны қорғау мақсатындағы қызметтерді көрсетумен айналысатын ұйымдарға жүргізіледі.

Экологиялық аудитті жүргізу нәтижесінде табиғат қорғау қызметіне, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі қызмет шараларының іске асырылуына, кәсіпорындағы бақылау қызметінің жай күйіне сәйкесінше баға беріледі.

Шаруашылық қызметті экологиялық мүдде тұрғысынан нормалау және стандарттау. Қоршаған ортаның сапасын нормалау Қазақстан Республикасының «Қоршаған ортаны қорғау туралы» заңының 8-тарауымен көзделген. Қоршаған ортаның сапасын нормалау экологиялық қауіпсіздікке және халықтың денсаулығын қорғауға кепілдік беретін, қоршаған ортаның ластануына жол берілмеуін, табиғи ресурстардың молайтылуы мен ұтымды пайдаланылуын қамтамасыз ететін, қоршаған ортаға ықпал етудің ғылыми негізделген шекті жол берілетін нормаларын белгілеу мақсатын көздейді. Қоршаған ортаның шекті нормативтері – мемлекеттік өкілетті органдар бекітетін техникалық (шарттар) нормалар.

Экологиялық нормативтердің ішінде қоршаған ортаның адамның денсаулығына қатысты көрсеткіштерді анықтайтын санитарлық-гигиеналық нормативтерін айтуға болады. Мысалы: зиянды заттардың пайдалы-рұқсат етілген коэффициенті; радиацияның пайдалы-рұқсат етілген ықпал ету деңгейі. Санитарлық-гигиеналық нормалау халықтың санитарлық-эпидемиологиялық жай-күйін қамтамасыз ету негіздерінің құрамдас бөлігі.

Экологиялық нормативтердің келесі түрі - өндірістік-шаруашылық нормалар, яғни, зиянды заттарды бөліп шығару және тастау нормалары. Бұл нормалар зиянды ықпал ету объектісіне экологиялық талаптар қояды, оның қызметін шектейді. Атаулы категорияға қоршаған ортаны қорғаудың экологиялық талаптары бар технологиялық, құрылыстық, қала құрылысының ережелері жатады.

Жол берілетін шекті нормативтер – шаруашылықты дамытуға және адамның денсаулығын қорғауға мүмкіндік беретін, экономика мен экология арасындағы келісім деп түсіндіруге болады.

Қоршаған ортаның сапасының нормативтері және табиғат пайдалану нормативтері табиғи ортаның компоненттерінің құрамына және қасиетіне; табиғи ресурстарды және табиғат объектілерін пайдалануға; қоршаған ортаға ықпал етуге бекітіледі. Қоршаған ортаның сапасын нормалау институты экологиялық құқықта ерекше орынға ие. Ол экологиялық құқықтық қатынастардың субъектілерінің іс-қимылының құқықтық тәртіпке сәйкестігінің белгісін қамтиды, экологиялық құқықтық нұсқаулардың тиімділігінің дәрежесін анықтайды. Қоршаған ортаның сапасы туралы ақпаратты қалыптастыруда қоршаған ортаның сапасын нормалаудың маңызы зор. Қоршаған ортаның сапасының нормативтерін топтастыру шартты сипатта жүргізілген. Бірақ, барлық сапа нормалары қоршаған ортаның сапасын анықтайтын болғандықтан экологиялық нормативтер болып табылады.

Экологиялық стандарттау қоршаған ортаны қорғауды және табиғат пайдалануды құқықтық реттеу саласындағы дамып келе жатқан институттардың бірі. Экологиялық стандарт ұғымы кең мағынада түсіндіріледі. Бірінші кезекте, ол жеке экологиялық талаптар көзделген нормативті құжаттардың нысаны ретінде анықталады. Стандарттарды дайындаудың белгілері заңдармен анықталады. Стандарттарда бекітілетін талаптар қазіргі уақыттағы ғылым, техника және технология жетістіктеріне, стандарттау жөніндегі нұсқауларға, халықаралық стандарттарға, ережелерге және нормаларға негізделуі керек.

Өнімнің, жұмыстың және көрсетілетін қызметтің қоршаған орта үшін, адамның өмірі мен денсаулығы үшін қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік стандарттармен бекітілген талаптар мемлекеттік басқару органдарына, барлық шаруашылық субъектілеріне міндетті болып табылады.

Табиғат қорғау қызметін стандарттау жүйесі негізгі үш бағытта жүреді:

Қоршаған ортаға ықпал етудің экологиялық нормативтерін анықтау;

- Экологиялық ұйымдастырушылық стандарттарды анықтау, яғни, қоршаған ортаны қорғауды ұйымдастыруға қойылатын негізгі талаптарды белгілеу. Табиғат қорғау қызметін стандарттау экологиялық-шаруашылық қызметтің осы саласына біржақты көзқарасты қамтамасыз етеді;

- Экологиялық терминологияны стандарттау – нақты ұғымдарды, анықтамаларды бекітуге мүмкіндік беретін және көмекші қосалқылық маңызы бар жаңа стандарттар жасауға ықпал етеді. Бұл, бірінші кезекте

осы стандарттарды қолдануда қате жібермеуге мүмкіндік берсе, екіншіден, жаңа стандарттар қабылдау үшін негіз болып табылады.

Экологиялық сараптама. «Экспертиза» сөзі латынның «expertus» - тәжірибелі сөзінен туындайды. Экспертиза дегеніміз – шешуі ғылым, техника және өнер саласында арнайы білімді талап ететін мәселелерді маманның зерттеуі. **Экологиялық сараптама** экологиялық бақылаудың бір түрі. Экологиялық сараптаманың ескертушілік маңызы бар, яғни, ол зиянды әрекеттен бұрын іске асырылады және экологиялық зиянды әрекеттің алдын алуға қызмет етеді. Экологиялық сараптаманың ескертушілік маңызының мәні шешім шығарылмас бұрын немесе белгілі бір шаруашылық қызмет іске асырылмас бұрын сол объектілерді алдын ала тексерумен түсіндіріледі. Экологиялық сараптаманың мақсаты – қоршаған ортаны, адамның денсаулығын қорғау үшін шаруашылық қызметтің зиянды салдарын ескертуді қамтамасыз ету. Аталған мақсатқа жету үшін экологиялық сараптама нақты шаруашылық объектісінің қоршаған ортаға және адамның денсаулығына экологиялық ықпал ету деңгейін бағалауы тиіс. Кейбір экологиялық апат нәтижелерінен көріп отырғанымыздай, экологиялық апаттың теріс салдарын жоюмен салыстырғанда қоршаған ортаны ластаудың алдын алу неғұрлым арзан түседі. Экологиялық сараптаманың материалдары экологиялық құқықтық тәртіпті қамтамасыз етеді, экологиялық жағынан маңызды ақпараттың көзі және дау туындаған жағдайда дәлелдеме ретінде болады.

Қазақстан Республикасының «Қоршаған ортаны қорғау туралы» және «Экологиялық сараптама туралы» заңдарына сәйкес, экологиялық сараптама дегеніміз – шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған орта сапасының нормативтері мен экологиялық талаптарға сәйкес келуінің, осы қызметтің қоршаған ортаға жасалуы мүмкін теріс әсерлерінің және соларға байланысты зардаптардың алдын алу мақсатында сараптама объектісін іске асыруға жол берілуінің анықтамасы.

Экологиялық сараптама мынадай принциптерге негізделеді:

- Экологиялық сараптама объектісін іске асыру туралы шешім қабылдағанға дейін мемлекеттік экологиялық сараптаманы жүргізудің міндеттілігі;

- Шаруашылық қызметтің қоршаған ортаға ықпал етуін бағалаудың кешенділігі;

Экологиялық сараптаманы жүргізу барысында экологиялық қауіпсіздік талаптарын есепке алудың міндеттілігі;

- Экологиялық сараптамаға тапсырылатын мәліметтердің толықтығы және нақтылығы;

- Экологиялық сараптаманы жүргізуші сарапшылардың өздерінің өкілеттіктерін іске асыруы барысындағы тәуелсіздігі;

- Жариялылық, қоғамдық пікірді ескеру, қоғамдық ұйымдардың қатысуы;

- Экологиялық сараптаманың қорытындысының ғылыми негізділігі, объективтілігі, заңдылығы;

Экологиялық сараптамаға қатысушылардың және мүдделі тұлғалардың экологиялық сараптаманы ұйымдастырғаны, жүргізгені және оның сапасы үшін жауапкершілігі.

Қазақстан Республикасында сараптаманың екі түрі: мемлекеттік экологиялық сараптама және қоғамдық экологиялық сараптама жүзеге асырылады. Қоршаған ортаны және табиғи ресурстарды қорғауды мемлекеттік реттеудің негізгі тетіктерінің бірі – мемлекеттік экологиялық сараптаманы ұйымдастыру және жүргізу болып табылады. Мемлекеттік экологиялық сараптаманың негізгі мақсаты – қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды тиімді пайдалану саласында ескерту, бақылауды жүзеге асыру.

Мемлекеттік экологиялық сараптама қандай да бір қызмет түріне, шаруашылықта қолданылатын объектілерді орналастыруға мемлекеттің рұқсат беруінің бір нысаны. Бұл сараптама шаруашылық немесе басқа да қызметтің қоғамның экологиялық қауіпсіздігі талаптарына сәйкестігін тексеру мақсатымен жүргізіледі. Мемлекеттік экологиялық сараптаманың объектісі Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына сай жасалған құжаттар. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген талаптарды ескермей орындалған құжаттар мемлекеттік экологиялық сараптамаға қабылданбайды.

Мемлекеттік экологиялық сараптаманың қорытындысы мынадай мәселелерді растайтын құжат болып табылады:

- Тапсырыс берушінің қажетті құжаттарды дайындау барысында экологиялық талаптарды сақтағандығы;

Экологиялық талаптар мен шарттарды орындайтындығына тапсырыс берушінің кепіл беруі;

- Жобаны іске асыруды қаржыландыру мүмкіндігінің болуы.

Мемлекеттік экологиялық сараптаманың қорытындысы теріс болған жағдайда тапсырыс беруші қорытындыны және ұсыныстарды ескере отырып, құжаттарды қайта қарауға құқылы. Мемлекеттік экологиялық сараптама республика территориясында іске асырылады деген

жобаларға, жобалық материалдарға және тағы да басқа құжаттарға қатысты жүргізіледі. Мемлекеттік экологиялық сараптаманы жүргізу тәртібі ҚР-ның «Экологиялық сараптама туралы» заңымен реттеледі. Кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың басшылары және басқа да лауазымды тұлғалар, сондай-ақ, азаматтар мемлекеттік экологиялық сараптаманың қорытындысының талаптарын орындамағаны үшін заңдарға сәйкес жауапкершілікке тартылады. Мемлекеттік экологиялық сараптаманың қорытындысының талаптарын орындауды бақылау міндеті мемлекеттік экологиялық бақылау органдарына жүктеледі.

Мемлекеттік экологиялық сараптаманың негізгі бағыттарын былайша топтастыруға болады:

-Өндірістік күштерді және дамыту жөніндегі жобалау материалдарының сараптамасы. Мысалы: қала құрылысы барысында суды, атмосфералық ауаны тазалау жөніндегі талаптың нормативтері сақтауы қажет;

-Қоршаған ортаға ықпал ететін мақсатты әлеуметтік-экономикалық бағдарламаларды, сондай-ақ, жер, су, орман және тағы да басқа табиғи ресурстарды пайдаланудың және қорғаудың кешенді кестелерінің жобаларының сараптамасы. Мысалы: елді-мекендерді жобалау барысында тұрғын-жай объектілері азаматтарға неғұрлым аз зиян келтіретіндей орналастырылуы керек;

-Экологиялық маңызы бар немесе экологиялық пайдалануға ықпал ететін объектілердің сараптамасы. Мысалы: халықтың экологиялық қауіпсіздігі талаптарына сай емес жана техниканы, материалдар мен заттарды өндіріске жібермеу керек деген ереже бар.

Қоғамдық экологиялық сараптама азаматтардың және қоғамдық ұйымдардың ниеті және ықыласы бойынша жүргізіледі. Қоғамдық экологиялық сараптама мемлекеттік, коммерциялық құпия болып табылмайтын объектілерге қатысты ғана атқарылады. Сараптаманың бұл түрі мемлекеттік экологиялық сараптамаға дейін немесе сонымен қатар жүргізілуі керек. Қоғамдық экологиялық сараптама қоғамдық ұйымдардың экологиялық сараптама жүргізу туралы өтінішін мемлекеттік тіркеуден өткізгеннен кейін іске асырылады. Қоғамдық экологиялық сараптаманың қорытындысы ресми құжат болып табылмайды. Ол ұсыныс, нұсқау түрінде болады. Қоғамдық экологиялық сараптаманың қорытындысы баспасөз беттерінде жариялануы тиіс.

Пысықтауға арналған сұрақтар:

1. Экологиялық бақылаудың түсінігі.
2. Экологиялық бақылаудың объектісі
3. Экологиялық бақылаудың мақсаты.
4. Экологиялық мониторингтің түсінігі және негізгі міндеттері.
5. Экологиялық сақтандырудың түсінігі және мақсаттары.
6. Экологиялық аудиттің түсінігі, түрлері және объектілері.
7. Сертификаттаудың қоршаған ортаны қорғаудағы маңызы және түрлері.
8. Стандарттау жүйесінің қоршаған ортаны қорғаудағы маңызы.
9. Экологиялық сараптаманың түсінігі және түрлері.
10. Мемлекеттік экологиялық сараптама.
11. Қоғамдық экологиялық сараптама.

10. Экологиялық заңдарды бұзғаны үшін құқықтық жауапкершіліктің түсінігі, ерекшеліктері және түрлері.

Экология заңдарының міндеті қоғам мен қоршаған орта арасындағы тепе-теңдікті сақтау, адамның өмірі мен денсаулығына қоршаған ортаның қолайлы болу құқығын қамтамасыз ету, болашақ ұрпақтың мүддесі үшін қоршаған ортаны қорғау, адамның қызметінің қоршаған ортаға зиянды ықпал етуіне жол бермеу, табиғи ресурстарды тиімді пайдалануды насихаттау. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы нормативтік құқықтық актілер мемлекеттік органдар, мекемелер, кәсіпорындар, қоғамдық ұйымдар, лауазымды тұлғалар және азаматтар арасында туындайтын табиғи ресурстарды пайдалану және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі қоғамдық қатынастарды реттейді. Алайда, құқық саласы өз міндетін қажетті деңгейде атқаруы үшін заң актілерінің талаптары мен нұсқаулары орындалуы керек.

Табиғатты қорғауды құқықтық қамтамасыз ету үшін табиғат игіліктерін сақтау және қалпына келтіру жолымен пайдалану шарттары және негіздері заңды түрде анықталып, табиғатты қорғау мақсатында көзделген құқықтық тәртіпті бұзғаны үшін жауапкершілік белгіленуі қажет. Құқықтық жауапкершілікті қолдану арқылы экологиялық талаптарды орындауды мемлекеттік мәжбүрлеу іске асырылады. Экологиялық құқықбұзушылықтар үшін көзделген жауапкершілік бірқатар міндеттерді атқарады: экологиялық құқықтың нормаларын орындауға ынталандырады; қоршаған ортаға келтірілген шығынды

өтейді; жаңа құқықбұзушылықтардың алдын алуға ықпал етеді; экологиялық құқықбұзушылық жасаған тұлғаны жауапкершілікке тартады.⁴⁶

Экологиялық заңдарды бұзғаны үшін құқықтық жауапкершіліктің негізі - экологиялық құқықбұзушылық. Заң ғылымдарының докторы, профессор А. С. Стамқұлов: «Экология заңдарын бұзу – белгіленген экологиялық тәртіпті бұзатын, табиғи ортаға зиян келтіретін, заңға қайшы, кінәлі әрекет немесе әрекетсіздік» дейді өзінің ҚР –ның экология құқығы оқулығында. «Экологиялық құқықбұзушылық дегеніміз – адамның экономикалық қажетін қанағаттандыруына бағытталған, бірақ, экологиялық ортаны қорғау мүдделерімен сәйкес келмейтін, табиғи ортаға зиян келтіретін әрекеті», деп жазады ресейлік заңгер В. В. Петров.⁴⁷ «Экологиялық құқықбұзушылықты әрекет қабілетті субъектінің экологиялық шығын келтіретін немесе экологиялық құқықтың субъектілерінің заңды мүдделерін және құқықтарын бұзатын құқыққа қайшы, кінәлі іс-қимылы деп анықтама беруге болады», - дейді М. М. Бринчук.⁴⁸

Құқық теориясына сәйкес, экология заңдарын бұзушылық кез келген құқықбұзушылық секілді төрт элементтен тұрады. Олар: объект, яғни, неге немесе кімге зиян келгендігін көрсететін элемент, объективтік жағы – заңды бұзатын іс-қимыл, яғни, әрекет немесе әрекетсіздік, субъект – заңмен көзделген құқық бұзушылықты жасаған кінәлі тұлға, субъективтік жағы – осы құқық бұзушылыққа қатысты тұлғаның өзінің іс-қимылына деген ішкі сезімі, яғни, кінәсі.

Бүтіндей алғанда, экологиялық құқықбұзушылықтың объектісі - ластанудан, сарқылудан және жойылып кетуден заңмен қорғалатын қоршаған орта (қоршаған ортаның жай-күйі). Қоршаған ортаның жай-күйімен тығыз байланысты адамның денсаулығы мен игіліктері де экологиялық құқықбұзушылықтың объектісі болады. Экологиялық құқықбұзушылықтың субъектілері кәсіпорындар, бірлестіктер, мекемелер, ұйымдар, лауазымды тұлғалар және азаматтар болуы мүмкін. Экологиялық құқықбұзушылықтың субъектілері табиғи ресурстарға қатысты меншік иесі, табиғи ресурсты иеленуші, табиғат пайдаланушы, табиғи ресурсты жалға алушы ретінде болады. Демек, экологиялық құқықбұзушылық қатынастарына қатысушылардың құқықтық мәртебесі алуан түрлі. Бірақ, меншік нысанына немесе

⁴⁶ Бринчук М.М. Экологическое право. Москва. Юрист. 2002. С. 476.

⁴⁷ Петров В.В. Экологическое право России. Москва. Бек. 1995. С. 264.

⁴⁸ Бринчук М.М. Экологическое право. Москва. Юрист. 2002. С. 477.

пайдалану құқығына қарамастан қоршаған ортаны қорғау талаптары барлығына ортақ міндет. Экологиялық құқықбұзушылықтың объективтік жағы құқыққа қайшы әрекетпен, экологиялық шығын келтіру, экологиялық құқықтың субъектілерінің экологиялық құқықтарын бұзумен және іс-әрекет пен экологиялық зиянның арасындағы себепті байланыспен сипатталады. Экологиялық құқық-бұзушылықтың субъективтік жағы экологиялық құқықтық тәртіпті бұзған тұлғаның кінәсін білдіреді. Кінә дегеніміз – құқықбұзушының өзінің жасаған іс-қимылына байланысты субъективті қатысы, көздеген мақсаты, мүдделері.

Қоршаған ортаға зиян келтіру заңсыз әрекеттер жасаудың экологиялық және экономикалық салдарынан туындайды. Экологиялық салдарға табиғи ортаның бұзылуы, оның адамзат тіршілігі үшін қолайсыз болуы жатады. Ал табиғи ресурстардың азаюы, табиғатты қалпына келтіруге жұмсалатын қаражат шығындары экономикалық салдарға жатады.

Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау туралы заңының 18-тарауы қоршаған ортаны қорғау саласындағы дауларды шешу және қоршаған ортаны қорғау туралы заңдарды бұзғаны үшін жауапкершілік деп аталды. Бұл заңның бір ерекшелігі – алғаш рет қоршаған ортаны қорғау туралы заңдарды бұзу салдарынан келтірілген моральдық зиянды өтеу туралы нормалардың енгізілуінде. Сондай-ақ, экологиялық заңдарды бұзғаны үшін жауапкершіліктің қылмыстық, әкімшілік, азаматтық және тәртіптік түрлері бар екендігі бәрімізге де белгілі.

Қазақстан Республикасының экологиялық кодексі де экологиялық құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілік саласында бірқатар толықтырулар енгізді. Нақтырақ айтар болсақ, экологиялық құқық бұзушылықтың түрлері: Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасын мүліктік жауапкершілікке әкеп соғатын бұзушылық; қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар; экологиялық қылмыстар бекітілді.

Қазіргі уақыттағы экологиялық ахуалдың нашарлай түсуі құқықтық қорғау шараларын күшейтуді қажет етеді. Қоғамның экологиялық мүдделеріне қол сұғатын іс-қимылдар әлеуметтік жағынан қауіп тудырады.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінде «Экологиялық қылмыстар» деп аталатын тараудың болуы да қоршаған ортаны қорғау мақсатындағы айтарлықтай шара. Қазақстан Республикасының

Қылмыстық Кодексін негізге ала отырып Экологиялық қылмыс дегеніміз – осы заңмен жазалау қауімімен тиым салатын, кінәлі түрде жасалған, қоғамға қауіпті іс, әрекет немесе әрекетсіздік. Әрине қылмыстың бұл ұғымын экологиялық құқық тәртібін бұзатын, адамдардың денсаулығына, қоршаған ортаға зиян келтіретін, экологиялық залал тудыратын іс-әрекет деп нақтылауға болады. Экологиялық қылмыстарды топтастыруға байланысты заң ғылымдарының кандидаты, доцент Сағындық Таирович Культелеевтің ұсынысы көңіл құптарлық. С.Т.Культелеев экологиялық қылмыстарды: жалпы сипаттағы – қоршаған ортаны қорғауға қарсы қылмыстар, жер және жер қойнауы саласындағы қылмыстар, суларды қорғау саласындағы қылмыстар, өсімдіктер әлеміндегі қылмыстар, жануарлар және атмосфералық ауаны қорғау саласындағы қылмыстар деп топтастырады.⁴⁹ Біздің ойымызша, экологиялық қылмыстарды экологиялық құқықтық тәртіпке қарсы қылмыстар және табиғи ресурстарды пайдалану тәртібіне қарсы қылмыстар деп екіге бөлуге болады. Қылмыстық кодекспен бекітілген арнайы экологиялық құрамдар мынадай мазмұнда берілген: шаруашылық және өзге де қызметке қойылатын экологиялық талаптарды бұзу; экологиялық жағынан қауіпті химиялық, радиоактивті және биологиялық заттарды өндіру және пайдалану барысында экологиялық талаптарды бұзу; микробиологиялық және басқа да биологиялық агенттермен немесе токсиндермен жұмыс істегенде қауіпсіздік ережелерін бұзу; ветеринарлық ережелерді және өсімдіктердің зиянкестерімен және сырқауларымен күрес үшін бекітілген ережелерді бұзу; суларды ластау, бұлдіру және сарқыту; атмосфераны ластау; теңіз ортасын ластау; ҚР континентальді шельфі туралы және ҚР экономикалық аймағы туралы заңдарын бұзу; жерді бұлдіру; жер қойнауын қорғау және пайдалану ережелерін бұзу; су жануарларын және өсімдіктерін заңсыз аулау; заңсыз аң аулау; жануарлар әлемін қорғау ережелерін бұзу; жануарлардың және өсімдіктердің сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерін заңсыз айналымға салу; ағаштарды заңсыз кесу; ормандарды жою және бұлдіру; ерекше қорғалатын табиғи аумақтар режимін бұзу; экологиялық ластану салдарын жою жөніндегі шараларды қабылдамау.

Қылмыстық жауапкершілік қоғамды экологиялық қылмыстардан қорғаудың ерекше нысаны болып табылады. Қылмыстық жауап-

⁴⁹ Культелеев С.Т. Экологическое право РК. Учебное пособие. Алматы. 2003. С.311-312.

керішілік алдын ала тергеу жүргізілгеннен кейін, сот органдарымен қолданылады. Экологиялық қылмыстар үшін қылмыстық жазаны тағайындау үшін соттың үкімі шығарылады.

Қоғамның және қоршаған ортаның арақатынасы саласындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілік экологиялық құқықтық тәртіпті бұзу нәтижесінде келтірілген мүліктік және моральдық шығынды өтеуді құқық бұзушыға жүктеумен түсіндіріледі. Азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің негізгі ерекшелігі оны әкімшілік, қылмыстық, тәртіптік ықпал ету шараларымен қатар қолданыла беруінде. Азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің мақсаты – экологиялық құқық бұзушылықпен келтірілген шығынды өтеу. Экологиялық шығынды өтеу Қазақстан Республикасының Азаматтық заңдарына және Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу заңдарына сәйкес реттеледі. Экологиялық шығын қоршаған ортаны ластау, бұлдіру, жою, зиян келтіру, табиғи ресурстарды сарқыту, экологиялық жүйені бұзу түрінде болады. Қоршаған ортаға осындай негативті ықпал етудің нәтижесінде азаматтардың денсаулығына және азаматтар мен заңды тұлғалардың мүліктеріне де шығын келтіруі мүмкін. Экологиялық шығынды өтеудің сот тәртібі және соттан тыс тәртібі көзделген. Экологиялық шығынды соттан тыс тәртіппен өтеу ерікті түрде өтеу, экологиялық зиян келтіру тәуекелін сақтандыру жолымен және әкімшілік тәртіпте іске асырылуы мүмкін. Экологиялық зиянды ерікті түрде өтеу өмірде сирек кездесетіндігіне қарамастан зиян келтіруші үшін бірқатар басымдылықтар береді. Экологиялық зиянды сот тәртібімен өтеу қоршаған ортаға зиян келтірген кәсіпкердің немесе кәсіпорынның беделіне оң ықпалын тигізбейтіндігі белгілі. Мұндай даудың туындауына шаруашылық субъектісінің де мүддесі сәйкес келе қоймас. Экологиялық зиянды өтеудің әкімшілік тәртібі экологиялық салдары бар апаттарда және төтенше жағдайларда зардап шеккен халықты әлеуметтік-экономикалық қорғау шараларын іске асыруда қолданылады. Экологиялық зиянды келтіру субъектілері азаматтар, қоғамдық бірлестіктер, жеке кәсіпкерлер, кәсіпорындар, мемлекеттік органдар болуы мүмкін.

Экология заңдарын бұзғаны үшін жауапкершіліктің келесі түрі – тәртіптік жауапкершілік – экологиялық құқықтық тәртіпті бұзатын абайсызда жасалатын, тәртіптік жауапкершілік көзделетін әрекет немесе әрекетсіздік нәтижесінде пайда болады. Экология заңдарын бұзғаны үшін тәртіптік жауапкершілік кез келген заңды тұлғаның ішкі (еңбек) тәртіп ережелерінде, Қазақстан Республикасының еңбек туралы

заңдарында, ұжымдық шаруашылықтар үшін осы ұжымның жарғысында бекітіледі. Кәсіпорындардың, мекемелердің және ұйымдардың лауазым иелері немесе белгілі бір экологиялық міндет жүктелген қызметкерлері табиғат қорғау және табиғи ресурстарды тиімді пайдалану жөніндегі міндеттерін немесе жоспарлы түрде бекітілген шараларды орындамау салдарынан тәртіптік жауапкершілік пайда болады. Тәртіптік жауапкершілікті қолдану және тағайындау тәртібі еңбек заңдарымен бекітілген. Әр бір еңбек тәртібін бұзушылық үшін бір ғана шара қолданылады және тәртіптік жауапкершілікті қолданар алдында кінәлі қызметкерден жазбаша түсініктеме алынуы керек. Тәртіптік жауапкершілік ескерту, сөгіс, қатаң сөгіс, қызметінен босату түрінде болады.

Экология заңдарын бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілік дегеніміз экология құқығына қарсы, қасақана немесе абайсызда әкімшілік құқықбұзушылық іс жасаған тұлғаға қатысты қолданылатын шара. Объективті белгілері бойынша әкімшілік құқық бұзушылық сырттай қарағанда қылмысқа ұқсайды. Сондықтан да әкімшілік құқық бұзушылықтар қатарына жатқызып, тиісінше, жауапкершілікке тарту үшін құқық бұзушылықта қылмыстың құрамының белгілері болмауы керек. Экологиялық қылмысты әкімшілік құқық бұзушылықтан ажыратудың негізгі белгісі – экологиялық құқық бұзушылықтың қайталанып жасалуы және қасақаналық болады. Әрине қылмыстық жауапкершілік шаралары неғұрлым қатал екендігін де ұмытпаған дұрыс. Ал, әкімшілік жауапкершіліктің шараларына: ескерту жасау, айыппұл тағайындау, әкімшілік құқық бұзушылықты жасау құралын тәркілеу, әкімшілік құқық бұзушылықтың объектісі болған затты алып қою, азаматқа берілген арнайы құқықтан айыру және т.б. жатады. Әкімшілік жауапкершілік пен тәртіптік жауапкершіліктің айырмашылығы: тәртіптік жауапкершілік бір ұжымның ішінде ғана болады, ал, әкімшілік жауапкершілік өміріміздің кез келген саласында кездеседі. Жауапкершіліктің бұл түрі қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалану саласында неғұрлым жиі кездеседі.

Жоғарыда аталған құқықтық жауапкершілік түрлерінен басқа экологиялық құқықтық жауапкершілік те көзделген. Құқықтық әдебиеттерде жер-құқықтық, су-құқықтық, орман-құқықтық және тағы сол сияқты арнайы жауапкершіліктің түрлері кездеседі.

Арнайы жауапкершіліктің мынадай түрлерін айтуға болады:

1. Экологиялық пайдалану құқығын шектеу. Мысалы: Орман пайдаланушылар орман пайдалану тәртібін бұзғанда орман пайдалану құқығы тоқтатыла тұрады.

2. Экологиялық пайдаланудың белгілі бір элементтерін құрайтын шараларды тоқтату. Мысалы: орман пайдаланушылар жүргізетін жұмыстар олардың орманды қорғау жөніндегі шараларды орындамауымен байланысты ормандардың жай-күйі мен өндірісіне қауіп-қатер төндірсе, осы жұмыстар тоқтатылуы мүмкін.

3. Табиғат пайдаланушылар экологиялық пайдаланудың нормаларын, ережелерін және тағы да басқа талаптарын бұзған жағдайда экологиялық пайдалану құқығын тоқтату.

4. Табиғат пайдаланушылардың салақтығы табиғи ортаға зиян келтіретін болса, экологиялық пайдалану құқығынан айыру.

5. Өз еркімен табиғи объектіні пайдаланған құқықбұзушыға осы кезеңде табиғи объектіге жұмсаған шығынын өтемеу. Мысалы: Өз еркімен басып алынған жер учаскелері қайтарып алынғанда сол учаскеге жұмсалған шығындар өтеуге жатпайды.

6. Бұзылған объектіні қалпына келтіру жөніндегі жұмысты жүргізу міндетін құқықбұзушыға жүктеу. Мысалы: Өз еркімен басып алынған жерді қайтарып алғанда ондағы құрылыстарды бұзу, жерді қалпына келтіру кінәлі тұлғаның есебінен жүргізіледі.

Арнайы экологиялық-құқықтық жауапкершіліктің әкімшілік және басқа да жауапкершілік түрлерінің нормаларына тән ерекше жүйесі болмайды. Арнайы экологиялық-құқықтық жауапкершіліктің нормаларын қоршаған ортаны қорғау салаларының әр түрлі институттарынан кездестіруге болады және олар мемлекетте табиғат пайдалануды басқарудың жеке элементтерімен ұқсас. Осы мән-жайлар арнайы экологиялық-құқықтық жауапкершілік әкімшілік жауапкершіліктің бір түрі емес пе деген сұрақты тудырады. Алайда, арнайы экологиялық-құқықтық жауапкершілік әкімшілік жауапкершіліктен мынадай белгілері бойынша ажыратылады:

1. Әкімшілік жауапкершілікті қолдану белгілі бір талап қою мерзімімен байланысты болады.

2. Әкімшілік шараларды арнайы өкілетті мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалар қолданады. Арнайы экологиялық-құқықтық жауапкершілікті сәйкесінше арнайы органдар немесе экологиялық пайдалануды басқару органдары қолданады.

3. Әкімшілік шараны әкімшілік-процессуалдық нормаларға сай қолданады, ал, арнайы экологиялық-құқықтық жауапкершілік табиғат

пайдалануды басқару органдарының қарауы бойынша ерікті түрде қолданылады.

4. Әкімшілік шара айыппұл салу, заңсыз табиғат пайдалану құралдарын тәркілеу және тағы басқа түрде болады. Ал, арнайы экологиялық-құқықтық жауапкершілік барлық уақытта мұндай салдарға әкелмейді. Жер учаскесін алып қою жер пайдаланушыны жерге қатысты бірқатар міндеттерден босатады.

Пысықтауға арналған сұрақтар:

1. Экологиялық заңдарды бұзу дегеніміз не
2. Экологиялық заңдарды бұзғаны үшін жауапкершіліктің сипаттамасы.
3. Экологиялық заңдарды бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілік.
4. Экологиялық заңдарды бұзғаны үшін қылмыстық жауапкершілік.
5. Экологиялық заңдарды бұзғаны үшін тәртіптік жауапкершілік.
6. Экологиялық заңдарды бұзғаны үшін арнайы жауапкершілік.

11. Жерлердің экологиялық-құқықтық жағдайы

Жер қоршаған ортаның маңызды элементтерінің бірі және адамзаттың тіршілік ететін ортасы болып табылады. Жер адам баласының өмірінің қайнар көзі, оның қажеттілігін қамтамасыз ететін негіз. Экологиялық тұрғыдан алғанда, жер жер бетіндегі барлық тірі организмдердің тірегі болады. Жер, әсіресе оның құнарлы қабаты өсімдіктер мен жануарлар әлемінің өсіп-өркендеуінің ортасы қызметін атқарады. Жер, сонымен қатар, экономикалық та қызмет атқарады, яғни, өндіріс құралы және кеңістік-өндірістік базис ретінде қолданылады. Құқықтық тұрғыдан алғанда, жер қоршаған ортаны құқықтық қорғаудың объектісі ретінде қарастырылады.

Жерлердің құқықтық жағдайы олардың нысаналы мақсатына сай анықталады. Еліміздің аумағындағы барлық жерлер біртұтас мемлекеттік жер қорын құрайды. Мемлекеттік жер қоры жерлерді нысаналы мақсатына сәйкес пайдаланылуына қарай жеті жер санатына бөлінеді. Олар: ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлер; елді мекендер жерлері; өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс және басқа да ауыл шаруашылық мақсатына арналмаған жерлер; ерекше қорғалатын табиғи аймақтардың жерлері, сауықтыру, рекреациялық және тарихи-

мәдени мақсаттағы жерлер; орман қорының жерлері; су қорының жерлері; босалқы жерлер.

Аталған жер санаттарының ішінде ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлердің экономикалық және экологиялық құндылығына байланысты оларды пайдаланудың және қорғаудың ерекше тәртібі мен ауыл шаруашылық жерлерінің басымдылық принципі белгіленген. Ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлер ауыл шаруашылық өндірісін жүргізумен байланысты мақсаттар үшін беріледі. Ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлердің негізгі бөлігін ауыл шаруашылық өндірісінің басты құралы ретінде қолданылатын ауыл шаруашылық алқаптары құрайды.

Жер қорындағы екінші санаттағы жерлер қалалық, поселкелік және ауылдық елді-мекендердің шеңберінде орналасқан, сондай-ақ, осы елді-мекендердің қарауына берілген жерлер елді-мекен жерлері болып табылады. Бұл санаттағы жерлер құрылыс үшін және халықтың тұрмыстық, мәдени қажеттілігін қанағаттандыру үшін кеңістік ретінде қолданылады.

Мемлекеттік жер қорының құрамындағы өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс және басқа да ауыл шаруашылық мақсатына арналмаған жерлердің маңызы зор. Атаулы санаттағы жерлердің құрамына өнеркәсіп және көлік жерлері, байланыс және электрофикация желілері үшін берілген жерлер, жер қойнауын өндіру үшін, қорғаныс қажеттері үшін берілген жерлер және тағы басқалар кіреді.

Ерекше қорғалатын табиғи аймақтар – мемлекеттік табиғи-қорықтық қорды сақтап қалуды және қалпына келтіруді қамтамасыз етуді көздейтін, ерекше қорғау құқықтық режимі белгіленген жер, орман, су және жер қойнауы учаскелері. Ерекше қорғалатын табиғи аймақтардың жерлері қоршаған ортаны қорғау, табиғи-қорықтық, рекреациялық және сауықтырушылық, тарихи-мәдени мақсаттағы жерлерді қамтиды. Ерекше қорғалатын табиғи аймақтардың жерлеріне мемлекеттік табиғи қорықтардың жерлері, ұлттық табиғи парктердің, дендрологиялық және зоологиялық парктердің, ботаникалық бақтардың, мемлекеттік табиғи қорықшалардың жерлері және табиғат ескерткіштері орналасқан жерлер жатады.

Орман алқаптары орналасқан, сондай-ақ, орман өспейтін, бірақ, орман шаруашылығының қажеті үшін берілген жерлер орман қорының жерлерін құрайды. Орман қоры жерлерінің құқықтық режимі орман шаруашылығын дұрыс және тиімді жүргізу міндетіне бағынышты. Орман шаруашылығында жер учаскесі онда өсетін өсімдік атаулымен

тығыз ажырамастай байланыста болады. Орман қорының жерлері орманды жерлерден және ормансыз жерлерден тұрады. Олардың атқаратын экологиялық, генетикалық, элеуметтік-экономикалық міндеттеріне және олардың орналасқан жерлеріне қарай ормандар топтарға және санаттарға бөлінеді.

Жер қорының келесі санаты – су қорының жерлері деп су тоғандары: көлдер, өзендер, су қоймалары, каналдар, ішкі теңіздер, сонымен қатар, мұздықтар, батпақтар, гидротехникалық және су шаруашылығы құрылғылары орналасқан жерлер танылады. Су қорының жерлері халықтың тұтынушылық, тұрмыстық, сауықтырушылық және тағы да басқа қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін, сондай-ақ, су шаруашылық, ауыл шаруашылық, өнеркәсіптік, балық шаруашылығының, энергетикалық, көліктік және басқа мақсаттар үшін қолданылады. Су қоры жерлерінің басым бөлігін су басқан жерлер құрайды.

Жер қорының соңғы жер санаты – босалқы жерлер, яғни, пайдалануға немесе меншік құқына берілмеген жерлер. Босалқы жерлер бос, шаруашылық қызметте қолданылмайтын жерлер. Бұл санаттағы жерлер ауыл шаруашылық ұйымдары мен шаруа қожалықтары үшін, өнеркәсіп объектілерін орналастыру үшін, қорғаныс қажеті үшін резерв қызметін атқарады.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 6-бабына сәйкес, жер және оның қойнауы, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар мемлекеттік меншікте болады. Жер заңдармен көзделген негіздерде, шарттарда және шектерде жеке меншікте де болуы мүмкін. Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 3-бабына сәйкес, ҚР-дағы жерлер мемлекеттік меншікте болады. Жер учаскелері сондай-ақ, заңдармен көзделген негіздерде, шарттарда және шектерде жеке меншікте де болуы мүмкін.

Демек, Қазақстан Республикасында жерге мемлекеттік меншік және жеке меншік құқықтары танылады. Елімізде жерге жеке меншік құқығы 1995 жылы 30-тамызда бүкілхалықтық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясымен бекітілген болатын. Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылы 25 желтоқсанда қабылдаған заң күші бар Жер туралы Жарлығы да жерге жеке меншік құқығын бекітіп, жерге жеке меншік құқығы институты одан әрі жалғасын тапты. Жер туралы жарлыққа сәйкес, жерге жеке меншік құқығы тұрғын үй құрылысы үшін; саяжай және бау-бақша жүргізу үшін; жеке қосалқы шаруашылық жүргізу үшін

берілетін болды. 2003 жылы 20-маусымда қабылданған Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 23-бабының 1-тармағына сәйкес, мемлекеттік меншіктегі жер учаскелері азаматтарға және мемлекеттік емес заңды тұлғаларға жеке меншігіне берілуі мүмкін. Атаулы баптың 2-тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасы азаматтарының жеке меншігінде шаруа қожалығын жүргізу, жеке қосалқы шаруашылық жүргізу, орман отырғызу, бау-бақша, жеке тұрғын үй және саяжай құрылысы, сондай-ақ, өндірістік және өндірістік емес ғимараттардың құрылысы үшін берілген жер учаскелері болуы мүмкін. Осы баптың 3-тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғаларына тауарлы ауыл шаруашылық өндірісін жүргізу үшін, орман отырғызу үшін, өндірістік және өндірістік емес ғимараттар құрылысы үшін жер учаскелері жеке меншікке беріледі.

Қазақстан Республикасының жер заңдарымен жер пайдаланудың мынадай түрлері көзделген: тұрақты немесе уақытша жер пайдалану, иеліктен алынатын немесе иеліктен алынбайтын жер пайдалану, ақылы немес ақысыз жер пайдалану.

Тұрақты жер пайдалану құқығы төмендегідей мемлекеттік жер пайдаланушыларға беріледі: шаруашылық жүргізу және жедел басқару кондоминимум объектісінде ғимараттар иеленетін заңды тұлғаларға; ауыл шаруашылығы және орман шаруашылығы өндірісін іске асыратын заңды тұлғаларға; ерекше қорғалатын табиғи аймақтардың жерлерінде жер пайдалануды іске асыратын заңды тұлғаларға. Тұрақты жер пайдалану құқығы шетелдік жер пайдаланушыларға берілмейді.

Уақытша ақысыз жер пайдалану құқығы 5 жылға дейінгі мерзімге беріледі. Уақытша ақылы жер пайдалану құқығы қысқа мерзімді немесе ұзақ мерзімді болуы мүмкін. Қысқа мерзімді ақылы уақытша жер пайдалану 5 жылға дейінгі мерзімге, ал, ұзақ мерзімді ақылы уақытша жер пайдалану 5 жылдан 49 жылға дейінгі мерзімге беріледі.

Жерлерді қорғау жердің құнарлығын арттыруға, жерді антропогендік ықпал етуден қорғауға бағытталған құқықтық, экономикалық және басқа да шаралардың жүйесін құрайды. Жерлерді қорғау шаралары жердің құнарлығын сақтап қалу, құнарлығын қалпына келтіру және жердің құнарлығын жақсарту мақсатын көздейді. Жердің құнарлығына теріс ықпал ететін негативті процестердің алдын алу немесе оларды жою жер пайдаланушылардың міндеті. Жерлерді тиімді пайдалану жерді қорғаумен тығыз байланысты. Жерлерді тиімсіз пайдалану, оған немқұрайлы қарау топырақтың құнарлы қабатын бұзып, табиғи қасиеттерін жояды. Жердің беткі қабаты – топырақтың

ерекше қасиеті құнарлығы. Жердің осы қасиеті оны өңдеудегі маңыздылығын көрсетеді. Шаруашылық қызмет, табиғи алаттар топырақтың құнарлы қабатына кері ықпалын тигізеді. Топырақтың құнарлығын төмендететін негізгі құбылыстар топырақ эрозиясы, жердің тұздануы, батпақтануы, өнеркәсіп қалдықтарымен ластануы, жер қойнауын игеру, әскери қаруларды сынақтан өткізу және тағы басқалар болып табылады. Осындай теріс ықпал ететін құбылыстар адамзат алдына қоршаған ортаның құрамдас бір бөлігі ретінде жерді құқықтық қорғауды міндет етіп қояды. Негізгі міндет - ауыл шаруашылық алқаптарының құнарлығын қорғау болып табылады. Өнеркәсіп және құрылыс қажеттері үшін сапасы жағынан нашар жерлер берілуі керек. Бағалы, құнарлы ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлер басқа амал болмаған жағдайда ғана ауыл шаруашылық емес мақсаттарға берілуі мүмкін. Жерлердің құнарлығын қорғау - ауыл шаруашылық өндірісі субъектілерінің күнделікті міндеті. Жерді қорғау топырақтың құнарлы қабатын сақтап қалуды және жақсартуды, шаруашылық қызмет салдарынан болатын теріс ықпал етуді, жер эрозиясының алдын алуды білдіреді. Жердің меншік иелері мен жер пайдаланушылар жер қабатын қорғау үшін төмендегідей шараларды іске асырып отыруы қажет: жерді жел және су эрозиясынан, селден, су басудан, тұзданудан, құрғап кетуден, тұрмыстық қалдықтармен ластанудан қорғау шаралары; жерлерді, соның ішінде, ауыл шаруашылық алқаптарын зиянкес өсімдіктерден және жәндіктерден қорғау шаралары; жерлерге рекультивация жасау, жердің құнарлығын қалпына келтіру, жердің құнарлы қабатын бұзатын жұмыстарды іске асыру барысында топырақтың құнарлығын сақтап қалуға бағытталған шаралар.

Жердің экономикалық құндылығы және қоғам өміріндегі маңыздылығы оны қорғауды және пайдалануды ұйымдастырып отыруды талап етеді. Жерлерді тиімді пайдалануды және қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі ұйымдастырушылық шаралары бірінші кезекте жерді мемлекеттік басқару арқылы іске асырылады. Жер қорын мемлекеттік басқару мемлекеттік-өкімдік сипатқа не және оның негізгі мақсаты - жерлерді пайдалануға, қорғауға мемлекеттік бақылау жүргізу арқылы, жерлерді қорғау және пайдалану саласында атқарылатын шараларды жоспарлау арқылы жерлерді тиімді пайдалану және қорғау үшін жағдай жасау жолымен жер заңдарының орындалуын қамтамасыз ету.

Жерлерді мемлекеттік басқарудың құралдарының бірі жер кадастры болып табылады. Мемлекеттік жер кадастры жерлерді тиімді пайдалануды және қорғауды ұйымдастыру саласында ғылыми негізделген шешімдердің қабылдануын қамтамасыз етеді. Мемлекеттік жер кадастры жерлердің табиғи және шаруашылық жағдайы туралы мәліметтерді білдіреді. Жер қорын мемлекеттік басқару барысында жер туралы, оның сапасы, саны, жер учаскесінің құқықтық жағдайы туралы мәліметтерді анықтаумен байланысты шаралар атқарылады. Осы қызметті жер кадастры орындайды. Мемлекеттік жер кадастры дегеніміз жерлердің құқықтық жағдайы, сапалық сипаты және бағалануы туралы, жердің барлық санаттары туралы ғылыми негізделген және нақты, жүйелендірілген мәліметтердің жиынтығы. Жер кадастрының мәліметтері жерді қорғауды және пайдалануды жоспарлауда, жерге орналастыру жұмыстарын жүргізу барысында, шаруашылық қызметтерге баға беруде, жер учаскелерімен мәмілелер жасауда, жерді пайдаланумен және қорғаумен байланысты басқа да шараларды іске асыру барысында негізге алынады.

Жер ресурстарын басқарудың және жер қатынастарын реттеудің кезекті міндеттерінің бірі – жерге орналастыруды жүзеге асыру болып табылады. Жерге орналастыру жерлерді тиімді пайдалануды және қорғауды қамтамасыз ету мақсатында, қолайлы экологиялық жағдай жасау және қоршаған ортаның жай-күйін жақсарту үшін жер территориясын ұйымдастыруға бағытталған, мемлекет тарапынан іске асырылатын шаралар жүйесін білдіреді. Жерге орналастыру жерлерді тиімді пайдалануды және қорғауды ұйымдастыруға бағытталады. Жерге орналастыру кешенді шаралардың іске асырылуын талап етеді. Атап айтқанда, жерге орналастыру әлеуметтік-экономикалық, техникалық және құқықтық іс-шараларды қамтиды. Жерге орналастыру шаралары құқықтық жағынан реттелген болуы керек, яғни, жерлерді пайдалану тәртібі, шарттары және нысандары дәл анықталуы тиіс. Техникалық тұрғыдағы әрекеттер суретке түсіру, зерделеу, зерттеу және жобалау жұмыстарын іске асырумен байланысты. Жерге орналастырудың әлеуметтік-экономикалық бағыты жерді өндіріс құралы және аумақтық кеңістік түрінде ұйымдастырумен түсіндіріледі.

Жер мониторингі – жердің жай-күйіне бақылау жасау үшін жүргізіледі. Жер мониторингі жерде болып жатқан өзгерістерді уақытында анықтау, оларды бағалау, алдын алу және осы құбылыстардың жағымсыз салдарын жою мақсатында іске асырылатын шаралар жүйесін білдіреді. Меншік нысанына, нысаналы мақсатына

және пайдалану сипатына карамастан Қазақстан Республикасындағы барлық жерлер жер мониторингінің объектісі болып табылады. Жер мониторингінің негізгі міндеті жер қорындағы болып жатқан өзгерістерді анықтау, оларға баға беру, болжам жасау және осы өзгерістердің нәтижесінде болатын теріс құбылыстардың алдын алу немесе оның салдарын жою жөнінде ұсыныс жасау, сондай-ақ, мемлекеттік жер кадастрын, тиімді жер пайдалануды, жерге орналастыру қызметін қажетті ақпаратпен қамтамасыз ету. Жер мониторингін жүргізу нәтижесінде алынған жердің жай-күйі туралы мәліметтер арнайы жүргізілетін ақпараттық жүйеде жинақталады.

Пысықтауға арналған сұрақтар:

1. Пайдаланудың және қорғаудың объектісі ретінде жердің түсінігі.
2. Мемлекеттік жер қорының құрамы.
3. Жерге меншік құқығының нысандары.
4. Жер пайдалану құқығы және оның түрлері.
5. Ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлерге меншік құқығы.

12. Жер қойнауының экологиялық-құқықтық жағдайы.

Жер қойнауы дегеніміз - топырақ қабатынан, ол жоқ болса, жер бетінен және су қоймаларының түбінен төмен орналасқан, ғылыми-техникалық прогресті ескере отырып жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге болатын тереңдікке созылған жер қыртысының бөлігі. Жер қойнауы қоршаған орта жүйесінің жер қабатымен тығыз байланысты элементі.

Қазақстан Республикасының жер қойнауы мемлекеттік меншікте болады және тиісінше, пайдалануға беріледі. Жер қойнауының экономикалық маңыздылығына қарай мемлекеттік жер қойнауы қоры пайдаланылатын және пайдаланылмайтын жер қойнауы учаскелері деп бөлінеді. Пайдалану мақсаты бойынша жер қойнауын пайдалану құқығының бірнеше түрлері көзделген. Жер қойнауын пайдалану құқығы төмендегідей операцияларды жүргізу үшін беріледі: жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерделеу үшін, барлау үшін, өндіру үшін, өндірумен байланысты емес жер асты құрылыстарын салу және пайдалану үшін. Жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерделеу жер қойнауы жай-күйінің мониторингіне, учаскелердің, сондай-ақ, республиканың тұтастай және оның бөліктерінің аумағының

геологиялық құрылымын зерделеуге, оларда пайдалы қазбалардың болуы жөніндегі перспективаларды анықтауға, жер қойнауын пайдаланудың ақпараттық негізін құрайтын мемлекеттік геологиялық карталар жасауға байланысты жұмыстар. Барлау – пайдалы қазбалардың кен орындарын іздеумен және оларды бағалаумен байланысты жұмыстар. Өндіру – пайдалы қазбаларды жер қойнауынан жер үстіне шығарумен және мемлекеттік меншіктегі техногендік минералдық түзілімдерден алумен, минералдық шикізатты өңдеуге дейінгі барлық технологиялық операцияларды қоса алғанда, байланысты жұмыстар. Өндірумен байланысты емес жер асты құрылыстарын салу және оларды пайдалану – жалпы шаруашылық мақсаттар үшін жер асты құрылыс-тарын салу және пайдалану, сондай-ақ, радиоактивті қалдықтарды, зиянды заттарды және қалдық суларды көму жұмыстары.

Жер қойнауы Қазақстан Республикасы азаматтарының тіршілігінің негізі болып табылады. Табиғатты пайдаланушылардың мойнына жүктелетін басты міндеттердің бірі – экологиялық және экономикалық мүдделердің үйлесімділігі. Жер қойнауындағы пайдалы қазбалардың шектеулі болуы және қайта қалпына келтірілмейтіндігі пайдалы қазбаларды өндіру және өңдеу барысында оларды үнемдеуді талап етеді. Адамзат пен табиғат арасындағы қазіргі уақытта қалыптасқан экологиялық жағдай қоршаған ортаға басқа, ерекше қарым-қатынасты қажет етеді. Жер қойнауын пайдаланушылардың міндеттері: жер қойнауын пайдаланумен байланысты жүргізілетін жұмыстардың технологиясын және заң талаптарын сақтауға; тау-кен жұмыстарының техникалық жобаларының талаптарын сақтауға; жер қойнауын геологиялық зерделеу барысында геологиялық және басқа құжаттарды жүргізуге; жер қойнауын пайдаланумен байланысты атқарылатын жұмыстарды жүргізу кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету; жер қойнауын пайдалану барысында бұзылған жер учаскелерін одан әрі пайдалана алатындай күйге келтіру және тағы басқалар. Жер қойнауын пайдаланушылардың мынадай құқықтары бар: жер қойнауының өзіне берілген учаскесін лицензиямен көзделген мақсаттарда пайдалану; заңдармен тиым салынбаған кәсіпкерлік нысанын өз бетінше таңдауға; кәсіпкерлік қызметінің нәтижесінде алған игіліктерді пайдалануға.

Жер қойнауының айрықша ерекшеліктері бар. Ол біріншіден, пайдалы қазбалардың қоры болса, екіншіден, жер асты қоймаларын орналастыруда, газ және мұнай құбыр жүйелерін салуда, метро құрылысында, зиянды заттарды көмуде кеңістік ретінде қолданылады. Пайдалы қазбалар қоры шексіз емес, олардың да таусылатын кезі

келеді. Тұтыну нәтижесінде мүлдем жойылып кеткен пайдалы қазбалар қайта қалпына келтірілмейді.

Жер қорындағы барлық пайдалы қазбалар кең таралған пайдалы қазбалар және кең таралмаған пайдалы қазбалар деп бөлінеді. Кең таралған пайдалы қазбаларға: құм, тас, саз, бор, гранит, габбро, тақта тас, ұсақ жұмыр тас, қиыршық тас, құмдақ, гипс, бос топырақ, әк тас және тағы басқалар жатады. Кең таралмаған пайдалы қазбаларға: темір рудасы, көмір, мұнай, уран, алтын, платина және тағы басқалар жатады. Осы аталған пайдалы қазбалардың екі түрінің әрқайсысына тән құқықтық режим бекітілген.

Жер қойнауын геологиялық зерделеу жұмыстарын жоспарлауды және тау-кен өндірісі кәсіпорындарын орналастыруды, пайдалы қазбалардың кен орындарын тиімді және кешенді пайдалануды қамтамасыз ету үшін пайдалы қазбалар кен орындарының мемлекеттік кадастры жүргізіледі және тиісінше, пайдалы қазбалар қорының мемлекеттік балансы жасалады. Пайдалы қазбалар кен орындарының мемлекеттік кадастры әрбір кен орны бойынша оның саны мен сапасы туралы, кен орнын игерудің техникалық, гидрогеологиялық, экологиялық және басқа да мән-жайлары туралы, кен орнының геологиялық және экономикалық бағасы туралы мәліметтерді қамтиды.

Өнеркәсіптік қорлар туралы мәліметтер алу үшін пайдалы қазбалар қорының мемлекеттік балансы жүргізіледі. Пайдалы қазбалар қорының мемлекеттік балансында өнеркәсіптік маңызы бар кен орындарындағы пайдалы қазбалар қорының саны, сапасы және зерделену дәрежесі туралы, олардың орналасуы, өнеркәсіптік игерілуі, өндірілуі туралы мәліметтер болады.

Жер қойнауын тиімді пайдалану үшін жағдай жасау мақсатында, жер қойнауын пайдаланғаны үшін төленетін төлемақыны және пайдалануға берілетін жер қойнауы учаскелерінің шекарасын анықтау үшін барлау жүргізілген кен орындарындағы пайдалы қазбалар қоры мемлекеттік сараптамадан өткізілуі тиіс. Жер қойнауын пайдалы қазбаларды өндіру үшін пайдалануға беру осындай сараптаманы жүргізіп болған соң ғана іске асырылуы керек.

Пысықтауға арналған сұрақтар:

1. Қорғаудың және пайдаланудың объектісі ретінде жер қойнауының түсінігі.
2. Жер қойнауының мемлекеттік қоры.
3. Жер қойнауын пайдалану және оның түрлері.

13. Сулардың экологиялық-құқықтық жағдайы

Су – адамзаттың және тірі организмдердің өмірінде, қоршаған ортаның тіршілігінде аса маңызды роль атқаратын табиғи байлық. Су ресурстары – қоршаған ортаның маңызды элементтерінің бірі болып табылатын және адам баласының суға деген сұранысын қанағаттандыратын жер бетіндегі және жер қойнауындағы табиғи сулар. Қазақстан Республикасының аумағындағы барлық сулар еліміздің су қорын құрайды. Су қорының құрамына: өзендер, көлдер, батпақтар, су тоғандары, су қоймалары, басқа да жер бетіндегі су ресурстары, каналдар мен магистральды су құбырларының сулары, жер асты сулары, мұздықтар, Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы шегіндегі Каспий және Арал теңіздерінің сулары кіреді. Сулар халықтың тұтынушылық, тұрмыстық және басқа қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін; сауықтырушылық және рекреациялық мақсаттарда; ауыл шаруашылығының қажеттіліктері үшін; өнеркәсіптік мақсаттарда; гидроэнергетика қажеттіліктері үшін; су көлігінің қозғалысы үшін; балық шаруашылығы мен аңшылық шаруашылығы үшін қолданылады.

Қазақстан Республикасында сулар мемлекеттің меншігі болып табылады. Су объектілерінің меншік иесі болып табылмайтын тұлғалар су пайдалану құқығын рәсімдей алады. Мемлекеттік меншіктегі сулар азаматтарға және заңды тұлғаларға су объектісін пайдалану мақсатына қарай ұзақ мерзімді су пайдалану құқығына немесе қысқа мерзімді су пайдалану құқығына беріледі. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының су заңдарымен су пайдаланудың мынадай түрлері де көзделген: жалпы және арнайы су пайдалану, жекелеген және бірлескен су пайдалану, бастапқы және кейінгі су пайдалану.

Су пайдаланудың негізгі мақсаты – суларды тиімді пайдалануды, үнемді тұтынуды, су объектілерін қорғауды, сапасын жақсартуды, суларға зиянды ықпал етуді алдын алуды қамтамасыз ете отырып су пайдалану.

Жалпы су пайдалану сулардың жай-күйіне ықпал ететін құрылыстарды және техникалық жабдықтарды қолданбай іске асырылады және жеке азаматтарға бекітіліп берілмейді. Жалпы су пайдалану халықтың тұтынушылық және басқа қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жүзеге

асырылады. Жалпы су пайдалану үшін арнайы рұқсат алудың қажеті жоқ. Бірақ, санитарлық, экологиялық және техникалық мақсаттарда жалпы су пайдалануға шектеу қойылуы немесе тиым салынуы мүмкін. Арнайы су пайдалануға халықтың тұтынушылық және тұрмыстық қажеттіліктерін, ауыл шаруашылығының, өнеркәсіптің, энергетиканың, су көлігінің суға деген қажетін қанағаттандыру үшін, сондай-ақ, өнеркәсіптік, тұрмыстық және басқа да қалдық суларды тастау үшін жер бетіндегі және жер асты суларын пайдалану жатады. Арнайы су пайдалану үшін заңды тұлғалар мен азаматтар тиісті рұқсат алуы керек. Көріп отырғанымыздай, жалпы су пайдалануда сулардың жай-күйіне ықпал ететін техникалық құралдар мен жабдықтар қолданылмаса, арнайы су пайдалануда керісінше, әр түрлі құрылғыларды, техникалық құралдар мен жабдықтарды қолдану көзделген.

Жекелеген су пайдалану жеке пайдалануды талап ететін қызметті іске асыру үшін заңды тұлғаларға және азаматтарға су объектісін немесе оның бір бөлігін жекелеген пайдалануға беруді көздейді. Жекелеген пайдалануға берілген су объектісін жалпы пайдалану су ресурстарын басқару және қоршаған ортаны қорғау мемлекеттік органдары белгілеген шарттарда ғана рұқсат етіледі. Су объектісін жекелеген пайдалануға алған су пайдаланушы осы су объектісін жалпы пайдаланудың шарттары мен оны пайдалануға тиым салу туралы хабарлауға міндетті.

Су тоғандары әр түрлі заңды тұлғалардың және азаматтардың бірлесіп пайдалануына берілуі мүмкін. Жекелеген пайдалануға берілген су объектілері бірнеше тұлғалардың бірлесе пайдалануына берілмейді. Су объектісі бірнеше пайдаланушыларға бірлесіп пайдалануға берілген жағдайда су сағасынан неғұрлым төмен орналасқан су пайдаланушылардың мүдделері бірінші кезекте қанағаттандырылуы керек. Бірлесіп су пайдаланушылар су пайдалану құқығын іске асыру барысында біріне-бірі кедергі жасамай, өзара мүдделерін ескеруге міндетті.

Арнайы су пайдалануға рұқсат алу негізінде су тоғанынан су алуды жүзеге асыратын заңды тұлғалардың және азаматтардың су пайдалануы бастапқы су пайдалану деп танылады. Суды бастапқы су пайдаланушылардан алатын заңды тұлғалар мен азаматтардың су пайдалануы кейінгі су пайдалану деп танылады.

Су тоғандары уақытша немесе тұрақты пайдалануға берілуі мүмкін. Алдын ала мерзімі көзделмеген су пайдалану тұрақты деп танылады.

Ал, уақытша су пайдалану қысқа мерзімді - үш жылға дейін және ұзақ мерзімді – жиырма жылға дейін болуы мүмкін.

Су объектілерін пайдалану мақсатына қарай суды пайдаланудың да алуан түрлері белгіленген. Мысалы: өнеркәсіптік, ауыл шаруашылық, көліктік, энергетикалық және тағы басқалар. Суды пайдаланудың ішінде тұтынушылық және тұрмыстық су пайдалануға ерекше орын беріледі. Қазақстан Республикасының су заңдарымен суды тұтынушылық және тұрмыстық мақсаттарда пайдаланудың басымдылығы бекітілген. Су объектілерін халықтың тұтынушылық, тұрмыстық қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін пайдаланудың мақсаты халықты ішетін таза сумен, халықтың тұрмысы мен шаруашылығы үшін жарамды сумен қамтамасыз ету.

Суларды мемлекеттік есепке алу дегеніміз – су ресурстарының сандық және сапалық көрсеткіштерін анықтаудың және тіркеп отырудың жүйесі. Жер бетіндегі және жер астындағы суларды мемлекеттік есепке алудың мақсаты су ресурстарын тиімді пайдалануды жоспарлауды, оларды қорғауды және қалпына келтіруді қамтамасыз ету. Мемлекеттік есептегі мәліметтер жер бетіндегі және жер астындағы сулардың сапалық және сандық көрсеткіштерін, сулардың зерделенуін, пайдаланылуын сипаттайды.

Мемлекеттік су кадастры су объектілері, олардың қорлары және қолданылуы, су пайдаланушылар туралы мәліметтердің жиынтығын білдіреді. Су кадастрындағы барлық мәліметтер жер бетіндегі сулар бойынша, жер астындағы сулар бойынша және су пайдаланушылар бойынша топтастырылады. Мемлекеттік су кадастрының мәліметтері су объектілерін пайдалану және қорғау саласында мемлекеттік басқаруды іске асыру барысында шешімдер қабылдау үшін негіз болып табылады.

Су объектілерінің мониторингі суларды жүйелі түрде бақылау шараларының жиынтығын білдіреді. Осындай шараларды іске асырудың нәтижесінде алынған мәліметтерді өңдеу суларда болуы мүмкін негативті процестерді анықтауға және осындай теріс ықпалды құбылыстардың салдарын болжауға, олардың алдын алуға мүмкіндік береді. Су мониторингінің мәліметтері суды қорғау шараларының тиімділігін анықтауға негіз болады.

Халықты тұтынатын және тұрмыстық сумен қамтамасыз ету үшін, суларды зиянды ықпал етуден қорғау мақсатында және су объектілерін пайдаланушылар арасында бөліп беру үшін суларды тиімді пайдалануды жоспарлау іске асырылады. Суларды пайдалануды

жоспарлау барысында мемлекеттік су кадастрының мәліметтері ескеріледі. Су шаруашылық баланстары су ресурстарының және суға деген сұраныстың (қажеттіліктің) салыстырмалы есептеу материалдарын білдіреді. Су шаруашылық баланстары сулардың пайдаланылу дәрежесін бағалайды, суды пайдалануды және қорғауды жоспарлауда есепке алынады. Су шаруашылық баланстары мемлекеттік су кадастрының құрамдас бөлігі болып табылады.

Су объектілері ластанудан, құрғап кетуден және көзінің бітелуінен қорғалуы тиіс. Суды қорғау міндеті су пайдаланушыларға ғана емес, шаруашылық қызметі судың жай-күйіне ықпал ететін барлық заңды тұлғалар мен азаматтарға да жүктеледі. Қызметі су ресурстарына ықпал ететін немесе су объектілерін пайдаланумен байланысты болатын заңды және жеке тұлғалар Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау туралы заңдарымен және су заңдарымен көзделген шараларды атқарып отыруы керек. Суларды ластанудан, құрғап кетуден, су көзінің бітелуінен қорғауды қамтамасыз ететін шараларға агротехникалық, технологиялық, мелиоративтік, гидротехникалық, санитарлық және тағы басқа шаралар жатады.

Пысықтауға арналған сұрақтар:

1. Сулар құқықтық қорғаудың және пайдаланудың объектісі ретінде.
2. Су қорының түсінігі және құрамы.
3. Су қорын мемлекеттік басқару.
4. Су пайдаланудың түсінігі және түрлері.

14. Ормандардың экологиялық-құқықтық жағдайы

Орман дегеніміз орман өсімдіктерінің, жердің және қоршаған ортаның басқа да элементтерінің жиынтығы, күрделі экологиялық жүйе. Ормандардың экологиялық, экономикалық және әлеуметтік, мәдени-сауықтырушылық маңызы зор. Орман жердің өсімдік қабатының бір түрі, ағаш өнімдерінің көзі, жануарлардың тіршілік ету ортасы. Атмосфераның құрамындағы көмір қышқыл газын жұта отырып ормандар ауаның тазалығын қамтамасыз етеді. Орман өзендердің гидрологиялық режимін қолдап, топырақ эрозиясының алдын алады. Ормандар климатты реттеу, қоршаған ортаны қорғау, топырақ қорғау, су қорғау, санитарлық-сауықтырушылық міндеттерін атқарады. Орман халық шаруашылығының және халықтың

тұтынушылығын қанағаттандыру үшін қажетті ағаш және басқа да орман өнімдерінің көзі болып табылады.

Барлық ормандар және орман шаруашылығының қажеттілігі үшін берілген, бірақ, орман өспейтін жерлер Қазақстан Республикасының орман қорын құрайды. Қазақстан Республикасындағы ормандар мемлекеттік меншікте болады. Орман қорының учаскелерін пайдалануға беру орман шаруашылығын мемлекеттік басқару органдарының қатысуымен ғана жүзеге асырылады. Орман қорының учаскелері мемлекеттік орман шаруашылығы кәсіпорындарына, мекемелеріне, ұйымдарына, сондай-ақ, мемлекеттік табиғи қорықтарға, мемлекеттік ұлттық табиғи парктерге және мемлекеттік табиғи парктерге орман шаруашылығын жүргізу үшін тұрақты иеленуге беріледі.

Ормандарды тиімді пайдалануды, қайта өндіріп отыруды, қорғауды ұйымдастыру үшін, ормандардың сандық және сапалық өзгерістерін жүйелі түрде бақылап отыру үшін ормандарды мемлекеттік есепке алу және мемлекеттік орман кадастры жүргізіледі. Мемлекеттік орман кадастры орман қорының сандық және сапалық көрсеткіштерін, экологиялық және экономикалық құндылығын сипаттайды. Мемлекеттік орман кадастрының мәліметтері орман шаруашылығын жүргізуді басқару және ұйымдастыру барысында, орман пайдаланушылардың шаруашылық қызметін бағалауда қолданылады. Ормандарды мемлекеттік есепке алу мемлекеттік орман қорындағы болып жатқан өзгерістерді бақылау мақсатында ормандардың жай-күйінің сандық және сапалық көрсеткіштерін нақтылап отыруды қамтамасыз етеді. Аталған мәліметтер арнайы толтырылатын құжаттарға енгізіліп отырады. Ормандарды есепке алудың және мемлекеттік орман кадастрын жүргізудің негізгі мақсаты ормандарға экономикалық жағынан баға беру. Ормандарды экономикалық бағалау жеке оман шаруашылықтарының шаруашылық қызметінің нәтижелерін салыстыруға, ағаш дайындаудың жоспарларын іс жүзінде ағаш дайындаумен салыстыруға мүмкіндік береді.

Ормандарды пайдалану, қайта өндіру, қорғау және олардың қоршаған ортаны қорғау қызметін көтеру саласында тиімді басқаруға қол жеткізу мақсатында орман қорының жай-күйін бақылау, бағалау және болжау шараларының жүйесі - орман мониторингі жүргізіледі.

Ормандарды қорғау шаралары орманның биологиялық және аумақтық ерекшеліктерін ескере отырып жүзеге асырылуы керек. Ормандарды қорғау шаралары орман қорын тиімді пайдалануға, олардың бүлінуін, ластануын алдын алуға бағытталған ұйымдастыру-

шылық, құқықтық, экономикалық және тағы да басқа шараларды қамтиды. Ормандарды қорғау республикалық және жергілікті бағдарламаларға сәйкес жүргізіледі. Ормандарды қорғаудың негізгі міндеттері: орман өрттерінің алдын алу шараларын іске асыру; ормандарда орналасқан кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелердің және орманда жүрген азаматтардың ормандағы өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтауын бақылау; заңсыз ағаш кесуден, бүлдіруден, ұрлаудан және басқа орман бұзушылықтардан орманды қорғау, сондай-ақ, орман қорының жерлерін қорғау; орман пайдаланушылардың орманды пайдалану ережелерін сақтауын және орындауын бақылау; зиянкес насекомдарды және орман сырқаттарын уақытылы анықтау және олармен күресу; орман қорының аумағында аңшылық ережелерінің сақталуын бақылау, браконьерлікпен күресу; ормандарды қорғауды, қайта өндіруді, тиімді пайдалануды қамтамасыз ететін басқа да шараларды іске асыру.

Қазақстан Республикасындағы барлық ормандар қорғаныштық ормандар болып табылады. Олардың атқаратын экологиялық, экономикалық, әлеуметтік, генетикалық міндеттеріне қарай және орналасқан жеріне байланысты ормандарды топтарға және санаттарға бөлу көзделген. Қазақстандағы ормандар бірінші және екінші топтарға бөлінеді. Бірінші топтағы ормандарға төмендегідей міндеттерді атқаратын санаттағы ормандар жатады: су қорғау; қорғаныштық; санитарлық-гигиеналық, сауықтырушылық; ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың ормандары; екінші топтағы ормандарға табиғат қорғау міндетін атқаруы үшін шектеулі орман пайдалануды талап ететін, таулы аудандардағы ормандар жатады.

Қазақстан Республикасының орман заңдарына сәйкес орман қорында орман пайдаланудың мынадай түрлері атқарылуы мүмкін: ағаш дайындау, шайыр дайындау, қосалқы орман материалдарын дайындау (ағаш көгін, ағаш қабығын), ағаш шырындарын дайындау, қосымша орман пайдалану (шөп шабу және мал бағу, дәрілік өсімдіктерді, техникалық шикізатты, жабайы жемістерді, жаңғақтарды, саңырауқұлақтарды, жидектерді және басқа да орман тағамдарын жинау және дайындау, омарталар орналастыру), ормандарды мәдени-сауықтыру және ғылыми-зерттеу мақсаттарында пайдалану, орман қорының учаскелерін аң шаруашылығының қажеті үшін пайдалану. Шөп шабу және мал бағу үшін берілген орман қоры учаскелерінен басқалар қысқа мерзімді пайдалануға – бір жылға дейін, ұзақ мерзімді пайдалануға – елу жылға дейінгі мерзімге берілуі мүмкін. Орман

қорының учаскелерін пайдалану лицензия, орман кесу билеті, ордер, орман билеті секілді арнайы рұқсат беру құжаттарының негізінде іске асырылады. Лицензия орман қорының учаскесін ұзақ мерзімді пайдалану құқығын куәландыратын құжат болып табылады. Орман кесу билеті, ордер және орман билеті қысқа мерзімді орман пайдалану құқығын жүзеге асыру үшін берілетін құжаттар.

Пысықтауға арналған сұрақтар:

1. Қорғаудың және пайдаланудың объектісі ретінде ормандардың түсінігі.
2. Мемлекеттік орман қоры: түсінігі және құрамы.
3. Орман қорын мемлекеттік басқару.
4. Орман пайдалану құқығы және оның түрлері.

15. Жануарлар дүниесін пайдаланудың және қорғаудың экологиялық-құқықтық жағдайы

Жануарлар дүниесі - табиғи еркіндіктегі, еліміздің аумағын уақытша немесе тұрақты мекендейтін жабайы жануарлардың барлық түрлерінің жиынтығы. Жануарлар дүниесі Қазақстан Республикасының ұлттық байлығы, қоршаған ортаның ажырамас бөлігі, халқымыздың рухани және материалдық қажетін қанағаттандыру үшін тиімді пайдалануды және қорғауды талап ететін, табиғи түрде қалпына келтіріліп отыратын табиғи ресурс болып табылады. Жануарлар дүниесін пайдалану және қорғаудың объектісі – еліміздің аумағын уақытша немесе тұрақты мекендейтін, табиғи еркіндікте суда, құрлықта, топырақта, атмосферада тіршілік ететін жабайы жануарлар болады. Ауыл шаруашылық және үй жануарлары, сондай-ақ, шаруашылық, мәдени, ғылыми және эстетикалық мақсаттарда еркінен тыс қамауда ұсталатын жабайы жануарлар жануарлар дүниесін қорғау және пайдалану объектісі болмайды. Мұндай жануарлар мемлекеттің, заңды тұлғаның және жеке тұлғаның меншігіне тиесілі мүлік ретінде қарастырылады және азаматтық заң ережелеріне сәйкес қорғалады. Жануарлар дүниесіне тән ерекшелік – жануарлардың қайта қалпына келуінде, яғни, оларды қорғаумен байланысты белгілі бір шарттарды орындаған жағдайда жануарлар қайта көбейіп отырады. Қырып - жою, тіршілік ету жағдайын бұзу нәтижесінде жануарлардың белгілі бір түрлері мүлдем жойылып кетуі де мүмкін.

Жануарлар дүниесі мақсатты пайдалануына қарай мынадай санаттарға бөлінеді: жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлері; жануарлардың аң аулау объектілері болып табылатын түрлері; жануарлардың балық аулау объектілері болып табылатын түрлері; жануарлардың уәкілетті орган айқындайтын өзге де шаруашылық мақсаттарда (аң аулау мен балық аулаудан басқа) пайдаланылатын түрлері; жануарлардың шаруашылық мақсаттарда пайдаланылмайтын, бірақ, экологиялық, мәдени және өзге де құндылығы бар түрлері; жануарлардың халықтың денсаулығын сақтау, ауыл шаруашылығы және басқа да үй жануарларын аурудан алдын ала қорғау, қоршаған ортаға зиян келтірілуін болдырмау, ауыл шаруашылығы қызметіне айтарлықтай зиян келтіру қаупінің алдын алу мақсатында саны реттелуге тиіс түрлері.

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жануарлар дүниесі мемлекеттік меншікте болады. Жануарлар дүниесінің объектілерін қорғау және тиімді пайдалану мақсатында Қазақстан Республикасы жануарлар дүниесін қорғау және пайдалану саласында мемлекеттік реттеуді іске асырады. Жануарлар дүниесін қорғау және пайдалану саласындағы мемлекеттік реттеу жануарларды және оларды пайдалануды мемлекеттік есепке алу және жануарлар дүниесінің мемлекеттік кадастры; жануарлар дүниесінің мемлекеттік мониторингі; жануарлар дүниесін пайдалану және қорғау саласындағы шараларды жоспарлау; жануарлар дүниесін пайдалану, қорғау және өсімін молайту саласындағы мемлекеттік бақылау; жануарлар дүниесін пайдаланумен байланысты дауларды шешу арқылы жүзеге асырылады.

Жануарлар дүниесін қорғауды және тиімді пайдалануды қамтамасыз ету үшін жануарларды және оларды пайдалануды мемлекеттік есепке алу және жануарлардың мемлекеттік кадастры жүргізіледі. Мұнда жануарлар дүниесі объектілерінің географиялық орналасуы, олардың саны, тіршілік ету ортасы, шаруашылықта қолданылуы туралы және басқа да қажетті мәліметтердің жиынтығы болады. Жануарлар дүниесінің мемлекеттік кадастры жануарларды және оларды пайдалануды сандық және сапалық көрсеткіштері бойынша мемлекеттік есепке алу мәліметтерін қамтиды.

Жануарларды және оларды пайдалануды мемлекеттік есепке алу, жануарлар дүниесінің мемлекеттік кадастры жануарлар дүниесін тиімді пайдалану және қорғау жөніндегі шараларды неғұрлым толық жоспарлауға ықпал етеді. Жануарлар дүниесі объектілерінің таралуын, санын, физикалық жай-күйін, тіршілік ету ортасының құрылымын,

сапасын және ауданын үнемі бақылап отыру жүйесі – жануарлар дүниесінің мемлекеттік мониторингі жүргізіледі.

Қазақстан Республикасының аумағында жануарлар дүниесін пайдаланудың мынадай түрлерін іске асыруға болады: аң аулау; судағы омыртқасыз жануарлар мен теңіз сүт қоректілерін қоса алғанда, балық аулау; аң аулау мен балық аулау объектілеріне жатпайтын жануарларды шаруашылық мақсаттарда пайдалану; жануарларды ғылыми, мәдени-ағарту, тәрбиелік және эстетикалық мақсаттарда пайдалану; жануарлардың пайдалы қасиеттерін және тіршілік ету өнімдерін пайдалану.

Жануарлар дүниесін пайдаланушылар ретінде мемлекеттік, кооперативтік және басқа да кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер, азаматтар бола алады. Заңды тұлғалар жануарлар дүниесін пайдалануды лицензия негізінде іске асырады. Лицензияда жануарлар дүниесінің пайдаланылатын объектісі, пайдалану мерзімі және пайдалану жүзеге асырылатын аумақ көрсетіледі. Жануарлар дүниесін азаматтардың пайдалануы тұлғаның жеке басына берілетін құжаттың негізінде жүзеге асырылады. Осы құжатта жануарлар дүниесінің пайдалануға тиесілі объектісінің саны және пайдалану мерзімі көрсетіледі.

Аң аулау – аң аулау объектісі болып табылатын жануарлар түрлерін мекендейтін ортасынан алуды жүзеге асыру арқылы жануарлар дүниесін арнайы пайдалану түрі. Аң аулаудың мынадай түрлері бар: кәсіпшілік аң аулау, әуесқойлық (спорттық) аң аулау. Кәсіпшілік аң аулау дегеніміз – аң аулау объектісі болып табылатын жануарлар түрлерін кәсіпкерлік қызмет мақсатында аулау. Әуесқойлық (спорттық) аң аулау дегеніміз – аң аулау объектісі болып табылатын жануарлар түрлерін спорттық, эстетикалық қажеттіктерін қанағаттандыру мақсатында және ауланған өнімді жеке тұтыну үшін аулау.

Аң аулау жануарлар дүниесін пайдаланудың кең тараған, негізгі түрлерінің бірі. Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес, аңшылар қоғамының мүшесі болып табылатын, мемлекеттік баж салығын төлеген, аңшылық мылтығын қолдануға арнайы рұқсаты бар, белгілі бір аңшылық алқаптарында аңдардың және құстардың белгілі бір санын атуға құжаты бар кез келген азамат аң аулау құқығын иеленеді.

Әуесқойлық (спорттық) аң аулауды ұйымдастыру үшін ерікті аңшылық қоғамдары құрылады. Атаулы қоғамдар аңшылық билетін беруді және аңшылық жөнінде сынақ қабылдауды іске асырады. Ерікті

қоғамдар аң ату құқығын қуәландыратын аңшылық билетін, аң аулау алқабы мен атылатын аңдардың саны және мерзімі көрсетілген құжатты береді.

Кәсіпшілік аң аулауды қуәландыратын құжаттар аң аулау кәсіпшілігімен айналысатын шаруашылықпен жасалған шарт және аң аулау құқығын беретін лицензия болып табылады. Аң аулау аңшылық шаруашылықтарына арнайы бекітіліп берілген аңшылық алқаптарында жүргізіледі. Аңшылық шаруашылықтары, аңшылық шаруашылығын жүргізетін кәсіпорындар мен ұйымдар кәсіпшілік аңшылықта қолданылатын жануарларды тиімді пайдалану, қорғау және өсімін молайту жөніндегі, аңшылық алқаптарының өнімділігін арттыру жөніндегі шараларды жүзеге асыруға, аңшылық және қоршаған ортаны қорғау ережелерін бұзушылармен күресуге міндетті.

Балық аулау дегеніміз – балық аулау және балық аулау объектісі болып табылатын басқа да су жануарларын аулау. Балық аулаудың кәсіпшілік балық аулау және әуесқойлық (спорттық) балық аулау түрлері көзделген. Кәсіпшілік балық аулау дегеніміз – балықты және балық аулау объектісі болып табылатын басқа да су жануарларын кәсіпкерлік қызмет мақсатында аулау. Әуесқойлық балық аулау дегеніміз – балықты және басқа су жануарларын спорттық, эстетикалық қажеттіктерін қанағаттандыру мен ауланған өнімді жеке тұтыну мақсатында аулау.

Кәсіпшілік балық аулау балық шаруашылығы учаскелерінде іске асырылады. Мұндай учаскелер мемлекеттік, кооперативтік және басқа да балық дайындау ұйымдарымен жасалған шарт негізінде пайдалануға беріледі. Жалпы пайдаланудағы су тоғандарында кез келген азамат әуесқойлық балық аулауды іске асыра алады. Әуесқойлық балық аулау үшін аңшылық және балық аулау қоғамдарының рұқсатын алу қажет. Балық аулаумен айналысатын кәсіпорындар, мекемелер және азаматтар балық аулау және су тоғандарын пайдалану ережелерін сақтауға, балықтарды қорғау және өсімін молайту жөніндегі шараларды атқаруға міндетті. Балық аулау ережелерінде балық аулаудың мерзімі мен орны, аулауға тиым салынған балықтардың түрлері, аулауға рұқсат етілген балық саны, рұқсат етілген және тиым салынған балық аулау құралдары және тағы басқа талаптар көзделеді.

Пысықтауға арналған сұрақтар:

1. Жануарлар дүниесі қорғау және пайдалану объектісі ретінде.

2. Жануарлар дүниесін пайдалануды және қорғауды мемлекеттік басқару.

3. Жануарлар дүниесін пайдалану және оның түрлері.

4. Аң аулауды құқықтық реттеу.

5. Балық аулауды құқықтық реттеу.

16. Атмосфералық ауаны экологиялық-құқықтық қорғау

Атмосфералық ауа - адамның, жердегі тірі организмдердің өмірінің негізі. Атмосфералық ауа қоршаған ортаның аса маңызды элементтерінің бірі және тіршілік атаулыға қажетті оттегінің көзі болып табылады. Атмосфералық ауаға зиянды заттарды тастау арқылы ауаны ластау оның табиғи құрамын өзгертіп қана қоймай, адамның тұрмыс-тіршілігіне, оның денсаулығына және өміріне, қоршаған ортаға зиянды ықпалын тигізеді. Бірінші кезекте атмосфераға газ, сұйық немесе қатты түрінде зиянды заттарды тастайтын өнеркәсіп орындары мен көлік құралдары болып табылады. Адамзаттың шаруашылық қызметінің теріс ықпалының нәтижесінде табиғи сипаттағы ластану да болып жатыр. Мысалы: топырақтың тұздануы, ормандардағы өрттер мен осы өрттен туындайтын түтіндер және тағы басқалар. Атмосфералық ауаның сапасы және барлық тірі организмдердің өмірі өзара тығыз байланысты. Адамның денсаулығы үшін атмосфералық ауаның маңызы зор. Ауаның сапасының қалыпты жағдайдан ауытқуы адамның көңіл-күйіне және денсаулығына теріс ықпал етеді. Әсіресе, адамдар химиялық ластанудан және шамадан тыс шудан неғұрлым көп зардап шегеді. Радиациялық ластану да аса қауіпті болып табылады. Табиғатта қалыптасқан тепе-теңдіктің адамның шаруашылық қызметінің нәтижесінде бұзылуы әлемдік апат қаупін тудырады.

Атмосфералық ауаға қатысты меншік құқығы бекітілмеген. Атмосфералық ауа өзінің табиғи күйіне байланысты меншік құқығының немесе иеленудің объектісі бола алмайды. Қоршаған ортаны қорғау туралы заңдар атмосфералық ауаны зиянды ықпал етулерден қорғауды қамтамасыз етіп қана отырады.

Мемлекет егемендігі мен тәуелсіздігінің нышаны ретінде әуе кеңістігін қорғауды жүзеге асырады. Кез келген мемлекет өзінің әуе кеңістігінің шегінде аумақтық басымшылық, мемлекеттік егемендік құқығын пайдаланады. Атмосфералық ауа да құқықтық қорғауды қажет етеді. Атмосфералық ауаны қорғаудың негізгі әдіс-тәсілдері зиянды

заттардың ауаға тасталуын шектеуді және зиянды физикалық ықпал ету деңгейін азайтуды көздейді. Атмосфералық ауаны құқықтық қорғаудың негізгі жолдары: атмосфералық ауаның сапасын нормалау, атмосфераға теріс ықпал ететін объектілерді орналастыруды реттеп отыру, атмосфералық ауаны ластайтын өнеркәсіп орындары мен шаруашылық қызметінің жобасын экологиялық сараптамадан өткізу және т.б.

Атмосфералық ауаның жай-күйін бағалау мақсатында, сондай-ақ, химиялық, физикалық, радиациялық және басқа да факторлардың адамның организмине, өсімдіктер мен жануарларға, қоршаған ортаға зияндылығын немесе зиянсыздығын анықтау үшін атмосфералық ауаның жай-күйінің экологиялық нормалары мен физикалық ықпал етудің шекті рұқсат етілген деңгейлері бекітіледі.

Атмосфералық ауаға зиянды заттарды тастауды және зиянды физикалық ықпал етуді мемлекеттік реттеу мақсатында қалдықтардың тастауға болатын шекті мөлшерінің нормативтері мен атмосфералық ауаға зиянды физикалық ықпал етудің шекті рұқсат етілген нормативтері бекітіледі.

Атмосфералық ауаға зиянды заттарды тастайтын және зиянды физикалық ықпал ету негіздері бар заңды және жеке тұлғалар, сондай-ақ, атмосфералық ауаға тасталынатын зиянды заттардың саны мен сапасы, атмосфералық ауаға зиянды физикалық ықпал етудің түрлері мен мөлшері қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органмен бекітілген тәртіпте мемлекеттік есепке алынып отырады.

Атмосфералық ауаның жай-күйін бақылау, бағалау және болжам жасау, сондай-ақ, мемлекеттік органдарды, ұйымдар мен мекемелерді, халықты атмосфералық ауаның жай-күйі туралы ақпаратпен қамтамасыз ету мақсатында атмосфералық ауаның мемлекеттік мониторингі жүргізіледі. Атмосфералық ауаның мемлекеттік мониторингін қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органдар және жергілікті атқарушы органдар ұйымдастырады және тиісінше аумақта жүргізеді.

Адамның денсаулығына, қоршаған ортаға келтірілетін зиянның алдын алу мақсатында атмосфералық ауаны қорғау талаптары бекітіледі. Осы талаптарға сай келмейтін жаңа техниканы, технологияны, материалдарды, заттарды және тағы да басқа өнімдерді, техникалық құралдарды енгізуге және қолдануға жол берілмейді. Адамның өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға қауіптілік дәрежесі анықталмаған заттарды атмосфералық ауаға тастауға жол берілмейді.

Пысықтауға арналған сұрақтар:

1. Атмосфералық ауа құқықтық қорғаудың объектісі ретінде.
2. Ауаны ласталастаудың теріс салдары.
3. Атмосфералық ауаны қорғауды мемлекеттік бақылау.
4. Атмосфералық ауаға теріс ықпал етуді нормалаудың маңызы.

17. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың экологиялық-құқықтық жағдайы

Қоршаған ортаның құрамдас элементтері болып табылатын табиғи ресурстарды қоғамның қажеттілігі мен адам өмірі үшін, өндіріс мақсаттарында пайдаланудың ұлғая түсуі қоршаған ортаны қорғауға орасан зор көңіл бөлуді талап етеді. Тіпті, олардың алғашқы жаратылыс күйін сақтап қалу қажеттігі туындайды. Мұндай учаскелер экологиялық, генетикалық, санитарлық, гигиеналық, сауықтырушылық, мәдени-ағартушылық міндеттер атқаратын ерекше қорғалатын аумақтар болып табылады. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар дегеніміз – қоршаған ортаны қорғау, ғылыми, эстетикалық, мәдени, рекреациялық, сауықтырушылық маңызы бар табиғат объектілері орналасқан жер, су учаскелері. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар үшін оларды шаруашылық қызметте пайдаланудан ішінара немесе толықтай алуды көздейтін ерекше қорғау құқықтық режимі бекітіледі. Ерекше қорғау құқықтық режимі қорық режимі және заказник режимі деп бөлінеді. Қорық режимі ерекше қорғалатын табиғи аумақта қоршаған ортаның табиғи жай-күйін бұзатын кез келген шаруашылық қызметке тыйым салуды көздейді. Ал, заказник режимі ерекше қорғалатын табиғи аумақта шаруашылық қызметті белгілі бір маусымда немесе белгілі бір мерзімде ғана іске асыруды көздейді. Бірақ, атқарылатын шаруашылық қызмет ерекше қорғалатын табиғи аумақтың жай-күйіне қауіп төндірмейтіндей болуы керек.

Мемлекеттік табиғи-қорықтық қордың объектілерінің құрылу мақсатына қарай, қорғау режиміне және пайдалану ерекшеліктеріне байланысты ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың мынадай түрлері көзделген: мемлекеттік табиғи қорықтар, мемлекеттік ұлттық табиғи парктер, мемлекеттік табиғи резерваттар, мемлекеттік табиғи парктер, мемлекеттік табиғи заказниктер, мемлекеттік табиғат ескерткіштері, мемлекеттік қорық өңірлері, мемлекеттік зоологиялық парктер, мемлекеттік ботаникалық бақтар, мемлекеттік дендрологиялық парктер, мемлекеттік табиғи қорықтар-сепортерлер.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жергілікті және республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтар санаттарына бөлінеді.

Мемлекеттік табиғи қорықтар дегеніміз – шаруашылықта пайдаланудан мүлдем алынған, аумағында қорықтың табиғи жағдайына теріс ықпал ететін кез келген шаруашылық қызметке тиым салынған табиғи кешен. Мемлекеттік табиғи қорықтың аумағындағы ерекше қорғалатын табиғи кешендер мен объектілердің табиғат қорғау, ғылыми, экологиялық, ағартушылық маңызы зор. Мемлекеттік табиғи қорықтар - негізгі мақсаты - табиғи құбылыстардың өз бетінше даму барысын, жануарлар мен өсімдіктер дүниесінің генетикалық дамуын сақтап қалуды және зерттеуді іске асыратын табиғат қорғау, ғылыми-зерттеу, ағартушылық мекемесі болып табылады. Мемлекеттік табиғи қорықтарға табиғи кешендер мен объектілерді сақтап қалу мақсатында табиғатты қорғау, ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру, экологиялық мониторингті жүргізу және тағы басқа міндеттер жүктелуі мүмкін.

Қорықтармен салыстырғанда ұлттық парктер табиғат қорғау және ғылыми міндеттермен қоса, рекреациялық және ағартушылық міндеттер де атқарады. Ұлттық парктердің аумағында туризм мен халықтың демалуы үшін жағдайлар жасалып, табиғи құндылықтармен таныстыру ұйымдастырылады. Ұлттық парктер - аумағында экологиялық, тарихи, эстетикалық құндылығы бар және табиғат қорғау, ағартушылық, ғылыми және мәдени мақсаттарда қолданылуға арналған табиғи кешендер мен объектілер бар табиғат қорғау, экологиялық, ғылыми-зерттеу мекемесі болып табылады. Ұлттық парктердің негізгі міндеттері: бірегей табиғи кешендерді сақтап қалу, тарихи және мәдени объектілерді сақтап қалу, туризм мен халықтың демалысы үшін жағдай жасау, ғылыми зерттеулер жүргізу және қоршаған ортаны қорғаудың жаңа ғылыми әдістерін енгізу және тағы басқалар.

Табиғи парктер қоршаған ортаны сақтап қалу мақсатында және халықтың демалысын ұйымдастыру үшін құрылады. Табиғи парктер экологиялық және эстетикалық құндылығы бар табиғи кешендер мен объектілері бар, табиғат қорғау, ағартушылық, рекреациялық мақсаттарда қолданылатын табиғат қорғау мекемесі болып табылады. Табиғи парктерге төмендегідей міндеттер жүктеледі: табиғи ортаны сақтап қалу, халықтың демалуы үшін қажетті жағдайды сақтап қалу, табиғи парктердің аумағын рекреациялық мақсаттарда пайдаланумен қатар қоршаған ортаны қорғаудың тиімді әдіс-тәсілдерін енгізу.

Мемлекеттік табиғи заказниктер табиғи объектінің нақты түрін сақтап қалу үшін немесе басқа табиғи ресурстармен салыстырғанда шектеулі пайдалану арқылы өсімін молайту үшін тағайындалған.

Бірегей, ғылыми, экологиялық және тағы басқа маңызы бар, қайта өндірілмейтін жеке табиғи объект немесе табиғат кешені табиғат ескерткіші деп танылады.

Емдеу-сауықтыру орындарына сырқаттардың алдын алуды және емдеуді ұйымдастыру үшін жарамды, табиғи емдік ресурстары бар аумақтар жатады. Табиғи емдік ресурстары бар жерлер қажетті деңгейде игеріліп, емдік мақсаттарда қолданылатын болса және арнайы ғимараттар мен құрылғылары салынған жағдайда курорттар деп аталады.

Еліміздегі табиғи-қорықтық қордың жай-күйін бақылау мақсатында ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың мемлекеттік кадастры жүргізіледі. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың мемлекеттік кадастрында осы аумақтардың құзіреті, олардың географиялық орналасуы мен шекаралары, құқықтық қорғалу режимдері, экологиялық, ғылыми, эстетикалық, тарихи мәдени, ағартушылық құндылығы туралы мәліметтер болады.

Қазақстан Республикасының жер заңдарына сәйкес, мемлекеттік жер қорының құрамында ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жерлері санаты қарастырылған. Осы жерлерге, яғни, табиғи-қорықтық мақсаттағы жерлерге қорықтардың, заказниктердің, табиғат ескерткіштерінің, ботаникалық бақтардың және емдеу-сауықтыру орындарының жерлері жатады.

Қазақстан Республикасының Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы заңына сәйкес ерекше қорғалатын табиғи аумақтар ғылыми, мәдени-ағартушылық, оқу, туристік және рекреациялық, шектеулі шаруашылық мақсаттарда пайдаланылуы мүмкін.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда атқарылатын ғылыми зерттеулер мынадай бағыттарда жүргізіледі: Мемлекеттік табиғи-қорық қорының объектілерін түгендеу және зерделеу, оларды қорғау және қалпына келтіру жөніндегі ғылыми негізделген шаралар әзірлеу; табиғи процестердің табиғи ағымын және қорғау режимдерінің экологиялық жүйелерге әсерін зерделеу; мониторингтің экологиялық және тағы басқа түрлерін жүргізу; қорық ісінің, қоршаған ортаны қорғаудың және табиғатты ұтымды пайдаланудың ғылыми негіздерін әзірлеу; жабайы жануарлар мен жабайы өсімдіктердің сирек кездесетін және құрып кету

қауіп төнген түрлерінің көбеюін қалпына келтірудің ғылыми негіздерін әзірлеу.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мынадай мәдени-ағартушылық мақсаттарда пайдаланылады: тарихи-ғылыми білімдер мен қорық ісі, қоршаған ортаны қорғау мен табиғатты ұтымды пайдалану саласындағы жетістіктерді насихаттау; өлі табиғат, өсімдіктер мен жануарлар объектілерін, тарихи-мәдени мұра объектілерін көрсету; табиғат қорғау мекемелерінің қызметімен таныстыру.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мынадай оқу мақсаттарында пайдаланылады: оқушылар мен студенттердің оқу экскурсиялары мен сабақтарын, өндірістік практикаларын өткізу; қорық ісі, қоршаған ортаны қорғау және табиғатты ұтымды пайдалану саласындағы ғылыми кадрларды даярлау, мамандарды қайта даярлау және біліктілігін арттыру мақсаттарда.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туристерді табиғи және тарихи-мәдени көрікті орындармен таныстыру, халықтың белсенді демалысы үшін пайдаланылуы мүмкін. Туризмді ұйымдастыру үшін туристік соқпақтар, шолу алаңқайлары, көлік тұрақтары, кемпингтер, шатыр тігілген лагерьлер, мейманханалар, туристік базалар, қоғамдық тамақтандыру, сауда және басқа мәдени-тұрмыстық мақсаттағы объектілер орналасатын учаскелер бөлініп беріледі.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды шектеулі шаруашылық мақсаттарда пайдалану заказник режимі бар және шаруашылық қызметінің режимімен реттелетін арнайы бөлінген учаскелерде ғана атқарылады.

Пысықтауға арналған сұрақтар:

1. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың түсінігі.
2. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың түрлері.
3. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың санаттары.
4. Ерекше қорғау құқықтық режимдері.
5. Мемлекеттік табиғи қорықтар.
6. Ұлттық парктер.
7. Мемлекеттік табиғи заказниктер.
8. Табиғат ескерткіштері.
9. Ботаникалық бақтар.
10. Емдеу-сауықтыру орындары мен курорттар.

Қорытынды

Қазақстан Республикасы нарықтық экономикалық даму жолын таңдаған егеменді мемлекет. Нарықтық қатынастарға көшу бұрыннан қалыптасып келе жатқан құқықтық жүйені түбегейлі өзгертуді қажет етті. Нарықтық қатынастарды жаңаша құқықтық реттеудің қажеттігі туындады.

Табиғи ресурстарды және қоршаған ортаны пайдалану жөнінде туындайтын қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеудің тиімділігінің жеткіліксіздігі, қоршаған ортаға антропогендік ықпал етудің күшеюі, көп мөлшердегі, бірақ, жүйелендірілмеген нормативтік актілердің болуы Қазақстан Республикасындағы экологиялық жағдайды құқықтық реттеуді жетілдіруді талап етеді. Қазіргі уақытта қоғамның экономикалық тұтынушылығы және қоршаған ортаны қорғау талаптары арасындағы шиеленіс шегіне жетті деуге болады.

Экологиялық хал-ахуалдың нашарлауы Қазақстан Республикасы үшін де тән. Экологиялық жағдайдың күрт төмендеуі шөлейттенумен, топырақтың құнарсыздануымен, атмосфераның ластануымен, су көздерінің сарқылуымен, зиянды әрі улы өндірістік қалдықтардың нормадан тыс мөлшерімен сипатталады. Қазақстанның кейбір аймақтарындағы экологиялық жағдайдың деңгейі бұрынғы қалпына келместей күйге жеткен. Арал маңы, Семей ядролық сынақ полигонының жерлері, Каспий маңы сияқты аймақтардағы экологиялық хал-ахуалды қалпына келтіру мүмкіндігі бар ма деген заңды сұрақ туындайды.

Экологиялық пайдалануды мемлекеттік басқару және бақылау органдарының жүйесін талдау ұйымдастырушылық және құрылымдық реформалаудың қажеттілігін көрсетті. Құқық қорғау органдарының да экологиялық қатынастар саласында қоршаған ортаны қорғау жөніндегі өкілеттіктері тым шектеулі болуы қолбайлау болып отыр. Сондықтан да мемлекеттің бақылау жүргізу қызметінің тиімділігін арттыру мақсатында жергілікті басқару органдарының және құқық қорғау органдарының жүйесінде экологиялық бақылауды іске асыру функциясын атқаратын мамандандырылған арнайы бөлімдер ашқан жөн болар еді.

Экологиялық проблемалардың негізі, себебі және дамуы барлық жерлерде бірдей немесе ұқсас екендігі белгілі. Әсіресе, бұрынғы кеңестер одағының ыдырауы нәтижесінде пайда болған егеменді, тәуелсіз мемлекеттердегі экологиялық ахуалдың түп тамыры бір.

Экономикасы және экологиялық саясатының негізі бір болған ТМД мемлекеттеріндегі экологиялық жағдай да сәйкесінше күйді кешіп отыр. Демек, осы елдердің экологиялық заңнамалары мен экологиялық талаптары ТМД мемлекеттеріне ортақ экологиялық проблемалармен қатар дамуда. Көршілес мемлекеттер тек шекара жағынан емес, қоршаған ортаның жай-күйімен де, табиғи ресурсты пайдалану мәселесімен де өзара қызметтестікті қажет етеді. Мұндай қызметтестік ортақ экологиялық заңнаманың қабылдануымен, біріне-бірі үйлесімді болатын экологиялық саясаттың іске асырылуымен ғана атқарылады. Тәуелсіз мемлекеттер достастығы елдерінің арасында экологиялық қызметтестікті қолға алу осы қызметтестікке қатысатын мемлекеттің ішкі экологиялық жағдайын жақсартуға және қоршаған ортаның сапасын сақтап қалуға мүмкіндік беретіні сөзсіз.

Табиғат пен адамзат арасында қалыптасатын қоғамдық қатынастардың дамуы осы қатынастарды құқықтық реттеуді жетілдіруді қажет етеді. Қоғам мен адам баласы қоршаған ортаны сақтап қалуға мүдделі болуы тиіс. Сондықтан да табиғи ресурстарды пайдаланумен байланысты туындайтын қоғамдық қатынастар бірінші кезекте табиғатты, қоршаған ортаны қорғауды алдына мақсат етіп қоюы керек.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Байдельдинов Д.Л. Экологическое законодательство РК. Алматы. Жеті жарғы, 1995.
2. Бекишева С.Д. Экологическое право Республики Казахстан. Караганда. 2002.
3. Бринчук М.М. Экологическое право. Москва, Юрист. 1998.
4. Бринчук М.М. Экологическое право (Право окружающей среды). Москва. Юрист. 2002.
5. Ерофеев Б.В. Экологическое право России. Москва. Юрист. 1996.
6. Ерофеев Б.В. Экологическое право. Москва. Новый юрист. 1998.
7. Ерофеев Б.В. Экологическое право. Москва. Юриспруденция. 1999.
8. Ерофеев Б.В. Экологическое право. Москва. Новый юрист. 2000.
9. Ермакова В.Д., Сухарева А.Я. Экологическое право России. М., 1997.
10. Культелеев С.Т. Экологическое право Республики Казахстан. Алматы. 2003.
11. Культелеев С.Т. Практикум по экологическому праву Республики Казахстан. Алматы. Дәнеркер. 2001.
12. Косанов Ж.Д. Право собственности, право землепользования и иные права на землю. Алматы. 2002.
13. Колбасов О.С. Международно-правовая охрана окружающей среды. М., 1982.
14. Колбасов О.С. Возмещение гражданами экологического вреда // Журнал Государство и право. М., 1994. № 10.
15. Петров В.В. Экологическое право России. Москва. Бек. 1995.
16. Петров В.В. Экологическое право России. Москва. Бек. 1997.
17. Стамкулов А.С. Қазақстан Республикасының экологиялық құқығы. 2-том. Тараз. 2003.
18. Стамкулов А.С. Экологическое право Республики Казахстан на пороге ххi века.
19. Свиридов В.Н. Экология. Природопользование. Окружающая среда: проблемы, перспективы. М., 1993.
20. Хаджиев А.Х. Земельное право Республики Казахстан. Алматы. 2001.
21. Хаджиев А.Х. Вопросы гражданско-правовой ответственности за земельные правонарушения по новому земельному законодательству РК. Известия Министерства образования и наук РК, Академия Наук РК, серия «Общественные науки», №4. Алматы. 2001.

22.Хаджиев А.Х. Некоторые проблемы развития земельного законодательства\\ Вестник Министерства юстиции Республики Казахстан, 1996. №8.

Теңібаев Т. Т.

**Қазақстан Республикасының экология құқығы. Оқу құралы.
Толықтырылған – Алматы, ТОО «Іргетас», 2012. 97 б.**

Отпечатано ТОО «Іргетас»,
050013, г. Алматы, пр. Абая, 10
тел. +7 (727) 272-19-72

Подписано в печать 27.04.12. Формат 84x108/32. Бумага офсетная.
Гарнитура «Таймс». Объем 5 п.л. Заказ №107. Тираж 500

